



ҚИСИ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ ЖӘНЕ Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



4/2013

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Үлес НЫСАНБЕК

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Беттеу
А. Жұмағалиева

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.



ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Қазақстан стратегиялық
зерттеулер институты
ҒЫЛЫМИ ЗАЛ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Алмас Арзықұлов
«Қазақстан-2050» стратегиясы:
Қазақстанның дамуының жаңа кезеңі 5

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Болат Сұлтанов
ҚР Президенті – Елбасы Н. Назарбаевтың
жаһандық бастамалары 9

ІШКІ САЯСАТ

Бекен Махмұтов
Қазақстан Республикасындағы аз ұлт
тілдерін дамыту саясаты 15

Нұрғиса Көшеров
Елдегі діни кеңістіктің жай-күйі мен
алдын-ала болжамды шаралардың
кейбір өлшемдері 26


**Айжан Раушанова,
Әсел Абирова**
Жолдаудан туындайтын міндеттер 30

Жомарт Қаратас
Мемлекеттік жастар саясатының бүгіні
мен ертеңі 37

Айжан Қызылбаева
ҚР жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі
және шетелдік тәжірибе 43

ЭКОНОМИКА

Алмагүл Өтешова
Шағын кәсіпкерлікті (бизнесті)
дамытудың басым бағыттары мен даму
көрсеткіштері 50

**Қайыркен Әдиет**

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ұлттық компаниялардың қызметі 62

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Ғани Қарасаев

XIX ғасырдың екінші жартысы

– XX ғасырдың басындағы Алтай-таулы

округін қоныстандыру тарихынан 67

Құндызай Ерімбетова

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті

50 елдің қатарына кіру стратегиясына

тарихи шолу 78

Динара Мырзабекова

Қазіргі кезеңдегі геосаяси

концепцияларының даму барысы

және «сыншыл геосаясат» 95

Түйіндеме 111

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Болат СҰЛТАНОВ – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
- Үлес НЫСАНБЕК – жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Нұржамал АЛДАБЕК – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Рахман АЛШАНОВ – «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
- Мәулен ӘШІМБАЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
- Камал БҰРХАНОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
- Қуанышбек ҚАРАЖАН – әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
- Бағлан МАЙЛЫБАЕВ – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
- Ләйлә МҰЗАПАРОВА – ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Марат ТӘЖИН – ҚР Мемлекеттік хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
- Зарема ШӘУКЕНОВА – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Булат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
- Улес НЫСАНБЕК – ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Нуржамал АЛДАБЕК – заместитель председателя Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Куанышбек КАРАЖАН – профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук
- Баглан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ТАЖИН – Государственный секретарь РК, доктор социологических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

«Қазақстан-2050» стратегиясы: Қазақстанның дамуының жаңа кезеңі

Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың бөлім меңгерушісі

Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауы қазақстандықтар жыл сайын ерекше ықыласпен күтетін саяси өміріміздің елеулі көрінісіне айналды. Осы тұрғыдан қарағанда, биылғы жылғы Жолдаудың жылдағыларға қарағанда ерекшелігі бар. Себебі Жолдау әрдайым мемлекеттің ішкі, сыртқы ахуалына сараптама жасап, бағыт-бағдарын айқындайды, әлемде болып жатқан құбылыстарға баға береді. Тәуелсіздік күнінің алдында жиын жасап, жаңа Жолдауын жариялаған Елбасы экономикалық тұрғыда аяққа тұрған еліміздің саяси жаңаруы, яғни жаңа саяси бағытын айқындады.

Қазіргі таңда әлемде экономикалық және саяси тұрғыда тұрақты мемлекет құрудың бірден-бір мүмкіндігі заманауи қоғамның талаптары мен сұраныстарына сәйкес келетіндей мемлекеттің барлық салаларын біртіндеп жаңарту болып саналады. Бұл жаңарту үрдісіндегі маңызды рөлдердің бірі саяси жүйені жаңарту болып саналады, өйткені бұл мемлекетті демократияландыру, қоғам мен билік арасындағы өзара байланыстың жаңа үлгісін қалыптастыруды қажет ететін ұзақ та күрделі үрдіс.

Жолдауда Елбасы: «Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз» деп атап көрсетті. Осы ретте тарих өлшемімен салыстырғанда қас-қағымдай уақыт – тәуелсіздіктің жиырма бір жылында еліміз қол жеткізген, Жолдауда атап айтылған табыстарға қысқаша тоқтала кеткен жөн: «Біз шекарамызды заңдық

тұрғыдан ресімдедік. Елдің жаңа елордасы – Астананы салдық. Біз «Алдымен экономика – содан соң саясат» деген айқын формуламен ілгерілеп келеміз. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды.

Біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін жасадық. Біз елімізге 160 млрд доллардан астам шетел инвестициясын тарттық. Стратегия – 2030 қабылданғаннан бері 15 жыл ішінде мемлекетіміз әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бестігіне енді. Нәтижесінде, 2012 жылдың қорытындысы бойынша ІЖӨ-нің көлемі жағынан біз әлемнің 50 ірі экономикасының қатарына кіреміз. 15 жыл ішінде қазақстандықтардың табысы 16 есе өсті. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен азаматтардың саны 7 есе азайды, жұмыссыздар саны екі есе қысқарды».

Әлемдік саясатта біздің еліміз – талассыз халықаралық беделге ие жауапты да сенімді серіктес. Соңғы 2-3 жылда Қазақстан Республикасы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына, Ислам ынтымақтастығы ұйымына және ұжымдық қауіпсіздік ұйымына төрағалық етті. Астана экономикалық форумында біз диалогтың жаңа форматын – G-global-ды ұсындық.

Әлемде алғашқы болып Семей ядролық полигонын жауып және атом қаруынан бас тарта отырып, біз қауіпсіздігімізге берік халықаралық кепілдік алдық. Біз Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құруда негізгі рөл атқардық және жер шарының басқа да аймақтарында, әсіресе, Таяу Шығыста осындай аймақтар құруға белсенді қолдау көрсетеміз. Қазір біз ядролық қатерді таратпау жөнінде одан әрі табанды шешімдер қабылдау қажеттілігі туралы батыл айтамыз. Осындай жауапты саясатының арқасында Қазақстан ядролық қаруды таратпау режимінің көшбасшысы, басқа мемлекеттер үшін үлгі болып танылды».

Қазақстанның өткен жиырма жылда қол жеткізген жетістіктерін қарастыра келіп, мемлекет басшысы Жолдауда осыдан дәл 15 жыл бұрын қабылданған Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының мерзімінен бұрын орындалғандығын атап өтті.

Осы жылдар аралығында республикада «үдемелі индустрияландыру бағдарламасы аясында 2010 жылдан бастап жалпы құны 1 797 млрд теңге болатын 397 инвестициялық жоба іске

асырылды, 44 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Орташа айлық жалақы 9,3 есе өсті. Зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері 10 есе ұлғайды. Халықтың нақтылы ақшалай кірістері 16 есе өсті.

Егер 1999 жылы денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 46 млрд теңгені құраса, 2011 жылы 631 млрд теңге болды. Дәрі-дәрмекпен тегін және жеңілдікті қамтамасыз ету енгізілді. Соңғы 15 жылда халықтың саны 14 млн-нан 17 млн адамға дейін өсті. Өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа дейін ұлғайды.

«Балапан» бағдарламасын іске асыру балаларды мектепке дейінгі білім берумен 65,4%-ға дейін қамтуға мүмкіндік берді. Міндетті мектепалды даярлық енгізілді, ол мектеп жасына дейінгі балалардың 94,7%-ын қамтыды. 1997 жылдан бері республика бойынша 942 мектеп, сонымен қатар, 758 аурухана және өзге де денсаулық сақтау нысандары салынды. Соңғы 12 жылда жоғары білім алуға берілетін гранттар саны 182%-ға ұлғайды.

1993 жылы біз «Болашақ» атты бірегей бағдарлама қабылдадық, соның арқасында 8 мың талантты жас әлемнің таңдаулы университеттерінде озық білім алды. Астанада халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін заманауи ғылыми-зерттеу университеті құрылды. Электронды үкімет азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын едәуір жеңілдетті. Біз мемлекеттік басқаруда өзіндік тұрғыда төңкеріс жасауға қол жеткіздік, оны халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыруға қайта бағдарладық».

Осылайша 2030 стратегиясында белгіленген негізгі міндеттер орындалды, қалғандары орындалу үстінде. Сондықтан Елбасы Жолдауында негізделген еліміз дамуының жаңа стратегиясы «Қазақстан – 2030-дың» үйлесімді жалғасы болып табылады. «Қазақстан-2050» стратегиясы – бұл тым құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт. Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс.

Осыған қатысты Президент бұл биікті бағындыру жолындағы бірінші дәрежедегі маңызды мақсат-міндеттерді айқындады:

- Мемлекеттілікті одан әрі дамыту және нығайту.
- Экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшу.
- Ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету.
- Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру.
- Білім беру мен денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру.

- Мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, тиімділігі мен функционалдығын арттыру.

- Халықаралық және қорғаныс саясатының жаңа сын-көзқарастарына парапар саясат құру.

Осынау мақсат-міндеттерді іс жүзіне асыру қай салада болсын қарбалас жұмыстарды талап ететіні даусыз. Сондықтан Қазақстан дамуының жаңа стратегиясы саналы да сапалы ұлт қалыптастырудың бірден-бір негізі – жоғары мектептің алдына қоятын міндет аса жауапты: «Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді». Мемлекеттің тұрақты және қарсықнды дамуының кепілі – білімді және білікті мамандар сапалы білім алған жастар болатыны да даусыз мәселе, осыған қатысты қалыптасқан Қазақ мемлекетінің жаңа саяси бағытын айқындаған «Қазақстан – 2050» стратегиясында Елбасы жастарға қарата: «Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер.

Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда.

Сендер тәуелсіз Қазақ елінің перзенттерісіңдер.

Тәуелсіз елде туып, тәуелсіз елде тәрбие алдыңдар.

Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын күдіретті күш», – деп, Қазақстанның дамуы жастардың қолында екенін, ал дамыған, гүлденген Қазақстан да сол жастар үшін жасалынып жатқандығын атап өтті.

ҚР Президенті – Елбасы Н. Назарбаевтың жаһандық бастамалары

Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың директоры,
тарих ғылымдарының докторы

Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың жаһандық бастамаларының арқасында Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың сенімді мүшесі ретіндегі халықаралық беделі айтарлықтай артты. Халықаралық деңгейде Қазақстан қарусыздану және жаппай қырып жою қаруын таратпау үдерісінің көшбасшысы, аймақтық және аймақаралық интеграциялық үдерістер бастамашысы, мәдениет, дін және өркениеттер арасындағы пікіралмасудың модераторы ретінде танымал болды. Қазіргі таңда Н. Назарбаевтың ұсынған бастамалары әлемдік деңгейде мойындалып, жетістікті әрекет етіп келеді. Солардың бірнешеуінің жұмысына тоқталып өтуді жөн санадық.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес

Қазақстан Республикасы Президентінің алғашқы жаһандық бастамаларының бірі – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) ұйымдастыру болды. Қазақстан басшысы өзінің бұл бастамасын 1992 жылдың 5 қазанында Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында жария еткен болатын. АӨСШК ұйымын құру қажеттілігін Н. Назарбаев ғасырлар бойы жинақталған азиялық тәжірибені қайтара пайымдау, құрлықтық ынтымақтастық пен ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасын өзара үйлестіру, және де

заманауи жаңа қатерлерге қатысты бейімделудің жолдарын бірлесе отырып іздестіру мәселесінен туындап отырғандығын түсіндіріп өтті. Сонымен бірге сол жылдардың өзінде-ақ Елбасы құрылып отырған ұйым өз жұмысында тек Азия құрлығымен ғана шектеліп қалмайтындығын пайымдап, оның Еуразия кеңістігіндегі өзара ықпалдастықтың тиімді тетігі ретінде қарастыра келе, келешекте стратегиялық жағынан ұжымдық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың әлемдік жүйесіне айналуы мүмкіндігін қарастырған [1].

Негізгі мақсаты мен қызметінің бағыты: Азиядағы бейбітшілікті, тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көпжақты ұстанымдарды қалыптастырып, ынтымақтастықты нығайту.

Мүше-мемлекеттері: Әзербайжан, Ауғанстан, Бахрейн, Вьетнам, Египет, Израиль, Үндістан, Иордания, Ирак, Иран, Қазақстан, Камбоджа, Қытай, Қырғызстан, Монғолия, Пәкістан, Палестина, Корея Республикасы, Ресей, Тәжікстан, Таиланд, Түркия, Біріккен Араб Әмираттары және Өзбекстан.

Бақылаушылар: Бангладеш, Индонезия, Катар, Малайзия, АҚШ, Украина, Филиппины, Жапония, БҰҰ, ЕҚЫҰ, АЕЛ.

Әрекеттегі төрғасы: Түрік Республикасы (2010-2014 жж. маусымы).

1992 жылдан бастап АӨСШК ұйымының қалыптасуы мәселесіне қатысты үрдіс жұмысы жүрді. 1993-1998 жылдар аралығында азия елдерінің СІМ сарапшыларының отырыстары барысында АӨСШК негізгі құжаттары – Ұйымдық шаралар ережесі, АӨСШК мүше-мемлекеттерінің өзара қарым-қатынасы принциптерінің декларациясы, Ұйымның құрылымы мен институттары секілді құжаттардың жобалары талқыланды.

АӨСШК Сыртқы істер министрлерінің 1999 жылдың 14 қыркүйегінде өткен Бірінші конференциясында Ұйымға мүше-мемлекеттердің өзара байланыстарын реттестіретін Декларацияға қол қойылды. Ал, 2002 жылға АӨСШК бірінші саммиті аясында оның негізгі құжаты – Алматы актісіне қол қойылып, Ланкестікті жою және өркениеттер арасындағы байланысқа септесу туралы декларация қабылданды.

Бұдан укейінгі жылдарда АӨСШК ұйымының маңызды дипломатиялық құжаттары қабылданды. Олар: Сенім шаралары каталогы (2004 ж.), Рәсімдер ережесі (2004 ж.), Принциптер декларациясы (2006 ж.), Ұйым хатшылығының, оның қызметкерлері мен АӨСШК мүше-мемлекеттер өкілдерінің өкілеттіктері мен

иммунитеттері туралы конвенция (2010 ж.) ұйымның барлық бағыттары бойынша нақты өзараәрекеттестікті жүргізуге қажетті құқықтық негіз қалыптастырды. 2007 жылдың желтоқсанында АӨСШК БҰҰ Бас ассамблеясы жанындағы бақылаушы статусын алды.

Ұйымның 2006 жылы құрылған тұрақты әрекеттегі құрылымы – АӨСШК хатшылығы ұйымға жаңадан мемлекеттер тартуға қатысты шараларды өз мойнына алды. 2010 жылдың 8 маусымында Ыстамбұл қаласында АӨСШК мүше-елдерінің мемлекет және үкімет басшыларының 3-ші Саммитті өтті.

Алғашқы рет саммит Қазақстаннан тыс аймақта өтті. Жоғарғы деңгейдегі осы кездесу барысында Кеңес тарихындағы алғашқы рет төрағалықты Қазақстаннан Түрік Республикасына беру рәсімі жүрді. Ал 2014 жылдың маусымынан 2016 жылға дейін АӨСШК төрағалық ету Қытай Халық Республикасына өтеді.

Жалпы АӨСШК құру мен дамыту тарихы Президент Н. Назарбаевтың атымен тығыз байланысты, Елбасы ұйымның барлық форумдарына белсенді қатысып келеді. АӨСШК Бірінші саммитін (Алматы, 2002 жылдың 4 маусымы) аша отырып, Қазақ елінің басшысы 21 ғасырда Азия құрлығы тұрғындарының қауіпсіз өмір сүруіне қажетті механизмдерді құрмайынша, оның экономикалық гүлденуі мәселесін айту мүмкін еместігін атап өткен болатын. Соныдықтан да Елбасы өзара әрекеттестік пен сенім шаралары саяси, әскери, экологиялық және гуманитарлық қауіпсіздіктің критерийлерін нақтылайтын өзгерістердің бірқатар аспектілерін қамтуы қажеттілігіне баса назар аударған болатын. Азия құрлығында қарулы қақтығыстың орын алуы, шиеленістіктің шоғырлануынна жол бермеу, тартысты мәселелерді шешудің бейбіт жолын іздестіру мен Азиядағы тұрақтылық, қауіпсіздікті және сенімді қамтамасыз ету мақсатында Президент Н.Ә.Назарбаев АӨСШК қатысушыларын бір-бірімен қарым-қатынас барысында ұстамшылдық пен жауапкершілікті негізге алуға шақырды [2].

АӨСШК Екінші саммиті барысында (Алматы, 17 маусым 2006 ж.) Президент Н.Назарбаев Азиялық ұйым заманауи қатерлерге қарсы жаһандық жүйенің құрамдас бөлігіне айналуы қажеттілігі туралы ойын жалғастырды. Сонымен қатар Қазақстан басшысы Азия құрлығының табиғи ресурстарға бай болуы және ауқымды адами капиталға ие болғандығына қарамастан бұл аймақтағы мемлекет пен қоғамның өтпелі кезең түрінің сақталуы мен түрлі көне және жаңа қақтығыстардың орын алып отыруына назар салуға шақырды.

Сондықтан да аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, және де заманауи қауіп-қатерлерге тиімді қарсы тұру тек қана Азияның барлық мемлекеттерінің кең ауқымды ынтымақтастығы мен өзараәрекеттестігі жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл жағдайда, Елбасының пікірінше, «АӨСШК алаңы» тең дәрежелі диалогқа қажетті ашық және қолайлы орын ретінде барыша өзекті және талап етілетін алаң рөлін ойнайды [3].

Қазақстан Президенті сол кездің өзінде-ақ әлемдік қауымдастықтың дамуындағы аймақтық және жаһандық форматтарды қарастыра отырып, саяси және экономикалық жағынан бәсекеге қабілетті аймақтық құрылымдар өзіне мүше-мемлекеттердің егемендігін шектемейтіндігін, керісінше, олардың жаһандық деңгейдегі беделін арттыра тусетіндігін айтқан болатын [3].

Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің бұл пікірін АӨСШК Сыртқы істер министрлерінің отырысында (Алматы, 25 тамыз 2008 ж.) әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында қайталаған болатын. Барлық елдер, – деп атап өтті Елбасы, өз кезегінде экономикалық дүрбелеңнің салдарларын азайтуға қатысты шаралар қабылдап отыр. Сондықтан да барлық елдер бұндай қиын жағдайларда аймақтағы көрші елдермен бірлесу қажеттілігін айқын сезінеді [4].

АӨСШК үшінші саммитінде (Стамбул, 8 маусым 2010 ж.) Президент Н.Ә. Назарбаев аймақтық ынтымақтастықтың өзектілігін тағы атап өтті, оның пікірінше «экономикалық байланыстардың тұрақтылығына деген ортақ мүдде аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызды факторы болып табылады» [5].

Осылайша, АӨСШК өткен жиырма жыл аралығында азиялық 24 мемлекетті біріктірді, бұл мемлекеттердің жер көлемі Азия құрлығы территориясының 90%, халық саны бүкіл әлем халқының жартысына тең келеді. Аталынған мерзім аралығында Ұйым Азия құрлығындағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық бойынша айрықша алаң ретінде әлемдік саясаттың беделді институттарының біріне айналды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі

Қазақстандық мемлекеттің өз тәуелсіздігін алған кезеңнен кейінгі қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде өркениеттер мен діндер арасындағы өзара байланысты дамыту мен тереңдету болды.

2003 жылы Президент Н. Назарбаевтың бастамасы негізінде Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші

съезі өтіп, оған ислам, христиандық, иудаизм, индуизм, буддизм, синтоизм, зороастризм секілді діндердің беделді өкілдері қатычсты.

Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің баяндамасында келесі құбылысқа назар аударды – әлемдік құрылыстағы түбегейлі өзгерістер барысында, адамдардың жаңа технологиялық үрдіске бейімделуі қиындығы, жаһандық нарықтың қатаң талаптары жағдайында адамзаттың жауап іздеп діни шындыққа қайта оралуы орын алуда. Елбасының пікірінше, осыған байланысты мәдени-өркениеттік және діни әртүрлілікке саяси идеологиялық рең беру шектеу қою қажет [6].

Бұл жағдайда Н. Назарбаевтың әлемде өркениеттер арасында қақтығыстар орын алып отырған жоқ, тек діни-өркениеттік жүйелердің жаңа әлемге, жаңа технологиялар мен жаңа қоғамдық қатынастарға бейімделуінің күрделі жағдайда жүруі туралы ой-пікірі өте қызығушылық тудырды [7].

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші съезіне қатысушылар арнайы Декларация қабылдады, ол бойынша халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісімді сақтаудағы дінаралық диалогтың маңызды құрал ретіндегі мүмкіндігі жоғары бағаланды. Сонымен қатар жиынға қатысушылар бірауыздан терроризмнің идеологиялық негізі дін деген тезиске және де діни көптүрлілікті өзара тартыс пен жеккөрушіліктің құралына айналдыруға мүлдем қарсы екендіктерін мәлімдеді.

Бұдан кейінгі кезеңдерде өткен әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерінің (Астана: 2006, 2009, 2012 жж.) жұмысы барлық дәстүрлі діндерде бағаланатын ойдандық құндылықтарды дәріптеуге, түрлі діни ағымдар арасындағы өзара татулықты нығайтуға, діни негізде орын алған қақтығыстардың себеп-салдарларын айқындау мәселелеріне арналды.

Дүниежүзінің 40 елінен 85 делегация өкілдері қатысқан әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезінде (Астана, 30 мая 2012 г.), сөйлеген сөзінде Елбасы форум әлемдік құрылымның жаңару жағдайындағы өтпелі кезеңде өтіп отырғандығын атап өтті. Сондықтан да Қазақстан Президенті әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезін 21 ғасырда әділ қоғам құруға қажетті толеранттылық пен сенімділіктің алаңын жасауға шақырды [7].

Осылайша, ҚР Тұңғыш Президенті- Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған саяси-экономикалық және мәдени-өркениеттік әрекетестік бағытындағы бастамалары қазіргі таңда өзінің қолдаушыларын тауып, тиімді түрде жүзеге асырылуда.

Аталынған бастамалар негізінде құрылған халықаралық деңгейдегі ұйымдар өзінің өміршеңдігі және жалпыға тең тиімділігі арқасында әлемдік ортада айтарлықтай беделге ие болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.А. Выступление на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Нью-Йорк, 5 октября 1992 г. / Президент Н.А. Назарбаев и современный Казахстан. Сборник документов и материалов в трех томах. – Т. 3. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана. – Алматы, КИСИ, 2010. – С. 22.
2. Назарбаев Н.А. Выступление на Первом саммите СВМДА. Алматы, 4 июня 2002 г. / Президент Н.А. Назарбаев и современный Казахстан. Сборник документов и материалов в трех томах. – Т. 3. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана. – Алматы, КИСИ, 2010. – С. 98.
3. Назарбаев Н.А. Выступление на Втором саммите СВМДА. Алматы, 17 июня 2006 г. / Президент Н.А. Назарбаев и современный Казахстан. Сборник документов и материалов в трех томах. – Т. 3. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана. – Алматы, КИСИ, 2010. – С. 106.
4. Назарбаев Н.А. Выступление на III-м Совещании министров иностранных дел (СМИД) СВМДА. Алматы, 25 августа 2008 г. / Президент Н.А. Назарбаев и современный Казахстан. Сборник документов и материалов в трех томах. – Т. 3. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана. – Алматы, КИСИ, 2010. – С. 114.
5. Назарбаев Н.А. Выступление на III-м Саммите Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии / Внешнеполитическая деятельность Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в 2010 году. – Алматы, КИСИ, 2011. – С. 345.
6. Назарбаев Н.А. Выступление на юбилейной сессии Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии. Астана, 12 сентября 2012 г. / www.akorda.kz/ru/page
7. Назарбаев Н.А. Выступление на Первом съезде лидеров мировых и традиционных религий / Президент Н.А. Назарбаев и современный Казахстан. Сборник документов и материалов в трех томах. – Т. 3. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана. – Алматы, КИСИ, 2010. – С. 169.
8. Назарбаев Н.А. Выступление на открытии IV съезда лидеров мировых и традиционных религий. Астана, 30 мая 2012 г. / www.akorda.kz/ru/page/

Қазақстан Республикасындағы аз ұлт тілдерін дамыту саясаты

Бекен МАХМУТОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы,
Философия докторы (PhD)

Көпұлтты мемлекеттерде этностардың қалыпты өмір сүруі, тұрақты және бейбіт қарым-қатынас жасауы, әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, ең алдымен, тіл саясатына байланысты. Полиэтникалық Қазақстанның да егеменді мемлекет ретіндегі тұрақтылығы демократиялық жаңа принциптер негізінде жүргізілетін тіл саясатымен шарттас. Мемлекеттік тіл саясаты республикадағы аз ұлттардың өз ана тілінде сөйлеу және олардың қазақ тілін ерікті түрде үйрену принциптерін ұстанады.

Қазақстан полиэтникалы мемлекет. Әр тіл өзінше қымбат. Әр этнос тілі өзіне қызмет етеді, сонысымен құнды. Бірақ әр тілдің әлеуметтік коммуникативтік жүйеде алатын орны өзгеше. Көп этносты қоғамда қатынас құралы ретінде олар тең құқықты болғанымен шын мәнінде тең бола алмайды. Осы уақытқа дейін өткендегі тоталитарлы идеологияның екпінімен «Қазақстанда 130-дан аса ұлттың өкілдері тату-тәтті жағдайда өмір сүруде» деп мақтанышпен айтып келеміз. Бұл бір жағынан әсірелеу. Бүгінгі күні олардың бәрінің көңілінен шығып, тілдерін, мәдениетін жетілдіру міндеті алу шындыққа сай келмейді. 200-300 шамасында ғана өкілдері бар ұлттардың барлығының тілін сақтап, жетілдіру қиын да, мүмкін емес. Мәселе ондаған ауқымды аз ұлттар тілдерін сақтап, жетілдіруде болып отыр.

Ал, дәл бүгін барлық қазақстандықтардың қазақ тілін түгел біліл алуын талап ету – утопия. Мұндай революциялық тәсіл ширығушылықтан өзге ештеңе бермейді. Мысалы, 70 жыл ішінде

қаншалықты белсенді түрде таңылса да орыс тілін барлық қазақ үйреніп алған жоқ қой.

Б.Хасанұлы Қазақстандағы ұлт тілдерін сөйлеушісінің саны мен атқарып келе жатқан қоғамдық қызметінің көлеміне қарай шартты түрде үш топқа бөледі: қоғамдық қызметінің ауқымы кең тілдер; қоғамдық қызметінің ауқымы тар тілдер; қоғамдық қызметі нашар дамыған тілдер [1].

Алғашқы топқа қазақ, орыс тілдері жатады, екінші топқа өзге тілдердің ішінде қоғамдық қызметі көлемдіректері – ұйғыр, дүнген, корей, өзбек, тәжік украин т.б. тілдер жатады; үшінші топқа жататындар сөйлеушісі санаулы болып келетін, жазуы жоқ, жанұя ішіндегі қолданыстағы тілдер. Мысалы, рутул, цахур, долган, манси, эвен, карайм, удин сияқты тілдер. Жалпы алғанда, Қазақстанда орыстан өзге халықтардың 84%-і өз тілін ана тілім деп есептейді.

Тілдер дамуының нақтылы болашақтары әртүрлі: біріншіден ол сол тілде сөйлейтіндердің санына, екіншіден сол халықтың даму ерекшеліктеріне, үшіншіден, әсіресе, ол сол мемлекеттің тілдік саясатына байланысты. Мысалы, грузин, армян тілдері ежелден-ақ мемлекеттік-саяси, партия өндірістік материалдық салаға, ғылымға, ағарту ісіне, мәдениетке толық енген. Әлем халықтарының 93%-і әлемде көп таралған 26 тілде сөйлейді, осының өзі әлемдегі тілдердің бірігіп кетуі қиын екенін дәлелдейді. Әлемде барлық тілдің 300-нің жазба тілі болса, қалған 2700-нің жазуы жоқ [2]. Жоғарыдағы келтірілген үш фактордың үшеуі де Қазақстандағы тілдік ахуалға тікелей қатысты.

1999 жылғы қаңтардың 21-і күні өткен Қазақстан Халықтары Ассамблеясының 5-ші сессиясында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев «қазақ тілін Қазақстандағы ұлттық топтардың барлығы да үйренетін болуға тиіс. Бірақ бұның өзі сол тілді күштеп үйрету саясатынан аулақ болған жағдайда ғана мүмкін болмақ» [3] – деді. Олай болса бұл біртіндеп жүзеге асатын процесс. Бастапқыда мемлекеттік тілді білуді, біздіңше, жекелеген лауазымды қызметке келетін, яғни, мемлекеттік тілді білуі шарт болып табылатын азаматтардан талап еткен орынды. Олар мысалы көпұлтты аудан, облыс әкімдері, барлық депутаттар, министрлер т.б. лауазым иелері.

Демократиялық бағыттағы саясат ұстанған ел әр этностың ана тілінің дамуына нақтылы жағдай туғызады. Ал, керітартпа саясатқа бой ұрған елде бірлі-екілі тілдің дамуына ғана мүмкіншілік туғызылып, қалғандары іс жүзінде тежеліп, шағын этностардың ана тілінің жойылуына әкеп соғады. Оларды бірыңғай мемлекеттік, әкімшілік тіліне көшіруге тырысады.

Қазақстанда Тілдерді дамыту жөніндегі департамент тарапынан Ақпарат және Қоғамдық келісім министрлігінің қолдауымен ұлттық-мәдени орталықтарға кешкі мектептер ашуға қаржылай көмектер көрсетілуде және әр түрлі этнос өкілдерінші балаларына арналып тілдік лагерлер ашылуда. Қазір Республикада барлық 8246 мектеп болса, олардың 3383-і қазақ, 2413-і орыс, 77-1 өзбек, 15-1 түрік, 3-і ұйғыр, 3-і тәжік, 1-і украин тілдерінде оқытады екен. 301 мектепте 14 ұлт тілін (әзербайжан, грек, дүнген, корей, күрд, неміс, поляк, тәжік, татар, украин, шешен және т.б.) ана тілі ретінде оқытатын топтар жұмыс істейді. Ұлт тілдерінің оқытушылары мен тәрбиешілерін даярлау мәселесімен Абай атындағы ҚазҰПУ және бірқатар облыстық жоғары оқу орындары, сондай-ақ, Жаркент (ұйғыр тілі), Саранск (неміс тілі), Түркістан (өзбек тілі) педагогикалық колледждері айналысады. Республика бойынша 43 тілде газет-журналдар жарық көріп, 11 тілде теледидар, 6 тілде радио хабарлары таратылады. Цифрмен өрнектегендегі тілдерді оқыту мен насихаттаудың қысқаша жағдайы осындай. Қазіргі кезде республикада мектепке дейінгі 2558 мекеме бар, оның 395-інде ғана тәрбие және оқу қазақ, тілінде жүргізіледі, орыс тілінде – 728, ұйғыр тілінде-5, өзбек тілінде-3, корей тілінде – 5, неміс тілінде-7, татар тілінде-2 мекеме жұмыс істейді. Мектепке дейінгі 435 аралас мекемеде тәрбие жұмысы қазақ, орыс, неміс және корей тілдерінде өткізіледі.

1999 жылы өткен халық санағы қазақ ұлтының өз ана тіліне деген сүйіспеншілігі өскенін, сол сияқты, ұйғыр, өзбек, түрік ұлты өкілдері арасында, әсіресе ауылдық жерлерде қазақ тілінде сөйлеуге бейімделу кеңінен тарай бастағанын байқатады. Бір миллионнан астам түркі тілдес халықтардың басым бөлігі, ал орыс халқының 5%-і қазақ тілін біледі екен. Жалпы отандастарымыздың 63-65%-і қазақ тілін білетіндер қатарына жатқызылады. Қазақстанда қазақ тілін көп ұлт өкілдері меңгерген. Түркі тілділерді былай қойғанда, немістер, гректер, поляктар, дүнгендер, т.б. тіпті орыс халқының өкілдері де.

Ұлт өмірінің алуан түрлі салаларын көрсету үшін 11 ұлттық газет, 12 тілде хабар тарататын 44 телестудия, 6 тілде хабар беретін радиостудия жұмыс істейді [4]. Белгілі бір этностың жинақы тұратын аймақтарында олардың өз тілдерінде хабар беріледі.

«Ұлттық-қазақ қостілділік түрлері пайда болып келеді. Олар: күрд-қазақ, ұйғыр-қазақ, корей-қазақ, неміс-қазақ, өзбек-қазақ, қырғыз-қазақ, тәжік-қазақ, чечен-қазақ, қарашай-қазақ, түрік-қазақ, әзербайжан-қазақ» қостілділігі және т.б. Жалпы алғанда,

республикадағы қазақтан басқа халықтың 1% (яғни 129405 адам) ұлттық-қазақ көпшілігінің жақсы меңгерген. Қазақстанда үштілдіктің де небір түрлері бар. Көбінесе олар қазақ, орыс тілі мен басқа бір тілдің бірлігінен құралады. Мәселен, үштілді халықтар қатарында ұйғыр (ұйғыр-қазақ-орыс), дүнген (дүнген-орыс-ұйғыр), Өзбек (өзбек-тәжік-орыс) немесе (өзбек-тәжік-қазақ), корей (корей-орыс-қазақ) неміс (неміс-орыс-қазақ)» сөйтіп, Қазақстанда тұратын аз ұлт өкілдерінің екі және үш тіл білуі, яғни өз тілін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілін білуі артып келеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы қаңтардағы жарлығымен бекітілген «22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні» Республика көлемінде атап өтіліп келеді. Осы күндерде ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің ұйымдастыруымен Қазақстан халықтары тілдерінің фестивалі өткізіледі.

Фестивалді өткізу үшін бұл іске мемлекеттік органдар және халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, Қазақстан халықтарының ассамблеясы, ұлттық мәдени орталықтар және басқа да қоғамдық ұйымдар қамтылған. «Тіл-халықтың жаны» атты музыкалық поэзия кеші Астанадағы К. Байсейітова атындағы опера және балет театрында басталып, дәстүрге айналуда. Бұл кешке түрлі ұлттардың ана тіліндегі өлең жырлары арқау етілген.

Қазақстандағы этномәдени салада, В.Д. Курганскаяның айтуынша, біріне-бірі қарама-карсы екі модельдің күресі тілдік саясат объектісі болып табылады. Екі модельдің бірі – этнократиялық мемлекет құруға бағытталса, ал екіншісі – бір ұлттық мәдениеттің басымдылығының моделі. Оның пікірінше қазіргі кезде Қазақстандағы тіл саясатының негізгі бағыттарының бірі-социолінгвистикалық процестерді үзілді-кесілді талап ету негізінде басқару. Соған қарамастан социолінгвистикалық сфераны реформалау ісіне демократиялық бағыт беруге толық мүмкіндік бар, дей келіп, -зандық тұжырымдардың тиым салу және рұқсат ету түрлерін ұсыну жолдарымен ауыстыруды құптайды. Біздіңше, бүгінгі күні Қазақстандағы тіл саясатына қатысы бар бірде-бір заңдық тұжырымдарда тиым салу немесе рұқсат ету түрлері кездеспейді. Осы ретте аз ұлт мүдделерін еске ала отырып, мемлекеттік тіл саясатын мына бағыттарда жетілдіру ұсынылады: заңдық тұжырымдардың тиым салу, рұқсат ету жолдарын жасау; Қазақстандағы тіл саласындағы оқу жүйесін, оның сапасын жетілдіру стратегиясының

мерзімдерін қайта қарау; Аз ұлт өкілдерінің тілдік құқықтарының кепілдігін сақтайтын тиісті заңдар мен құжаттар қабылдау.

Тіл саясатының демократиялылығын еске алатын болсақ, Қазақстандағы барлық ұлыс өкілдерін мемлекет құруға қатысушылар деп тану қажет. Олай болса халықтарды «негізгі» (титулды) және «негізгі емес» (титульды емес) деп бөлуге болмайды. Сол сияқты моноұлттық идеологиялық стереотипке және бір ұлт тілінің үстемдігіне жол беруге болмайды. Міне, осы пікірлерге байланысты алуан түрлі пікірталастар өріс алып жүр. Біреулері орыс тілінің ресми статусына қарсы, екіншілері («ЛАД») іс қағаздарын түгелдей мемлекеттік тілге көшіруге қарсы пікірлер айтқан. Үшінші біреулер жасы ұлғайған орыс тілді адамдардың қазақ тілін тез игеріп кете алмайтынын тілге тиек етеді.

Мемлекеттік қазақ тілін қазақ еместердің игеру жайына келетін болсақ, соңғы халық санағының мәліметі бойынша Қазақстандағы 500 мыңнан астам украиндықтардың 68,7 мыңы, яғни 12,6%-і, 350 мыңдай немістің 54 мыңнан астамы, яғни 15,4%-і, 100 мыңнан астам белорустың 11 мыңдайы, яғни 9,9%-і, 50 мыңдай поляктың 5 мыңдайы, яғни 9,9%-і қазақ тілін біледі. Славян тектестері жөніндегі бұл көрсеткіштер түрік тілді этнос өкілдерінің қазақ тілін білу деңгейінен әлдеқайда төмен. Олай болса бұлардың тарапынан мемлекеттік тілді игеруде проблемалар да көбірек деген сөз. Сондықтан мемлекеттік бағдарламаға және тіл туралы Заңға өзгеріс енгізгенде бұл жағдайларды еске алмай болмайды. Қазақстандағы түркі тілдес этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді білу дәрежесі әлдеқайда жоғары. Қазақстандағы 370 мыңдай өзбектердің 296 мыңы, яғни 80%-і, 250 мыңдай татарлардың 150 мыңын астамы яғни 63,6%-і, 210 мыңдай ұйғырлардың 170 мыңы, яғни 80,5%-і, 75 мыңдай түріктердің 56 мыңы, яғни 74,7%-і, 30 мыңнан астам күрдтердің 20 мыңнан астамы, яғни 61,2%-і қазақ тілін білетінін көрсетті. Көріп отырғанымыздай түркі тілдес ағайындардың қазақ тілін білетіндері 60-80% аралығында. Бұл көрсеткіштер олардың арасында мемлекеттік тіл айтарлықтай проблема болмайтындығының куәсі деуге болады.

Бірақ жалпы алғанда мына жағдайды да еске алмай болмайды. «ЦЕССИ-Казахстан» салыстырмалы әлеуметтік зерттеу институтының жүргізген сауалнамасы көрсеткендей, Қазақстанда тұратын орыстардан басқа этнос өкілдерінің 30,6%-і өздерінің ана тілі ретінде орыс тілін, тек 1,3% ғана қазақ тілін ана тілі ретінде атаған. Сондықтан қазіргі кезде мемлекеттік тіл саясатының жетістіктеріне тоқмейілсу ерте.

Қазақстанда тұратын аз ұлт өкілдерінің тіл мәселесі саласында орын алып отырған проблемалар аз емес. Мемлекеттік тілді игеруге мойыны жар бермейтіндердің сылтаулары мен антисылтаулары жеткілікті. Базбіреулер «Қазақ тілінде қазақтардың өздері де сөйлегісі келмейді. Демек, өзге ұлт өкілдері оны қалай үйрене қойсын» дегендей сылтауларды алға тартады. Қазірде бұл пікір негізсіз. Қазақстанда басқа ұлт өкілдерінің қазақ тіліне ерекшесі жаны ашып жүргендері аз емес. Мысалы, олар жалпы қоғамда телеарналар арқылы көп жұмыс атқаруда «Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Қазақшаңыз қалай?» және т.б. шаралар жасалуда. Солардың бірі, қазақ тіліне жанашыр болып жүрген А. Османның «Мемлекеттік тілге – құрмет» бірлестігін құрып, теледидарда «мемлекеттік тіл – менің тілім» деген хабарлар жүргізуі барысында байқалуда.

Қазақ тілі өзінің қоғамдық қызметінің ауқымы өсуі негізінде екі жақты қостілдік құралы бола алады. Қазақ тілі түркі тілдері сапында қырғыз, татар, башқұрт т.б. мен сөйлесуде толық жарамды. Біздің жүргізген әлеуметтанулық зертеулеріміз түрік, неміс, ұйғыр, күрд, әзірбайжан ұлт өкілдерінің 73%-і мемлекеттік тіл саясатын, оның ішінде қазақ тілінің статусы мемлекеттік екенін мойындап, оны үйренгілері келетіндіктерін дәлелдеп берді. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанды құтты қоныс, мейірімді мекен етіп Отаным дейтін әрбір қазақстандық ұлт пен ұлыстардың азаматтық әрі адами борышы. Қазақстанды мекендеп отырған басқа ұлттардың өкілдері қазақ тілі проблемасын қазақ шенеуніктерінен артық білмесе, кем білмейді. Олардың көпшілігі қазақ тілін білуге қарсы емес, әрқашанда мемлекеттік тілді қолдауға түсіністікпен қарауға әзір екенін біздің жүргізген әлеуметтанулық зерттеулеріміз көрсетіп отыр. Сұрау салынғандардың басым көпшілігі, яғни 68,2%-і қазақ тілін үйренгіміз келеді деп жауап берген. Ал мемлекеттік тілді болашағымыз үшін үйренуіміз керек деп түсінетіндер 25,5%-і болып шықты, 6,3%-і жауап беруге қиналды. Зерттеу қорытындысы қазақстандықтардың басым көпшілігінің мемлекеттік тілге оң көзбен қарайтындығын көрсетеді. Әсіресе, бұл түркі тілдес халықтарға тән болып шықты. Мысалы, сауалнамаға қатысқан ұйғыр 72,6%, түрік 68,9%, әзірбайжан 65,2% ұлт өкілдері мемлекеттік тілге жанашырлық танытқан. Бүгінгі таңда Қазақстан халқының 70-80%-і қазақ тілін қажетке жарата алады. Өзіміздің түрік тектестерді айтпағанда, неміс, кәріс, орыс т.б. ұлт өкілдері арасында да қазақша сөйлейтіндері аз емес. Солай болса да басқа да жергілікті ұлт өкілдерінің басым көпшілігі бұл мәселеге демократиялық тұрғыдан

келіп, кеңпейілдікпен қарайтынын көрсетіп отыр. Ендеше, тіл саясатын нақтылы демократияландырамыз десек, халықтар арасына іріткі салып, сына қағатындай пікірлерді ауыздықтау керек. Президент Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «Қазақстанның өзін де, одан тысқары жерлерде де біздің татулығымызды көре алмайтын, болмашы нәрсе үшін ұлт пен ұлтты қырылыстырып қоядан тайынбайтындар бар. Сондайлардың арандатуына түсіп, араздыққа, алауыздыққа жол берсек, тілімізді өркендету тұрмақ басымызбен қайғы болып кетеміз. Сондықтан астам пиғылдағы саяси содырлардың әрекетіне де, қазақтың қамын өзінен басқа ешкім ойламайтындай даурығып, өзге ұлттардың намысына тиетін түрліше топтардың қимылына да ерекше абай болуымыз керек» [5].

Осы ретте біраз мәселелерді шешіп алмай болмайды. Мысалы, «ұлттың, өзін-өзі билеуін еш шектемеу керек» деген жалаң ұранның келеңсіздігінен атап көрсетпей болмайды. Ұлттың өзін-өзі билеу идеясы, қандай бір игілік болып көрінгеніне қарамастан, қайдағы бір жүгенсіз кеткен күшке айналмауы тиіс. Ұлттық мемлекеттің абсолютті егемендігімен жаппай әуестену белгілі дәрежеде екі бірдей дүниежүзілік соғыстың себебі болғанын ұмытпаған жөн. Әлем алуан түрлі және сонымен қатар бір мезгілде өзара біте қайнасқан біртұтас. Абсолютті тәуелсіздік дейтіннің болмайтыны ғылыми дәлелденген. Кез-келген тәуелсіз мемлекет басқа елдермен, одақтармен, топтармен, қоғамдастықтармен өзара қарым-қатынас орната отырып, өзінің тәуелсіздігін белгілі бір міндеткерліктермен және кепілдіктермен шектеуге мәжбүр болады. Басқалармен байланыс орнатпай, жекеден-жеке, өз шеңберінде ғана қандай да бір проблеманы шеше алу мүмкін емес. Көзсіз табыну мен сандырақ дәрежесіне дейін жеткізілген өзін-өзі билеу ұғымы, түптеп келгенде, ірі-ірі келеңсіз зардаптарға: сепаратизмге соқтырып, мемлекеттің тұтастығына қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-сессиясының мінберінен ұлттардың өзін-өзі билеу шарттарын әзірлеу қажеттігіне әлем жұртшылығының назарын аударды. Осыған байланысты көп этностық топтардың мәдени-ұлттық даму проблемаларын теориялық-құқықтық тұрғыдан тұжырымдау міндеті туындайды.

Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасында «Қазақстан халықтарының тілдерін оқып-үйретуге және ол тілдердің қолданыста болуына жағдай туғызуды мемлекет өз міндетіне алады,» делінген. Сөйте тұра аз ұлттардың өз ана тілін білуі және

сақтауы жолындағы кедергілер жойылып бітті деуге болмайды. Аз ұлттардың бұрынғы кеңестік дәуірден дағды болып қалған, беделді орыс тіліне көшу процесі әлі де тоқталған жоқ. Міне, бұл да тілдік күйзелістің бір түрі. Мысалы, поляктардың 12%, еврейлердің 19%, беларустардың 36,6%, мордвалардың 47%, чуваштардың 49,6%, литвалардың 48,7%, молдавалардың 51,2%, корейлердің 51,7%, немістердің 54,4%, мариилардың 59,9%, армяндардың 62,1%-і ғана ана тілін сақтай алды». Оның үстіне мемлекеттік тіл саясаты аз этностар арасында толық білдіріліп, түсіністік тапты деу ерте.

Тіл саясаты ұлттық қатынастарға әсер ете алады сол уақытта, қай уақытта ол сол ұлттың тілінде айтылып, іске асатын болса. Сондықтан да саясат, саяси іс-әрекеттер ұлттық тілдерде бейнеленуі тиіс. Бұл салада жетістіктер де жоқ емес. Оңтүстік Қазақстан облысында 'Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы бойынша өзге ұлт өкілдері үшін облыстағы «Дауыс» орталығы мен Шымкенттегі «Мемлекеттік тілді міндетті және ақысыз оқыту орталығы» қазақ тілін оқытып-үйретіп келеді.

«Бұрынғыдай емес жергілікті немістердің енді ертеңгі күнге алаңдаушылығы аз. Жекелеген мектептерде немісше оқытатын сыныптар, топтар бар. Мұның сыртында қалауларына қарай жексенбілік мектептерге бара алады. Оларға қарағандылық оқытушылармен қатар Германиядан келген Сибилл Хофман, Утта Линк, Герда Гиземан, Сю-занна Франк секілді білікті мамандар сабақ береді. Кейінгі кезде басқа ұлт өкілдерінің де неміс тілін үйренуге деген ынта-ықыласы байқалып отыр», – дейді Қазақстан халықаралық Ассамблеясының мүшесі Виктор Кист. Қазақстанның тілдік жағдайы біршама жаман емес. Немістер шоғырланған жерлерде неміс тілінде оқытатын мектептер, жоғарғы оқу орындарында арнайы бөлімдер ашылған. «Феникс» журналында «Доиче альгемайне» газеті шығып тұрады.

Қазақстандағы ұйғырлар саны 210339 (1999 жылғы санақ бойынша). Олар 1920 жылдан бастап өздерінің ұлттық мектептерінде білім алып келеді. Қазір Қазақстандағы ұйғыр мектептерінің саны ұйғыр және аралас тілде оқытылатын мектептерді қоса есептегенде 68 мектеп бар. Мұндай жағдай Орталық Азияның бірде-бір мемлекетінде жоқ екен. Алматы мемлекеттік университетінің филология факультетінің ұйғыр бөлімі (1982 жылдан) ұйғыр тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білімді кадрлар даярлайды. Сондай-ақ, Алматы қаласында Ұйғыр драма театры мен республикалық «Ұйғыр авазы» («Ұйғыр даусы») газеті бар.

Ресми санақ бойынша, Қазақстанда 280 мыңға тарта татар тұрады. Өкінішке қарай, олардың көпшілігі өз ана тілін білмейді. Сол себепті отбасында орысша сөйлеседі. Қазір осы тығырықтан шығудың жолдары қарастырылуда. Кейбір жерлерде татар тілінің жексенбілік мектептері жұмыс істейді. Бұл шараның тіл үйренуде тигізер көмегі аз. Өйткені аптасына бір сағат оқумен (онда да жексенбі күні) тілді толық үйреніп шығу мүмкін емес. Зерттеулер көрсеткеніндей, татар ата-аналарының өздері де ана тілін жеткіліксіз біледі немесе мүлде білмейді. Татар тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Бастауыш мектептерді ана тілінде бітіріп шыққан татар жасөспірімдері үшін Қазақстанның мемлекеттік тілін үйрену ешқандай қиындық туғызбас еді. Сондықтан «Қазақстан республикасының Білім және Ғылым министрлігі татарлар шоғырланған жерлерде барлық пән ана тілінде жүретін бастауыш мектептер ашуға көмектессе бұл проблема дұрыс жолға қойылады», – дейді Татарстан республикасының Қазақстандағы өкілетті өкілі, Қазақстандағы татар-башқұрт қоғамының және мәдени орталықтарының төрағасы.

Қазіргі кезде Қазақстандық кәрістердің жартысынан астамы орыс тілін ана тілім деп есептейді, тек аз бөлігі ғана тұрмыстық-отбасылық деңгейде ана тілін қолданады. Кәріс тілін білудің нашарлауымен қатар, қазақ тілінің ролі де бәсеңдеуде олардың 2%-тейі қазақ тілінде сөйлей адады. XX-ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі шеңберінен шығып, кәрістердің этносшілік қарым-қатынас тіліне айналды. Бүгінгі күні егер кәрістерден «Сіздің ана тіліңіз қайсы?» деп сұрай қалсаңыз, олардың бәрі дерлік ойланбастан «корей тілі» деп жауап берері сөзсіз. Алайда, бүгінде шын мәнінде олар үшін корей тілі шетел тілі болып қалған. Екіншіден, тағы да бір мынадай жағдай бар – қазақстандық және бұрынғы советтік корейлердің бәрі корей тілінің «коре мар» деп аталатын диалектісінде сөйлейді. Лингвистердің айтуы бойынша, ол өзінің түп тамырын сонау 15 ғасырдан алады. Міне осы диалектіні жетік меңгергендер корей диаспорасының 2-3%-ті ғана құрайды. Негізінен олар 50-60 жастағылар. Олар бұл тілді тұрмыстық деңгейде шала-шарпы біледі. Егер тез арада тиісті шара қолданылмаса, жақын болашақта ана тілін білетін бірде-бір кәріс қалмауы мүмкін.

«Бір ұлттың төрт құбыласы тең жатқанда, екінші бір ұлттық не «үйі», не «күйі» болмай отыр. Соңғысын, – дейді А.И. Торғаев, – дүнгендер құрайды». Бұл да көңіл аударарлық мәселе. Бір ғана біздің

республикамыздың дүнгендері танымал ғаньсу, шаньси диалектісі мен әлі жете зерттелмеген шэньсий диалектісі мен шелек, ырдық, дидочжоу, цинхай, яғы, дунми, шэнься говорларын қолдануына орай және жоғарыдағы айтылған тіл ерекшелеріне сүйенсек – дүнген халқының әліпбиі мәселесін шешу болып табылады. Бұл шара, екінші жағынан, республикамызда тұратын қытай жұртының да (жан саны 3700) тіл мәселесін толығымен шешер еді. Соңғы санақ нәтижесі бойынша Қазақстан қытайларының 3% ғана өз тілін (әрине ауызекі) біледі екен.

Қазақстанда *өзбек* тілінде оқытатын 78 мектепте 79532 оқушы оқиды. Бұл мектептердің негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысында шоғырланған. Бір Шымкент қаласының өзінде 17 өзбек мектебі бар. Ал, Ташкенттегі жағдай мүлде өзгеше. Мұнда бірде-бір қазақ мектебі жоқ. Ондағы қазақтардың өз тілін ұмытпауы, жандандыруы үшін, біздіңше, мемлекет араласып, тиісті шаралар қолдануы керек.

Бүгінгі күні республикада 60 мыңдай *поляк* ұлты өкілдері тұрады. Кеңестік саясат негізінде поляктардың төл мәдениеті мен тілін дамытуға көңіл бөлінбеген еді. Бүгінгі күні Қазақстанда поляк ұлты өкілдерінің тілін, мәдениетін қайта жандандыруға деген құлшыныстарын байқауға болады. Бұған Қазақстан Республикасы да, Польша жағы да өз себін тигізуде. Бүгінгі таңда Қазақстанда поляк тілінде оқытатын 11 мектеп қана жұмыс істейді. Шет елден поляк тілін үйрететін оқытушылар шақырылуда.

Соңғы деректер бойынша Қазақстанда 49567 мыңдай *түріктер* тұрады. Олардың да өз мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін дамыту ісі бүгінгі күннің проблемасы. Қазір түрік тілінде оқытатын оншақты мектеп бар. Жоғары оқу орындарында (мысалы, ҚазҰПУ-да және т.б.) түрік тілі бөлімдері ашылып, жұмыс істеуде.

Басқару органдарында басқа ұлттар өкілдері неге аз? – деген сұрауға жауаптар былайша берілген. Сұрау салынған орыстардың 65,5%-і, басқа аз ұлттар өкілдерінің 62,5%-і өздерінің мемлекеттік тілді білмегендігінен, сондықтан да олардың мемлекеттік қызметке тұру мүмкіндіктері аз деген жауаптар берген. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке аз ұмтылуларының себептері мемлекеттік қызметке конкурстардың әділеттілігіне күмәнданатындықтарын және олардың айлықтарының аздығын тілге тиек еткен.

Қазақстан-отаным деп есептейтін көптеген өзге ұлт өкілдері қазақ тілін жетік меңгергілері келеді. Бұл мәселеге қазақтар өздері бас болып, көмек көрсетулері керек.

«Түймедейді түйедей етіп көрсететін, қазақтың өзі толық игере қоймаған қазақ тілін өзге ұлт өкілдері білсін деп, өзіміз әлі қадіріне жетпей жатқан тілді өзгелер құрметтесін деп қисынсыз талаптар қоятын, сөйтіп жоқ жерден ашындыратын, тілге карсылықты қолдан қоздыратындар да арамыздан табылады. Үйрене қоймадың деп байбалам салып, тіл білмейтіндердің бәрін қазақ тілінің қас жауындай көретін шолақ белсенділеріміз де аз емес. Қоғамның кейбір облыстық бөлімшелерінің қызметі саясиланып бара жатқаны, әкімшіліктің ісіне қол созып, кадр саясатына араласып, «анау қазақша білмейді, ол жерде отыруына болмайды» деп нұсқау беруге бейім тұратыны да әбестік. Қазір төрт құбыласы теңеліп тұрған адам аз. Қымбатшылық қыспағына түсіп, жүйкесі жұқарып жүрген жанға «біздің тілді білмейсің» – деп Н.Ә. Назарбаев өкпелеудің де дәл бүгін қисыны жоқ» [6], – деп атап көрсетті 1992 жылы өзінің «Қазақ тілі» қоғамының ІІ-құрылтайында сөйлеген сөзінде.

Қорыта келе мемлекеттік тілдің мәртебесін көтереміз деп, басқа тілге нұқсан келтірілмеу және оған қатысты заңды құқықтардың бұзылмауы тиіс. Бұл мәселе сан қырлы және өте өзекті мәселелер қатарына жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хасанов Б. Национальные языки двуязычие и многоязычие по-иски и перспективы. – Алматы. 1989 г. – С. 56.
2. Дешериев Ю. Д. Взаимо отношение развития национальных языков и национальных культур. – Москва. 1995 г. – С. 369.
3. Назарбаев Н.Ә. Қоғамдық келісім – Қазақстанның демократиялық дамуының негізі / Егемен Қазақстан. – 30 сәуір 1999 ж. – 3 б.
4. Борбасов С.М. Қазақстандағы тіл саясаты / Ақиқат. – №3, 1999 ж. – 8 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Халық мәңгілігінің мәселесі / Егемен Қазақстан. – 28 қараша 1999 ж.
6. <http://qazaqtili.wordpress.com>

Елдегі діни кеңістіктің жай-күйі мен алдын-ала болжамды шаралардың кейбір өлшемдері

Нұрғиса КӨШЕРОВ,
дінтанушы

Жаһанданудың қарқынды күш алып, Қазақстан Республикасы дамуының өтпелі кезеңімен тұспа-тұс келуі ел тағдырына байланысты маңызды міндеттерді алға қояды. Посткеңестік елдер ішіндегі өзгелеріне қарағанда қатты соққы алып, санасы сансырауға ұшырап, көптеген халықтық құндылығынан айрылған қазақ елі ғана. Өз кезегінде осы аралықта жаңа мәселелер белең алып, әліде болса шырқау шегіне жетпеген күйде пісіп-жетілуде. Негізінен қазақ ұлты үшін ислам діні жат болмаған. Оған қанша әдіснамалық немесе әдістемелік талдау жасағанда да тірелетінің бір жауап. Ол ислам дінінің қазақ мәдениетімен, тілімен, ділімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен біте қайнасып, ажырағысыз күйде осы күнге дейін күн кешуінде. Бұл жағдайда жаңашылдыққа бой ұрып, бәрін керіге шығарып жату қисық ағаштың көлеңкесін түзеумен тең әурешілік. Мемлекетіміздегі дінге байланысты азаматтардың ұстанымы әр қилы болып қалыптасқан. Бір топ адамдар діннен мүлде бет бұрып кеткісі келсе, бір тобы жатырқап қарайды, енді бірі діннің ішінде. Таратып айтқанда алғашқысы Кеңес үкіметінің атеизм сабақтарын алғандар болса, кейінгісі руханилықтан мүлде мақұрым қалмасада сыртқы ықпалдардан ортада қалған «маргинальдар», соңғысы діннің дәстүрлі және дәстүрлі емес жолындағылар. Бұл жерде мемлекет құраушы қазақ ұлтына ғана қатысты жайды сөз етіп отырғанымызды еске саламын.

Қазақ халқы лексиконының 20 % араб тілінен енген, мәдениетінің негізгі бөлігі ислам канондары негізінде құрылған. Сонымен қоса,

қазақ халқы ділінің шығыс халықтары менталитетіне сәйкестігі қоғамды секуляризм қалпында аңсаушыларға көп нәрсені айқындап берері анық. Бір нәрсе анық – біздің тарихнамамыз дінге қайшылықсыз жазылған.

Дін тұтастығы – ел тұтастығы. Дінге келгендегі жағдайымыз Ш. Құдайбердіұлының «Аққу, шортан һәм шаянын» елестетеді. Діннің ішіндегілерінің өзі алтыбақан алауыз болса, сыртындағылары оны жатырқап қарайды не сырттап айналумен тынады. Сырт қарағанда Қазақстанда мылтықсыз майдан жүріп жатқандай көріністі тамашалай аласыз.

Оның әр жағында діни алауыздық, азаматтық майдан шептерінің құрылуы т.б. жан шошытарлық мәселелер елес береді. Дегенмен ақиқаттан аттауға болмайды. Өзге елдер тәжірибесі көрсетіп бергендей кешегі дін алауыздығынан үшке бөлінген Чехославакия, екіге бөлінген Судан немесе Египет елдеріндегі саяси жанжал Қазақ Елі үшін бекемділік пен тастүйін бірлікті талап етеді.

Ендігі кезекте Қазақстандағы айтылмыш топтармен жұмыс жасау пошымына келер болсақ ол тек дін ішіндегілерімен ғана жүргізілуде. Дегенмен дін ішіндегілерімен сыртындағылар арасының алшақтап кету қаупінен сақтану да тұрарлық іс. Ол жалпы ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу рухында болуы тиіс.

Қазір қоғамымызда қандай орында айтылғанына қарамастан дін жайында сөз бола қалса міндетті түрде терроризм, экстремизм тіркестері ілеспе сөз есебінде қолданылатын болды. Оның әр жағында еуропацентристік пиғылдың жатқандығын да шамалауға болады. Біздер қазір исламның күйінішін айтуды бірінші кезекке қойғанбыз. Сөйтіп қарапайым адамдардың арасында исламофобия, антиисламшыл ниеттің қалыптасуына негіз жасалып жатыр. Біреу үшін мешітке кіруден қорқынышты дүние болмаса, ал біреу үшін ол жанның жай табатын рахат аралы болып отыр. Мүлде бір-бірімен қабыспайтын, кереғар сезімділік. Бұның қаншалықты дұрыс-бұрыстығын саралап жатудың өзі артық деп есептеймін. Неде болса әйтеуір негативті пікір қалыптастыруға барынша жағдай жасалып жатыр.

Ислам бірліктің, әділеттіліктің, адалдықтың, тазалықтың, шындықтың, ұяттың, ардың алтын ортасы. Толып жатқан осынау қасиеттерге кереғар дүниелер исламға жат әрі ешкіммен мойындалмайды. Сонда да қоғамда дүмпу тудырып отырған мәселермен бетпе-бет келсек. Қазақстанда негізінен ислам дінінің Ханафи мектебі жол салған. Ханафи бағытының таңдалуының бір себебі оның Орта Азия

халықтарының өмір-тіршілігімен, тұрмысымен сәйкес келуінде. Олардың өміріне еш қиындықсыз араласып, мәдениетін түзуде айрықша орын иеленуінде. Ханафи мазһабы ұлттық дүниетанымды қалыптастырып, ұлтты ұйыстыруда ерекше мәнге ие.

Соңғы кездердегі Қазақстандағы діни келеңсіз оқиғалар тізбегінің жиі-жиі орын алуы радикалды діни көзқарас пен ұстанымдағы азаматтардың көбейіп кетуінен болып отыр. Түрлі деңгейдегі Масс-Медия құрылғыларымен ашық білім бұлақтар қарқынының үдей түсуі жамағат арасындағы пікірталаспен бітіспес пікірталастар алаңын тудырды. Бұдан интернет желілерінің көмегімен әлем мұсылмандарын бір орталықтан басқару, пәтуа-ұрандар арқылы топтастыру әрекеті көзге ұрып тұр. Басты қауіптендіретіні оның басында отырған адамдардың ниет-аңсарының қай бағытта екендігі алаңдатпай қоймайды. Өкініштісі сол, бұл арада жергілікті жердегі қоғамдық құрылыс, қалып ескерілмей жатыр. Көпшілігінде біздегі жасалатын жұмыстардың пошымы себеппен күресуден гөрі салдарды жоюға бағытталған. Дін саясатының уақытынан кешігіп барып қолға алынуы көп жерде есе жіберуге апарып соқтыруда.

Қазіргі таңда террористік пиғылдағы топтардың көрініс беруі арагидік тоқтағанымен әсіре исламшыл жамағат топтарының қатары молаюда. Мысалға бұндай бейімшіл топтар үшін мемлекеттік рәміз, шекара, ұлттық ерекшелік, ұлттық сана мәселелері өмірлік құндылықтарынан ажыратылған. Мемлекетшілдік, отаншылдықты бұл жерде қыстырып жатудың өзі артық. Еліміздің толыққанды азаматы болу аңсары бұл топ үшін мүлдем жаттанған. Әрине, бұның бәрі тұтаса келе ұлттық тұтастығымызға зиянын тигізетін факторлардан.

Әңгіме мұсылман жамағатының Ханафи мазһабын ұстанбаушыларымен бағыттың бірізділігіне баса назар аудара отырып шаралар алынуы керек екендігіне ден қоюымызда болып отыр. Бұл күрделі, ұзақ уақытқа кететін жоспарлы жұмысты қажет етеді. Қазақстанда осы мәселемен тікелей қатысты меморгандардың бірқатары тиімді, жоспарлы түрде жұмыс жүргізуде. Соның ішінде теолог кеңесшілердің көмегіне жүгіну айтарлықтай нәтижеге қол жеткізбегенмен мардымсыз жүруде. Бұл ретте теологтан қарағанда ұлттық тарих пен дін тарихының білгірін жұмылдыру нәтиже берер ме еді. Сонымен қоса, мазмұнына байланысты топтың алдында дәріс беру топтық иммунитетті қалыптастырушы серкелермен жойылып не теріске шығарылып отырады. Жеке-дара немесе «бірге-бір»

принцепіндегі қатынас адамның ішінде болмашы ұрығын қалдырып, кейінірек жеміс беруі ғажап емес.

Қазіргі таңда бұқара арасында діни сауаттылықпен діни сананы көтеруде біршама істер атқарылуы тиіс. Оның ішінде муфтияттың бастамасымен дін қызметкерлерінің белсенді шығармашылық әрекеті қажеттік туғызады. Имам мешіт ісімен айналысушы болып қалмай, мемлекет ісімен айналысушының ролін сомдауы керек. Қазақстанның нарықтық экономикаға сүйенген саясатының негізіне қазірде рухани сүйемелдеу, діни қолдаулардың жетіспей жатқандығын айтуға болады. Қайта Өрлеу дәуіріндегі Еуропа тарихы көрсетіп бергендей, қоғам дамуында М.Лютер, Ж.Кальвин секілді дін өкілдерінің рухани ықпалы, маңызды салаларда қолдап отыруы қоғам дамуының позитивті үдеріс алуына оң септігін тигізіп келді. Муфтияттың мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі мәселелерімен шұғылдануы дін ұстанушы азаматтардың мемлекет ісіне тартылуына, оған қатысуына игі ықпал ете алатыны сөзсіз. Бұқаралық ақпарат құралдары дамыған заманда осынау тетіктерді арқау етіп, әрбір мәселеге қатысты шарият үкімдері мен тұжырымдамаларын келтіріп, газет бетінде жариялап отыру еліміздегі дін мәселесін оңтайландырып, бұқаралық сананың рационалды қалыптасуына негіз болары анық. Мәселен, саяси элитаға қатысты Пайғамбарымыздың билеушіге бағынуы тиістігі жайында айтылған хадистерін, қоғамдағы жемқорлыққа қатысты Халиф, сахаба Омардың істеген амалдарын, мемлекетті қорғаудың қандай үкімдермен реттелетіндігін, күнделікті тұрмыстағы адамдарға қажетті маңызды кеңестердің бірқатар үлгілерін беріп отырса айтылып отырған межеге қол жеткізуге болады. Сайып келгенде, түпкі мақсат орта жолдағы мұсылмандар қатарының қалыптасуына игі ықпал ету.

Дегенмен бүгінгі қоғамдағы ахуалдың жай-күйі, ислам жамағатының күн санап артуы, деструктивті ағымдардың көптеп белең алуы, шетел асып білім алушылардың көбеюі жаңа ойластырылған қадамдармен алдын-алу амалдарының тізімін жасауға итермелейді.

Жолдаудан туындайтын міндеттер

Айжан РАУШАНОВА,
С.Асфендияров атындағы Қазақ
Ұлттық медицина университеті
Денсаулық сақтау саясаты
және басқару кафедрасының PhD докторанты;
Әсел АБИРОВА,
С.Асфендияров атындағы Қазақ
Ұлттық медицина университеті
Денсаулық сақтау саясаты
және басқару кафедрасының магистранты

Қазақстандағы нарықтық қатынастың қазіргі жағдайларында әрбір адамның денсаулығы халық денсаулығының құрамдас бөлігі ретінде, оның тіршілігінің толыққанды бағасын ғана емес, сонымен қатар оның мүмкіндіктерінің әлеуетін анықтайтын факторға айналып отыр. Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму өлшемін анықтайды. Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, уақтылығын, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге жұмылдыратын әлеуметтік бағдарлы жүйені ұсынатын денсаулық сақтау саласы, халық әл-ауқатының бірқалыпты және тұрақты жақсаруы тұрғысынан алғанда Республикадағы негізгі және басымдық берілетін саланың бірі болып табылады.

Елбасы биылғы Жолдауында денсаулық сақтау саласы бойынша медициналық-санитарлық көмекті дамытуды, міндетті медициналық сақтандыру енгізу мәселесін зерттеуді, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкерлердің денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі – медициналық қызметтің барлық жүйесінің басты қағидаты болуы тиіс екенін айтқан болатын. Оған қоса, саламатты өмір салтының орнығуы, медицинаның дамуы халықтың өмір сүру жасын 80 жасқа дейін арттыратынын, еліміз медициналық туризмнің жетекші орталықтарының біріне айналатынын да мәлімдеген [1].

Соңғы жылдары медицина саласында көбіне жаңа технологиялар енгізу жайы, қан айналымы жүйесі мен онкологиялық дерттерден туындайтын сырқаттарды емдеу мәселесі, диагностикалауға, сондай-ақ, «Болашақтың госпиталі» атанған орталықтардың имиджін көтеруге көп көңіл бөлінді. Енді халықтың басым бөлігімен тікелей жұмыс істейтін медициналық мекемелердің қызметін жетілдіруді мықтап қолға алатын уақыт та жеткен сияқты.

Биыл алғашқы медициналық-санитарлық көмекке басымдық беру қажеттігі баса айтылды. Бұл дегеніңіз енді денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржының қомақты бөлігі бастапқы буынға, яғни алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін мекемелер мен емханаларға бөлінеді деген сөз. Бұған дейін ол 17 пайызды ғана құрап келген болса, биылдан бастап оның үлесі арта түспек. Бірақ нақты қанша екені әзірге белгісіз.

Биыл Алматыда тікелей Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына бағынысты Алғашқы санитарлық-медициналық көмек көрсететін орталық ашылады [2]. Аталған Жолдауда денсаулық сақтау саласындағы негізгі басымдық – алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту екені атап көрсетілген. Бұл мақсатта Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде іске асырылатын қаржыландыру жүйесі медициналық қызметкерлер үшін алғашқы медициналық-санитарлық көмек саласында нәтижелі жұмыс істеуге жағдай жасап отыр.

Алдын алуға болатын ана мен нәресте өлім-жітімінің болмауы, онкологияны және туберкулезді ерте кезеңде анықтау, сондай-ақ, науқастардан арыз-шағым болмаған жағдайда медициналық қызметкерлердің негізгі жалақысына қосымша ақы төленеді. ҚР денсаулық сақтау министрінің мәліметіне сүйенсек, 2013 жылы бұл мақсатқа 10 млрд теңге жұмсалса, ағымдағы жылы оның көлемі екі есеге ұлғайтылады [3].

Ел арасында салауатты өмір салты және дұрыс тамақтану қағидалары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту жолдарын есте ұстау әрбір медицина қызметкерінің міндеті. Бұл орайда Мемлекет басшысы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында «Өз жеке басының денсаулығын алдымен адамның өзі ойлауы керек. Егер денсаулықты ойлау әр отбасының шаруасы болса, онда мемлекет жүзеге асырып жатқан қадамдар әлдеқайда тиімді шығар еді» [4] деп айтқанын айта кеткен жөн.

Мамандар тапшылығы мәселесін шешу үшін өңірлерге жіберетін жас дәрігерлерге жағдай жасау жолға қойылған. Жас маманға көтерме ақы, баспана, үй сатып алу үшін пайызсыз несие беріледі. Кез-келген дәрігердің ауылда жұмыс істеп, тәжірибе жинақтауы өте маңызды. Елбасы үлкен міндеттер қатарына міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу мәселесі қарастырылатынын айтты. Бұл орайда жұмыскердің денсаулығына мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскердің өзі бірдей жауапкершілікті болады. Және ол медициналық қызмет жүйесінің ең басты талабы ретінде бекітілетіні атап көрсетілді. Елбасының билік алдына қойып отырған бұл міндеті көңілге сенім ұялатады. Демек, денсаулықты жақсарту мәселесі жан-жақты қарастырылады. Ұрпақтың өсіп-жетілуі бір ғана медицинаға байланысты емес, ол Елбасының әрдайым атап көрсетіп жүргеніндей, әрқайсысымыздың салауатты өмір салтын орнықтыруымызға да барынша байланысты болады. «Қазақстан-2050» стратегиясында қазақстандықтардың өмір сүру жасын ұлғайтуға байланысты айтылған Елбасының берік тұжырымы осы жоғарыда айтылған бір-бірімен сабақтас мәселелердің оңды шешілуіне байланысты болады.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында “Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін енгізу 2013 жылы аяқталады” деп денсаулық сақтау саласына баса назар аударып отыр. Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің негізгі бағыттары стационарды науқастың өзі таңдауын қамтамасыз ету, бәсекелестік ортаны дамыту, жоғары мамандандырылған медициналық көмектің сапасын жақсарту.

Науқастардың өз еркімен медициналық ұйымды таңдау және жоспарлы түрде госпитализациясын ұйымдастыруды іске асыру үшін госпитализация Бюро жүйесі арқылы жатқызу енгізілген. Бұл дегеніміз науқастың өміріне қауіп тудырмайтын, шұғыл медициналық көмекті қажет етпейтін, созылмалы ауруы бар науқастарды стационарға емдеуге жолдау.

Еліміздің әрбір тұрғыны тұрғылықты және тіркелген жеріне байланыссыз жоспарлы түрде госпитализацияға көрсеткіш болған жағдайда өзі қажетті профильді медициналық мекемені таңдауға мүмкіндігі бар деген сөз. Міне, осы орайда еліміз екі жыл бойы жаңа медициналық ережемен жұмыс атқарып келе жатқандығы, бірыңғай ұлттық жүйесінің нақты және қарқынды дамуы жаңа жүйенің тиімділігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев халықтың денсаулығын сақтау деңгейін жақсарту қажет екендігі

жөнінде «Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу керек» деп айтылған, ол медициналық және сол сияқты медициналық емес сипатқа ие құрамнан тұрады.

Соңғы онжылдықтың ішінде Қазақстанда жүргізіліп отырған денсаулық сақтау саласындағы саясат экономикалық және саяси трансформациялардың салдары болды, сонымен бірге денсаулық сақтаудағы реформаларға көзқарас бірнеше рет түбегейлі өзгерді.

Қазіргі таңда Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі оның құрылымдарын перспективалық мақсаттардың айқын көрінісіне, барлық секторлармен ықпалдастыруға негізделген жаңа стратегияларды енгізе отырып, сондай-ақ дамудың қазіргі заманғы ғылыми, әлеуметтік және институционалдық технологияларды қолдану негізінде одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Одан әрі Республиканың денсаулық сақтау жүйесін елдің көпсалалы экономикасының жүйелі жаңаруымен ықпалдастыру денсаулық сақтауды жетілдірудің негізін салушы қағидаттардың бірі болуы тиіс. Яғни, денсаулық сақтау мемлекеттің ұлттық экономикалық доктринасының бір бөлігіне айналуы тиіс.

Дамыған қоғамда денсаулық сақтау ісі және онымен байланысты фармацевтикалық индустрия, биотехнология, ақпараттық технологиялар, медициналық сервис, медициналық сақтандыру, әлеуметтік жұмыс, коммуникациялық-психологиялық қызмет сияқты салалар тұрақты экономикалық дамудың шекті өзара байланысты элементтері болып табылады.

Денсаулық сақтауды тұрақты дамыту бағдарламасын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету үшін дамуды стратегиялық жоспарлау және басқару, тиімді және дұрыс қаржыландыру, сапалы нормативтік база, алдыңғы қатарлы ғылыми-әдістемелік және қазіргі заманғы институционалдық даму базалары сияқты компоненттер қажет.

Қазақстанда экономиканың әлеуметтік секторларын дамыту шеңберіндегі денсаулық сақтау саласын дамытудың ұлттық институттары қажет, олардың мақсаты Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін тұрақты дамытуды ғылыми, ұйымдастырушылық-әдістемелік, білім беру және қаржылық қамтамасыз ету болуы тиіс.

Президент Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің дамуының жаңа кезеңіндегі мемлекеттік саясаттың бір бағыты медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту болуы керек деп атап көрсетті.

Медициналық қызметтердің сапасы кешенді түсінік болып табылады және ол көптеген көлемді себептерге байланысты, олардың ішінде медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықталуын, кәсіби деңгейін және клиникалық мамандардың оны арттыруға деген уәждемесінің болуын, медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсету процестерін басқарудың қазіргі заманғы технологияларын енгізуді, медициналық көмекке ақы төлеудің тиімді әдістерін енгізуді бөлек атап өткен жөн. Қазақстанның денсаулық сақтау саласын 2020 жылға дейін стратегиялық дамыту бағдарламасында медициналық қызметтердің сапасын басқаруды жетілдіру маңызды орын алады.

2010 жылғы Жолдауда Президент жақын онжылдыққа нақты міндеттер қойды. Оның ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы «Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты – денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс» екендігін атап көрсетті.

Жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес, сондай-ақ халық денсаулығының қазіргі заманғы жағдайына және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне жүргізілген талдау негізінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық басым бағыттары және іске асыру тетіктері анықталды [5].

Бағдарламада ведомствоаралық және сектораралық ықпалдастықты ескере отырып, жоспарланған іс-шараларды орындауды заңнамалық, инвестициялық, құрылымдық, экономикалық және кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделген.

Саланың нарықтық қатынастарға бейімдеу көзделген: меншік нысандарының көптұрпаттылығын дамыту, медициналық қызметтердің нарығын құру, медициналық ұйымдардың арасындағы бәсекелестік қатынастар.

Бағдарламаны іске асыру медициналық қызмет көрсетудің аз шығынды нысандарына өту үшін жағдай жасау, саланың профилактикалық бағыттылығын қамтамасыз ету, медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасының деңгейін арттыру, арнайы әлеуметтік қызметтерді енгізу, халықтың өзін-өзі сақтау мінез-құлқының дәйектемесі, медицина қызметкерлері құрамының кәсіптік және жеке өсуі, денсаулық сақтау жүйесін қоғамның қазіргі талаптарына және нарықтық жағдайларына бейімдеу үшін жағдай

жасау арқылы денсаулық сақтау жүйесін қарқынды дамытуға ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезеңінде мынадай нақты нәтижелерге қол жеткізілуде.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі қабылданды. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша ең төменгі стандарттар белгіленді. Қазақстан Республикасында 2008-2010 жылдарға арналған ана мен бала өлім-жітімін төмендету жөніндегі, Қазақстан Республикасында қан қызметін жетілдірудің 2008-2010 жылдарға арналған шаралары туралы, Қазақстан Республикасында 2006-2010 жылдарға арналған ЖИТС індетіне қарсы іс-қимыл, Қазақстан Республикасында 2008-2016 жылдарға арналған кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамыту жөніндегі, 2008-2016 жылдарға арналған салауатты өмір салты жөніндегі салалық бағдарламалар әзірленді және енгізілді.

Шекараны санитариялық қорғау жүйесі қалыптасты, мемлекеттік шекарада ел аумағын аса қауіпті инфекциялық аурулардың әкелінуінен және таралуынан қорғауды қамтамасыз ететін санитариялық-қарантиндік пункттер желісі кеңейтілді.

Жалпы дәрігерлік практика қағидаты бойынша жұмыс істейтін медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) қызметін реформалау жүргізілді, қанайналым жүйесі ауруларын ерте анықтау мәніне балаларды, ересектерді профилактикалық қарап-тексеру, ұрпақты болу жүйесінің онкопатологиясын ерте анықтау үшін әйелдерді скринингтік зерттеу жүргізіледі.

Дәрі-дәрмекпен тегін және жеңілдікті түрде қамтамасыз ету енгізілді. Мемлекеттік медициналық ұйымдар желісін типтеу және стандарттау жүргізілді, желінің мемлекеттік нормативі бекітілді. Денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі нақты іс-шаралар жүргізілуде.

Медициналық тәуелсіз сараптама жүйесі құрылды. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілуде. Стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсетуге арналған бюджетті республикалық деңгейде шоғырландыру жүргізілді.

Денсаулық сақтау менеджерлерін даярлау жұмыстары басталды. Дүниежүзілік банкпен бірлескен Қазақстан Республикасының

денсаулық сақтау секторындағы технологияларды беру және институционалдық реформа жүргізу жөніндегі жобаны іске асыру жұмыстары іске асырылуда. Дәрілік заттар дистрибуциясының бірыңғай жүйесі енгізілуде. Денсаулық сақтау саласына ақпараттық технологияларды енгізу кеңінен қолданылуда. Республиканың барлық өңірлерінде медициналық ақпараттық-талдау орталықтары құрылды. Санитариялық-эпидемиологиялық қызметті қайта құрылымдау жүргізілді, вертикальды басқару құрылды. Денсаулық сақтау саласындағы бақылаудағы тәуекелді бағалау жүйесі енгізілуде. Бұл мәселелер өз кезегінде жүргізіліп жатқан реформалардың оң нәтиже беріп жатқандығының белгісі деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.akorda.kz>
2. Карабаева А.И., Каусова Г.К. О состоянии и перспективах геронтологической службы города Алматы // Центрально-Азиатский научно-практический журнал по общественному здравоохранению. – №4, 2013 г. – С. 46-53.
3. Министерство здравоохранения Республики Казахстан приступил к реализации модернизации второго этапа системы здравоохранения // <http://strategy2050.kz>
4. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» мақаласы // «Егемен Қазақстан» республикалық газеті. – 20 шілде 2012 ж.
5. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы // www.mz.gov.kz

Мемлекеттік жастар саясатының бүгіні мен ертеңі

Жомарт ҚАРАТАС,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің
«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
мамандығының магистранты

Барлық уақытта жастар халық арасындағы ең озық бөлігі болып есептелген. Олар әрқашан қоғамдағы оң өзгерістердің алдыңғы қатарында болды. Негізінен, жастар – мемлекеттің стратегиялық қоры. Олар дамудың жасампаздық қуаты мен ұлттық күшін жинақтап, дамыта алады.

Түрлі тарихи кезеңдерде жастар саясаттың объектісі, сонымен қатар толыққанды субъектісі де болған. Жас ерекшеліктерімен және әлеуметтік мәртебенің ерекшелігімен байланысты тұлғалық факторлар түрлі деңгейде жастардың әлеуметтік-саяси мінезіне әсер етті. Кейде бұл мемлекеттің дамуында бәрін шешетін бетбұрыс ретінде сипатталды.

Сонымен жастар рөлінің қалыптасуы мен эволюциялық күшеюі тек әлеуметтік-жастық топ ретінде ғана емес, сонымен қатар едәуір тез дамитын саяси күш ретінде де белгіленді.

Сондықтан, мемлекет және азаматтық қоғам үшін өскелең ұрпақтың айқын көзқарасы болып, ақ-қараны ажырата білуі өте қажет.

Жастар саясаты – ішкі саясаттың негізгі әрі кешенді бағыттарының бірі. Бұл толыққанды кең ауқымды жастар саясатын іске асыру негізінен мемлекеттік саясатпен қатар жүретін, бәрінен бұрын, білім беру мен мәдениет, ақпарат пен идеология, тіл мен дін, әлеуметтік қорғау мен жұмыспен қамтамасыз ету салаларында жұмылдырылған күш пен амалды қатыстыруды талап ететіндігімен түсіндіріледі.

Мемлекеттік жастар саясатының ұтымды формуласы тікелей қолдау мен ынталандыру механизмдерінің парасатты байланысы-

на негізделген. Мемлекет жастардың дәндеушілік көңіл-күйлерін дамытпайтындай, пысықтығына, өздігінен жұмыс істеуге және жауаптылығына залал тигізбейтіндей ете отырып, өмірлік сапасын кезен-кезеңімен жақсартып, негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Бір жағынан, қазақстандықтар жаңа ұрпағының қалыптасу кезеңіне атүсті қарауына болмайды, екінші жағынан, мемлекет олардың ісіне шамадан тыс араласа алмайды [1].

Қазіргі бозбала бұл өз алдына жеке тұлға және туылғанынан тең құқылы азамат екендігін түсіну керек. Ал оның өмірдегі жетістігі оның жеке бастамалары мен өздігінен жұмыс жасауына, жаңашылдыққа және шығармашылық еңбекке деген қабілетіне байланысты. Қазіргі кезде бұл бұрынғыдан да маңызды, өйткені біз жаңарған, бұрынғыдан да мықты Қазақстанды құрып жатырмыз.

Жастар – әлеуметтік және психологиялық ерекшелікті қалыптастырған қоғамдағы үлкен топ, жас адамдардың жастық ерекшеліктеріне қарай анықталатындықтан олардың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайы, рухани әлемі құрылу-қалыптасу сатысында болады. Жастарға әдетте 14 мен 29 жас аралығындағы жас адамдар жатады [2].

Олардың тұлғалық ұстанымдарының, құндылықтарының, яғни, дүниетанымының қалыптасуы кезінде мемлекет азаматтық қоғаммен бірлесе отырып бұл процеске оң әсер етуі өте маңызды. Сөз жоқ, жастардың бойына қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарын – берік ұлттық бірлікті, тез дамиды экономикалық өркендеуді, жаңа білімді игеруге талпыныс пен ортақ Отанымыздың болашағы үшін жауапкершілікті одан әрі дарыта беру керек.

Қазақстан жас егеменді республика ретінде халыққа қызмет ету ісіне берілген, мемлекеттігіміздің дамуының ең бағалы жетістігі – Тәуелсіздігімізді нығайтатын азаматтарды қажетсінеді.

Жаңа ұрпақ – кемелденген Тәуелсіздігіміздің және өркендеуші Қазақстанның ұрпағы. Сондықтан да жастар саясаты алдында тұрған мүмкіндіктерді жіберіп алмауы үшін жаңа қарқынмен өткізілуі тиіс,

Қазіргі жастар мақсатқа жетпей тынбайтын өр, алға қарай талпынатын, үлкен істерді шешуге дайын. Осыған орай әрбір жастың жеке жетістіктерін атап өту өте маңызды, бұның бәрі үлкен бір тасқын күшке айналып, соңында Қазақстанның ұлттық жетістігін құрайды.

Қазірдің өзінде ХХІ ғасырдағы Қазақстан Республикасының жас азаматының шартты келбетіне кейбір қасиеттерді қосу керектігі у-сынылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұған мынадай қасиеттерді жатқызуға болады: ең бастысы, Отанына деген

адалдығы, жоғары интеллектуалды жұмысқа және *шет* тілдерді оқуға қабілеттілігі, өмірлік мақсатқа деген жігерлілік пен шығармашылық көзқарасы, талдай білуі, жаңа жағдайға тез үйренуі және өздігінен шешім қабылдауы, парасатты бастамаларды бастауға және ақталған тәуекелге дайын болуы, өз қызметтік міндеттерін адал орындауы.

Мемлекеттік жастар саясаты 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді және осы саясаттың негізінде «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы жас мемлекетіміздің дамуына өзінің үлесін қосып, белгілі жетістіктерге қол жеткізген жастарымызға әрдайым қолдау көрсетуге ықпал ете бастады. Партияның құрамынан «Жас Отан» жастар қанаты құрылып, оның құрамына жүздеген қыз жігіттер кірді.

«Нұр Отан» партиясы және оның Көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев жастарды еліміздің дамуының негізгі стратегиялық ресурсы ретінде қарап, ерекше көңіл бөліп келеді. Жастардың мемлекеттің тіршілігіндегі негізгі өндіруші және шығармашыл күш ретінде тартылуы соның бір белгісі [3].

«Жас Отан» жастар қанатының бірінші съезінде Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев жаңа ұрпақтың келбетін келтірерде: «Мен өзіме «болашақ қазақстандық» қандай болады деген сауалды жиі қоямын. Бүгін сендерге қарап, мен оны көріп тұрмын. Оның көздері жаңа білім аламын деп жанып тұруы керек. Оның ақылы ең күрделі міндеттерді шешуге дайын болуы керек. Оның жүрегі Отанына деген шексіз махаббатқа толы болуы керек. Ол дені сау, сымбатты және шымыр болуы керек», – деп атап айтты.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметі мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңында өзара байланысты бірнеше маңызды мақсаттарды көздейді:

- біріншіден, Қазақстандық жастардың білім және ғылыми әлеуетін арттыру;
- екіншіден, Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетуге жастарды барынша тартып, оларды жаңа заманға сай бейімдеп шығару;
- үшіншіден, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу белсенділігін арттырып, ғылыми жобаларға, гранттарға, бағдарламаларға, конкурстарға қатысуын қамтамасыз ету;
- төртіншіден, еліміздің жастарына шетелдің ең озық оқу орындарында білім алуына барынша жағдай жасау;

- бесіншіден, Қазақстан жастарынына саяси қоғамдық белсенділігін арттыру мақсатында ұйымдар ашып, олардың қызмет етуіне барынша көмек беру.

Міне, Үкіметтің бес мақсаты жинақтала келіп, Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының мәнін ашып берді.

Біздегі жастар саясатының негізінде жас адамның өзекті қажеттіліктері мен қызығушылық принциптері болуы тиіс.

Жастарға үміт арта отырып, біз озық инновациялық дамудың үлгісін тандаймыз. Жастардың тандауы белгілі – бұл күшті және өркендеуші Қазақстан, экономиканың қуатты интеллектуалды әлеуеті, ХХІ ғасырдағы бәсекеге қабілетті ұлт.

Елбасымыздың қойған стратегиялық міндеттері адамдық капиталдың бәсекеге қабілеттілігін және жастардың жасампаздық әлеуетін күшейту идеясы аясында жалпыұлттық бірігуді қажет етеді.

Мемлекеттік жастар саясаты шоғырланған төрт негізгі элементті Президентіміз де атап өткен болатын, бұл: жақсы кәсіби білім; ақысы сай тұрақты жрыс; отбасын құру үшін жеке тұрғын үй; салауатты өмір салтын жүргізу мүмкіндігі.

Мемлекеттің көреген саясатының арқасында бүгінгі күні әрбір жастың жоғары білім алуға, соның ішінде тең деңгейде конкурстық іріктеу негізінде тандаулы шетелдік білім алуға мүмкіндігі бар.

Біз бәсекеге қабілеттіліктің ғаламдық рейтингінде едәуір биік орынға таласуымыз негізсіз емес, өйткені, біраз уақыттан кейін Қазақстанның бүкіл Еуразиядағы дарынды да зерек жастардың өзіндік ордасына айналуына барлық мүмкіндігі бар, Еліміздің жоғарғы басшыларының еткізіп жатқан шаралары негізінде жақын арада біздің республикамыз аймақтың ғылыми білім беру өзегі болуы мүмкін.

Қазақстан азаматтары бізде білім алған адамдар заманауи білімді, инновациялар және жаңа технологияларды жинақтап, дамытып жатқанын мақтаныш ете алатын уақыт келді деуге толық негіз бар.

Уайымсыз білім алып, өз болашағымызды құру тек мемлекетіміздегі бейбітшілік пен келісімнің арқасында екенін түсінуіміз керек.

Өркениетаралық қарама-қайшылықтың күшеюі жағдайында өзара құрмет, ашықтық және сенімділік құндылықтарына тәрбиеленген қазақстандықтардың жаңа ұрпағын өсіру талабы туындайды. Бұл оңай емес, алайда маңызды міндетті орындауға жалпыұлттық бірігуге және қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыруға жәрдемдесуге, бірегей халық дамуының қызығушылығын жақтауға

және қорғауға бағытталған мемлекеттік жастар саясаты да көмектесіп отырады.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты еліміздің жастарының құқықтық, экономикалық, азаматтық жағынан қалыптасуы мен әлеуметтік жағдайының жақсаруына мүмкіндік жасау. Сондай-ақ, Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асырудың құқықтық негіздерін анықтайды. Оның негізгі бағыттары:

1. жастардың әлеуметтік құқықтары;
2. жастардың саяси құқықтары мен бостандықтары;
3. жастардың жұмыспен қамту саласындағы кепілдіктері, олардың тұрғын үй проблемаларын шешуге жәрдемдесу;
4. жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметті қолдау;
5. жас отбасыларын мемлекеттік қолдау;
6. талантты жастарды мемлекеттік қолдау;
7. жастардың халықаралық ынтымақтастығына жәрдемдесу.

Бүгінгі уақытта партияның бастамасымен Қазақстанда жастар саясатына қатысты бірқатар заңдар, қаулылар және бағдарламалар дайындалған және жұмыс істеуде. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңның негізінде еліміздегі жастар ұйымының қызметін белсендіру стратегиясы дайындалды. Осы жұмыстардың және жастарды мемлекеттің белсенді қолдауының арқасында кең көлемдегі мәселелерді шешумен айналысатын жастар ұйымының қатары өсіп келеді. Бүгінгі таңда «Қазақстан жастар Конгресі», «Қазақстан студенттер Альянсы», «Қазақстанның жастар Одағы», «Болашақ жастар» қозғалысы, «Қазақстанның патриот жастарының Одағы», «Жас Отан» жастар қанаты, Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі, «Ауыл жастар одағы» секілділер ірі ұйымдар қатарына жатады [4].

Жастар саясатын зерттеп жүрген ғалым Л.Зайнеева қазіргі таңда Қазақстанда әр-түрлі бағыттағы 156 жастар ұйымдарының қоғамдық-саяси және әлеуметтік салаларда өзара тығыз қарым-қатынас жасайтындықтарын [5] айтады.

Біз өз болашағымыз үшін қауіптенген кезенді бастан кешірдік, енді жаңа заман – ертеңгі күнге сеніммен қарайтын, өткір жоспарлар мен игілік заманы басталды. Әрине, өскелең ұрпақ пен тарих өткен кезеңге өз әділ бағасын бере жатар, алайда қазірдің өзінде біз, Қазақстанның кепілді халқы, ұрпақтарымызға ортақ үйіміздің ақ жарқын және жайлы жағдайын сақтап, жеткізгенімізді мақтанышпен айта аламыз.

Тәуелсіздігіміздің басты жетістігін – Қазақстанның көпұлтты халқының бейбітшілігі пен тыныштығын жоғалтсақ, игілігіміз бен өркендеуге деген келешегімізден бір мезетте-ақ айырылып қаламыз.

Біз болашағын анық қарайтын, еркін және заманға сай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Кеп іс істелінді, бірақ атқарылар істер аз емес. Біздің мемлекеттілігіміз құрылды, алайда ол оны құрайтын құрылымдар – тәуелсіздік, бірлік және даму әрдайым нығайтуды қажет етеді.

Тәуелсіздіктің аз кезеңі ішінде Қазақстан тек жай жетістіктерге ғана емес, нағыз жеңістерге қол жеткізді. Бұның бәрі қазақстандықтардың ерен еңбегінің арқасында мүмкін болып отыр. Бұнда еліміздің жас ұрпағының да еңбегі жетерлік – олар жаңалыққа құмар, отансүйгіш және өз елінің жетістікке жететініне кәміл сенеді. Бұл ерен қабілетті бұқаралық етіп, тарату керек.

Қазақстан егеменді ел болып, тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, демократиялық даму жолына түскен соң, тарихшылар өткен дәуірдегі тарихты сол кезеңнің шындығына сай, ақиқат тұрғысынан зерттеп, ғылыми тұрғыдан ашып көрсетуге жол ашты.

Жас мемлекетіміздің тәуелсіздікке ие болуы, оның алдына стратегиялық мақсат – саяси және әлеуметтік-экономикалық, рухани және құқықтық теңдікті қамтамасыз ететін демократиялық қоғам орнату, бүкіл әлемдік қауымдастықтың тең мүшесіне айналу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Симтиков Жомарт Құдайбергенұлы. Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы жастар саясатының қалыптасуы мен жүзеге асуы. Автореферат. – Алматы, 2005. – 30 б.
2. Л.Ю. Зайниева. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 289 с.
3. «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанаты. «Жас Отан» жастар қанатына сенің жолың: шағын қадамдар стратегиясы, 2010. – 137 б.
4. Интернет материалдары. (www.zhasotan.kz, www.zhasot.kz, www.ask.kz).
5. Л.Ю. Зайниева. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 289 с.

ҚР жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі және шетелдік тәжірибе

Айжан ҚЫЗЫЛБАЕВА,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің
докторанты

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2030» Жолдауында атап көрсетілгендей қазіргі заманғы мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару құрылымын құру мемлекеттің ең шешуші міндеттерінің бірі ретінде белгіленген. Осы құжатта атап көрсетілгеніндей, үкімет ықшам, әрі кәсіби деңгейде болып, неғұрлым маңызды міндеттерді шешуге қарай жұмылуы тиіс [1].

Жергілікті өзін-өзі басқару және жергілікті мемлекеттік басқару мәселесі ҚР конституциясының сегізінші бөлімімен реттеледі. Жергілікті мемлекеттік басқару конституцияның 85-88 баптарында қарастырылса, ал жергілікті өзін-өзі басқару ата заңымыздың 89 бабымен жүзеге асырылады. Ол дегеніміз жергілікті деңгейдегі мәселелерді халықтың өз еркімен шешуі болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқару мемлекетпен реттеледі. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының іс-әрекеті оларды ұйымдастыру реті, құқықтық статусы, конституциядағы заңдық нормалармен анықталады. Оларға конституцияға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өздерінің заңмен бекітілген өкілеттілігі шегінде тәуелсіз болуына кепілдік береді. Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың жалпы принциптері жөнінде модельдік заңда лауазымды тұлғаларды сайлау реті көрсетілген. Ол референдум, сайлау немесе жиналыс ретінде жүргізілуі мүмкін. Референдум – бұл муниципалдық құрылым территориясында тұратын халық жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешу үшін дауыс беру болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында жалпы саяси жүйені одан әрі жаңғырту

басымдылығы, оның ішінде Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту анықталған. Еліміздің 2020 жылға дейінгі Стратегиялық дамуының ережелеріне сәйкес тұжырымдаманың мақсаты – Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі дамытудың негізгі тұжырымдамалық бағыттарын айқындау болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін жоғарыда аталған басты проблемаларды ескере отырып келесі мәселелерді шешу қарастырылған:

1) ауылдар (селолар), кенттер, аудандық маңызы бар қалалар деңгейлерінде жергілікті қоғамдастық жиналыстар (жиындар) арқылы жергілікті мәндегі мәселелерді шешудегі басқару шешімдерін қабылдаған кезде халықтың қатысуын ынталандыру, мүдделілік пен жауапкершілік арқылы халықтың рөлін арттыру;

2) қалалар деңгейінде жергілікті халықты толғандыратын ең маңызды проблемаларды шешу үшін халықтың өзі жергілікті өзін-өзі басқару үдерісіне қаланың белсенді халқының бөлігін тарту тетігін енгізу;

3) ауылдың, кенттің, аудандық маңызы бар қаланың әкімдерін тағайындау немесе сайлау барысында мәслихаттардың рөлін кезең-кезеңмен күшейту;

4) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу кезінде басқарудың ауылдық деңгейінің қаржы және экономикалық дербестігін кеңейту.

Қазақстанда белгілі бір экономикалық және қаржылық дербестікке ие, экономикалық қайта құруды жүргізуде мемлекетке көмек көрсетуге және оларға жүктелген әлеуметтік функцияларды орындауға қабілетті жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиімді жүйесі құрылатындығы туралы. Сонымен қатар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары жергілікті маңызы бар әртүрлі мәселелерді, оның ішінде халық мүдделерін қорғау мәселелерін шешуге қабілетті болады деп түсіндіріледі.

Бүгінгі таңда мемлекеттік өкілеттікті жүзеге асыруда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуы қажет. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәнін айқындаудың маңызды көрсеткіші олардың қызметінде халықтың тікелей қатысуы факторы болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың дербестігі мен халықтың тыныс-тіршілігін тиімді қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына біртіндеп материалдық-қаржылық ресурстарына біртіндеп құқық берілетін болады деп көрсетілген [3].

Жергілікті өзін-өзі басқару мемлекетті басқаруда ең тиімді болып есептеледі. Ол адамдардың құқығы мен бостандығын қорғауға, аймақтық және жалпы мемлекеттің мәселелерін шешуге тиімді.

Жергілікті жердегі мәселелерді жоғарғы биліктің қатысуысыз сол жерде шешкен тиімді. Жергілікті өзін-өзі басқару принциптері Еуропа Хартиясында маңызды орын алып заңмен бекітілген. Жергілікті өзін-өзі басқару принциптеріне мыналар жатады:

- Жергілікті жердегі мәселелерді халықпен қарым-қатынас жасай отырып шешу.

- Жергілікті өзін-өзі дұрыс ұйымдастыру, мемлекеттік билік жүйесімен қарым-қатынас жасай отырып, бір мақсатты алға қою, билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдардың қызметін (функцияларын) анықтау.

- Жергілікті өзін-өзі басқару территорияларының материалдық және қаржылық ресурстарын ескере отырып, олардың алға қойған мақсаты мен өкілеттілігін айқындау.

- Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және осында қызмет жасайтын лауазымды тұлғалардың халық алдындағы жауапкершілігі.

- Жергілікті өзін-өзі басқару территорияларын ұйымдастырудың алуан түрлілігі.

- Азаматтардың құқығы мен бостандығының принциптерінің қатаң сақталуы.

- Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және оның заңға сәйкес қызмет жасауын қамтамасыз ету.

- Жергілікті өзін-өзі басқару қызметінің ашық жариялануы (ақпараттық қамтамасыз ету).

- Жергілікті өзін-өзі басқару қызметінің біліктілігі мен бірлігі.

- Жергілікті өзін-өзі басқару қызметіне мемлекет тарапынан берілетін кепілдік.

- Жергілікті өзін-өзі басқару құрлымын құруға, және басқару процесіне осы территориядағы халықтың араласуы [4].

Заң жүйесіне, әлеуметтік-экономикалық жүйеге өзгерістер енгізе отырып, өз бағыт бағдарымыз айқындалды. Республикада басқару жүйесінде өзгерістер енгізе отырып, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіруге де уақыт келді. Басқару қызметі әрдайым жаңа дамуға кезеңдеріне ұшырады, елімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру бұл заман талабы болып есептеледі. Қазіргі заманда басқару қызметі қоғамның дамуының ең маңызды факторы болып есептеледі. Ол өндіріс, қоғамдық процесстерді экономиканы және территорияның әлеуметтік салаларын басқаруда ыңғайлы. Жергілікті өзін-өзі басқару – халыққа жақын орналастырылған. Жергілікті мәселелерді сол жерде шешу өте ыңғайлы және жергілікті

жердегі шешімін таппай жатқан әлеуметтік мәселелерді: ауыз су мәселесі, халықты жұмыспен қамту, жәрдем ақы төлеу және тағы басқа мәселелерді сол құрылымдағы лауазымды тұлғалар өте жете түсініп шешуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңдағы еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру өзекті мәселе болып отыр. Әрине жергілікті өзін-өзі басқаруды дұрыс саралап жан-жақты негізге алу және шетелдегі жергілікті өзін-өзі басқарудағы тәжірибелерге сүйене отырып жүзеге асыру нәтиже берері анық.

Жергілікті өзін-өзі басқару анықтама беретін болсақ – бұл бегілі бір территорияда мекендейтін азаматтардың атынан, сол территорияда тұратын адамдармен олардың әлеуметтік қажеттіліктерімен байланысты мәселелерді жергілікті деңгейде жүзеге асыру. Ал аймақтар Қазақстан Республикасының аумақтық субъектілері болып табылатындықтан биліктің жергілікті органдары өз аймағының халқының толып жатқан экономикалық, әлеуметтік және мәдени мұқтаждары мен тілектеріне жауапты өздерінше іздестіруді қажет етеді. Себебі, Қазақстан Республикасы экономикасының күрделі кеңістіктік құрылымы мен жүргізіліп жатқан экономикалық саясаттың жемісті болуы оның жергілікті деңгейге жүзеге асуына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының экономикасы дамуының қазіргі кезеңінде басқарудың жергілікті органдарына үлкен өкілеттік беріліп, олардың жауапкершілігі арта түсуде. Қазіргі таңда еліміздің мемлекеттік құрылымын жетілдіру, оның ішінде билік құзырларының әр деңгейі арасында нақты бөлінуі мен халық билігінің маңызды элементі болып табылатын жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу өте өзекті мәселелердің қатарында. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлі, тиімділігі мен қоғамдық сенімділікті арттыру, осы жаңдайлардың нормативтік деңгейде орныдалуы территорияның экономикалық және әлеуметтік дамуына маңызды әсерін тигізеді.

Мемлекеттің жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамыту жөніндегі жүргізілетін саясат жергілікті бюджеттердің өз бетінше құрылуы мен орындалуына, біріншіден жергілікті салықтар мен алымдардың құрылуына жағдай жасауы тиіс. Дегенмен, қазіргі таңда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дамуына бірқатар қайшылықтар мен кедергілер де бар. Қазақстанның жер көлемі жағынан дүниежүзінің он алып елдерінің ішіне кіреді және муниципалдық құрылымдарды дұрыс орналастыруға өте қолайлы.

Әр аймақ түрлі салаларға маманданған және жер қазба байлығыда аз емес. Сондықтан шетел тәжірибесін пайдалана отырып ҚР жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру дұрыс шешім.

Әлемдік тәжірибесі көрсеткендей жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржы саласындағы маңызды өкілеттілігі, бюджетті қалыптастыру болып табылады. Осы негізде ҚР экономикасын көтеру бағыттарының бірі жергілікті өзін-өзі басқаруды қолдану болып есептеледі.

Әрбір саланың ғылыми дамуы әрдайым өзгеріп отыруы үздіксіз процесс, ол қазіргі таңда болашақтың өткен тарихпен өте тығыз байланысты екенін еске түсіреді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың өз тарихы бар. Бірақ оның даму тарихы өте тереңде жатыр. Өзін-өзі басқару негізі Англияда XVI ғасырда қаланған болатын, тап осы уақыттан бастап ең төменгі әкімшілік аймақ және Англияның ең ұсақ өзін-өзі басқарушы бірлігі – шіркеулік приход маңызға ие болды. Бірақ ӨӨБ (self-government) тек XVII кең қолданысқа енді. self-government – бұл «мемлекеттен қоғамдық кеңестерге берілген бастапқы жергілікті басқару».

Жергілікті өзін-өзі басқару XVI ғасырда пайда бола бастады. 1555 жылы IV Иванның жарлығымен жергілікті органдар ұйымдастыру, құру басталды. Жергілікті органдар биліктің қадағалауымен өз қызметтерін атқарды. Бұл орган қызметіне жергілікті жер старосталары, жер иелері және осындағы жақсы деген адамдар тартылды. Олардың билігі жергілікті жердегі барлық қызметті жүзеге асырды: полициялық, қаржылық, экономикалық және соттық билікті атқарды.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылуы мен дамуының теориялық негізі бұрынғы кездері орталық және жергілікті биліктің әрекет етуі кезінде қандай мәселелер болғаны туралы, осы мәселелерді шешудің қандай жолдары табылғаны туралы білуге, жергілікті өзін-өзі басқару концепцияларының эволюциясын көруге мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару институттары пайда болып, жаңа өмір сапасын, жаңа жағдайларды әкелді, сондықтан олар жай ғана әлеуметтік байланыстардың шоғырлануы емес, олар басқару тиімділігінде туған мәселелерді шешуге арналған жүзеге асырылған қажеттіліктер болып табылады.

XVII ғасырда жергілікті өзін-өзі басқару бюрократизацияға ұшырады: жергілікті билікке бұйрықтық жүйе орнатылды. Оны әскерилер атқарып отырды, бірақ олар жергілікті жердің пайда тауып отырған саласын басқаруды өздеріне қалдырды. I Петр кезінде

жергілікті органдарға қаржылық және экономикалық қызметті атқаруға берілді, ал әскерилерге полициялық қызметті басқаруды қалдырды. 1699 жылы Мәскеуде бурмистрлік палата құрылды, ол органдардың сайлауы арқылы жүзеге асырылды. І Петр басқарған кезеңде жүргізілген реформалар мемлекеттің жергілікті өзін-өзі басқаруға араласуына негізделді, бірақ бұл реформалар жергілікті басқару органдарына белгілі бір тәуелсіздік берді. Революцияға дейін әкімшілік бөлумен жергілікті басқарудың ең жоғарғы билігі губерния болды, ол XVIII ғасырда бекітілді. Губерниялар округ пен уездерге бөлінді. Әкімшілік-территориялық бөлудің ең төменгі бірлігі болыстар болды. Осылардың барлығы муниципалдық құрылым болып есептелді. 1929-1930 жылдары губерниялар жойылды.

Ұлыбританияда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің англосаксондық моделі қолданылады, ол XVIII ғасырдың басында құрастырылған. Бұл моделдің ерекшелігі, үкіметтің лауазымды тұлғалары жергілікті өзін-өзі басқару органдарын әрдайым қадағалап отырады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру негізгі принциптері Францияда XVII ғасырдың аяғы мен XIX басында енгізілді. Ол англосаксондық моделге сүйене отырып құрастырылған. Францияның жергілікті өзін-өзі басқару негізгі атқарушы органдары болып коммунналар есетеледі [5].

Жергілікті өзін-өзі басқару өкілеттіліктері жергілікті деңгейдегі мәселелерді өз еркімен шешудің шекараларын көрсетеді, жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудағы сол органдардың міндеттері мен құқықтарын анықтайды. Жергілікті өзін-өзі басқару өкілеттіліктерін анықтауға құқықтық нормалармен Қазақстан Республикасының конституциясы негіз болады.

Шетелде әрбір муниципалдық құрылым әр салаға мамандаған. Мемлекет тек заңдық нормалардың орындалуын, азаматтар құқығының сақталуын ғана қадағалап бақылап отырады. Ал қалған шешімін таппай жатқан мәселелерді сол жергілікті жердің әкімшілігі шешеді. Олар сол жердегі экономикалық қаржылық және материалдық ресурстарын пайдалана отырып мемлекеттің және өз бюджеттеріне қаржы құяды. Көптеген шетел мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей жергілікті өзін-өзі басқаруды қолдану мемлекетке өте тиімді жағдай тудырады.

Басқару – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда, қоғамдық құрылыстың барлық саласында қолданылып, аз шығындармен барынша тиімділікке қол жеткізуді көздейді. Сондықтан да басқару

теориясы мен тәжірибесі барлық деңгейлерге тән. Басқару – процес ретінде жалпылама сипатқа ие болып, табиғаттың барлық құбылыстарында, яғни өлі табиғатта, тірі табиғатта және қоғамдағы әлеуметтік жүйені басқару процестерінде орындалады. Осыған байланысты басқару ісі барлық бірдей территориялық бөліктерде, әлеуметтік экономикалық жүйелерде объективті түрде жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта ешбір мемлекет ел ішіндегі тиімді аумақтық басқару жүйесінсіз бәсекеге қабілетті болып, әлемдегі өзінің лайықты орнына ие бола алмайды. Өздерінің мемлекеттік басқару жүйесін қазіргі талаптарға сай «жаңартқан» мемлекеттер өз аумақтарында шаруашылық кәсіпорындарын орналастыру үшін, шетел инвестицияларын тарту үшін тартымдырақ бола түсті. Ал бұл қазіргі ғаламдану үрдісі белең алып отырған әлемдік бәсекелестік жағдайында аса маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2030» // Егемен Қазақстан. – 11 қараша, 1997 ж.
2. ҚР конституциясы / www.zakon.kz
3. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы.
4. Еуропа Хартиясы 1985 ж.
5. Игнатов В.Г., Рудой В.В. Местное самоуправление. – Изд. 3-е, перераб. и доп. – Ростов на Дону: Феникс, 2005.

Шағын кәсіпкерлікті (бизнесті) дамытудың басым бағыттары мен даму көрсеткіштері

Алмагүл ӨТЕШОВА,
Қазақ-орыс халықаралық университетінің
аға оқытушысы, DBA

Үкімет шағын және орта бизнестің дамуына айрықша қолдау көрсетуде. Аталған саланы дамытуға бағытталған көптеген жобалар іске қосылды.

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы әлеуметтік-экономикалық саланы одан әрі жетілдірудің басты көрсеткішіне айналды.

Сонымен қатар, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға бірдей еңбек қоғамына жиырма қадам» бағдарламалық мақаласында мемлекеттік әлеуметтік саясаттың 20 басымдығы тұжырымдалды [1].

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы мемлекеттің жаңаруының стратегиялық бағытын анықтайтын негізгі құжат болып танылды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан-2030» стратегиясының ережелеріне тұжырымдамалық баға бере отырып, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуына перспективті көзқарасын білдірді. Шағын бизнестің дамуы ел экономикасының дамуы.

Республикамызда шағын бизнесті дамыту үшін мынадай шараларды жүргізу керек:

- салық салу базасын жетілдіру;
- салықтың түрлерін анықтауға қатысты салық заңдарына өзгерістер енгізу;

- қаржы операцияларын жүргізуге мұрындық болатын салық ставкаларын азайту және соған сәйкес тиісті салықты төлеуді жетілдіру;

- несиелер беру мерзімдерін ұзарту және аймақтық мәні зор шағын өндірістік кәсіпорындар үшін пайыздық ставкаларды төмендету арқылы отандық өндірістерді ынталандыру және сапасы төмен арзан қолды тауарларды тасып әкелуге тосқауыл қою;

- шағын бизнесті несиелендіру механизмдерін жетілдіру үшін лизингтік несиелерді, венчурлық қаржыландыру, факторинг, сонымен бірге, кепілдік қорларды құру және өзара несиелендіруді қалыптастыру жолдарын ұсынамыз.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі мақсаты – олардың әлеуметтік-экономикалық қызметін тиімді атқаруына мүмкіндіктер жасап, өмір сүру мерзімінің неғұрлым ұзаруына ықпал ету.

Өтпелі экономикада шағын кәсіпкерлік пен бизнестің біртіндеп қалыптасуы – заңды құбылыс. Мемлекет тарапынан жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді уақыттың өзі түзеп отыратыны да белгілі. Республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қолдау механизмдері нарық экономикасының ең белсенді бөлігінің – шағын кәсіпкерлік пен бизнестің дамуына даңғыл жол ашады.

Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті аймақтық дамыту, ең алдымен, өндірістік секторды көтеруге, шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарының неғұрлым көп санын құруға, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік орта мен неғұрлым жоғары деңгейде өзара іс-қимыл жасауына бағытталатын болады. Аймақтарда шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту тек халықты жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, рухани, экономикалық іргелі мәселелерін шешуге ықпалын тигізеді. Жастар арасында жұмыссыздық салдарынан кездесіп жүрген нашакорлық, ішімдіктерге бой алдыру сияқты қоғамға жат қылықтарды болдырмауға шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытудың және қолдаудың әсері мол деп санаймыз.

Жаңа жұмыс орындарын шағын кәсіпкерлік пен бизнес арқылы қалыптастыру – халықты кәсіпкерлік қызмет саласына да белсенді түрде тартуға мүмкіндік береді. Мұның өзі аймақтардағы өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал етіп, ондағы тұрғындардың жұмыссыздық салдарынан ірі қалаларға көшуін тоқтатады. Осыған орай жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау және дамыту үшін нақты іс – шараларды дайындаумен қатар, алдағы жылдардағы оның даму стратегиясын үкімет стратегиясы негізінде

әзірлеуі тиіс. Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытуда мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау – кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін төмендетумен қатар, оның нарық талаптарына сәйкес жоғары нәтижемен жұмыс істеуіне көмектеседі.


Шағын бизнестің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамту, оның әлеуметтік мәселелерін шешу, еңбекке деген белсенділігін дамыту, тұтыну нарығын көп ассортиментті товарлармен, қызметтермен толықтыру. Шағын кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру мақсатымен Қазақстан азаматтарына жайлы құқықтық және экономикалық жағдай туғызу үшін бірнеше заңдылық және ұйымдастыру – экономикалық шаралар жасалды. Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлыққа қол қойды. Президент бұл бағдарламаны бекіте отырып, бір мерзімде оны іске асыру шараларының жоспарын жасап, бекіту жөнінде үкіметке тапсырма берді. Елімізде шағын кәсіпкерлікті қалыптастырып, дамыту жүйесі әлі де жүріп жатыр. Шағын кәсіпкерлік әлі іске жаратылмаған әжептәуір қаржы-қаражаттарын тиімді жұмылдыратын басты құралдардың бірі. Осындай кәсіпкерліктің болмауынан осы ресурстар пайдаланылған болатын еді.

Шағын кәсіпкерлік бәсеке күресін қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосады, бұл кез келген мемлекеттің жоғары деңгейінде монополиялық экономикасы жағдайында бірінші кезекте тұратын маңызды ерекшеліктерінің бірі. Шағын кәсіпкерлік халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде үлкен рөл атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерде оның үлесіне барлық жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 50-60% және жаңа жұмыс орындарының 70-80% келеді. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Бірақ ескертетін жағдай кейбір тауарларды шығару, қызмет атқару тек мемлекеттік кәсіпорынға жүктеледі, ал кейбір тауарларды өндіру үшін арнайы рұқсат керек етеді.

Ақтөбе облысындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштерін қарастыратын болсақ, облыстың экономикалық даму жағдайы айқындалады.

Табысты индустриаландыру факторларының бірі ретінде, шағын және орта бизнес ерекше орын алады [2].


Шағын және орта кәсіпкерлікте (одан әрі ШОК) тіркелген субъектілердің саны 2012 жылы 10,6% ұлғайды (52,0 мың бірлік). Тіркелген ШОК субъектілерінің ішінен 33,8 мың бірлігі (65,0%) белсенді болып табылады, бұл республикалық орташа көрсеткіштен (55,0%) 10,0 пайызға жоғары.



1-сурет. Белсенді ШОК субъектілерінің жалпы санының үлесі

Ақпарат көзі: Ақтөбе облысы статистика департаменті. 2013 жыл

Осы салада жұмыс істейтіндердің саны 117,4 мыңға жеттіп, экономикалық белсенді тұрғындар санынан 27% құрады.



2-сурет. ШОК субъектілерінде жұмыспен қамтылғандардың саны, мың адам

Ақпарат көзі: Ақтөбе облысы статистика департаменті. 2013 жыл.

Өндірілген өнім көлемі 2,4% өсіп, 380,7 млрд.теңгеге жетті.

ҚР Тұңғыш Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында «Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау – ұлттық экономиканың бастапқы қуаты» екендігін атап өтті.

Ауыл аймақтарындағы, сондай-ақ жалпы кәсіпкерлікті дамыту үшін қаржылық қолдау көлемдерінің жыл сайынғы өсуімен зор мүмкіндіктер ашылып отыр. Барлық қаржыландыру көздерінен 2012 жылы 48,5 млрд.теңге сомасына қаржы-несиелік қолдау көрсетілді.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы нәтижесінде аймақтағы кәсіпкерлердің жұмыс істеп тұрған өндірістерін жаңғыртуға және жаңа өндірістерді ашуға, сервис кәсіпорындарын құруға, жобаларға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым өткізуге 1,8 млрд.теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Аталмыш бағдарлама бойынша 2012 жылы 154 жоба бекітіліп, соның ішінде 116 қарыз алушыға жалпы сомасы 10,8 млрд.теңге несиелік берілді, 16 кәсіпорынға жалпы сомасы 370,8 млн.теңгелік несиелік берілді, жетіспейтін өндірістік инфрақұрылымның құрылысына 1 млрд. теңгеге 22 жоба қаржыландырылды.

Қабылданған шаралар нәтижесінде облыста 2,4 мың жаңа жұмыс орыны ашылды, бағдарлама қатысушыларынан түскен салық түсімдерінің көлемі 3,2 млрд. теңгені құрады.

Ақтөбе облысы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыруда республика аймақтары арасында көшбасшылардың бірі болып саналады.

Жаңа ғана бастап жүрген кәсіпкерлерге арналған «Бизнес-кеңесші» курстарында 794 кәсіпкер оқытылды.

2013 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асырылуына 1,5 млрд. теңге қарастырылған. Оларды толық және тиімді игеру үшін барлық деңгейде Ақтөбе қаласы мен бүкіл аудандарды қатыстыра отырып қажетті шаралар алу қажет.

Рұқсат беру тәртібін оңтайландыру бойынша Елбасы берген тапсырманы орындау мақсатында 52 лицензия және рұқсат беру құжаттарын қысқарту (30%), 18 рұқсат беру құжаттары бойынша мерзімдерін қысқарту және қарау тәртібін жеңілдету, 9 рұқсат беру құжаттары бойынша ескертетін тәртіпке ауыстыру, бір рұқсатнама бойынша электрондық форматқа ауыстыру ұсыныстары берілді.



3-сурет. 2010-2012 жылдарға арналған «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру

Ақпарат көзі: Ақтөбе облысы статистика департаменті. 2013 жыл.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру мәселелері: шағын бизнестің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамтамасыз ету, оның әлеуметтік проблемаларын шешу және еңбекке деген ынталығын дамыту, тұтыну нарығын мол ассортиментті товарлармен және қызмет етумен толтыру. Шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру мәселелері: Қазақстан азаматтарының кәсіпкерлікпен айналысуына қолайлы құқықтық және экономикалық жағдайлар жасау мақсатымен мынадай шаралар көзделген: – жеке адамның және семьялық кәсіпкерліктерін, шаруашылық қожалықтарының істеріне мемлекет ұйымдарының заңсыз араласпауына кепілдік беретін заңдармен қамтамасыз ету; – шағын бизнес субъекттерін мемлекеттік тіркеудің жеңіл тәртібін енгізу. Бұл тіркеудің мерзімін және ақысын қысқарту, қажетті жоғарғы қорының көлемін азайту, шағын кәсіпкерлер меншігіне мемлекеттік меншікті ақысыз беру; – мемлекеттік бақылау ұйымдарының шағын бизнес субъекттерінен қосымша ақы алуға мүмкіндік беретін қазіргі күші бар заңдылық нормативтер мен жағдайларды жою. Бұған тек заңда бекітілген айыптар, өсімдер және басқа санкциялар жатпайды; – материалдық өнімдер өндірісімен шұғылдалатын шағын бизнес субъектілеріне салық және кеден ақысын төлеуге жеңілдіктер беруді өрістету.

Қазақстан Республика Үкіметіне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі мен бірге шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарына және жеке кәсіпкерлерге ақы алынбайтын мемлекеттік және екінші деңгейдегі банктерде мемлекеттің қатысуымен есеп шот ашуды қамтамасыз ететін шараларды жасауға тапсырма берілді. Осымен қатар екінші деңгейдегі банкілерді бірінші кезекте шағын бизнес субъекттеріне несие беруін ынталандыратын шаралар жүйелері де жасалуда. Облыстарда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірге мынадай шаралар жүргізілуде:

- мемлекеттік кәсіпорындарында пайдаланылмайтын объектерді және алаңдарды түгелдеу;
- пайдаланылмайтын өндіріс ғимараттар туралы мәлімет берген кәсіпкерлерге, егерде олар өндіріспен айналысса, ғимараттар жалға немесе сенім хат бойынша – бір жыл мерзімге беріледі. Келешекте объектер кәсіпкерлердің меншігіне беріледі. Егерде кәсіпкерлер алты айдың ішінде өндірісті іске асыра алмаса, объектер қайтарып алынып, қайтарылған мүліктер қайтадан жарысқа қойылады; – шағын бизнес орталықтарын және бөлімшелерін салуға арналған жерлер анықталады, ай сайын шағын бизнес субъектілері араларында жерді сату жарыстары жүргізіледі; – жердің құны 5 жыл мерзімге

бөліп-бөліп төленеді. Өндіріспен айналысатын шағын кәсіпкерлер субъектілеріне жерге ие болу құжаты ақысыз беріледі; – өндірістік әрекеттер ұйымдастыру үшін шағын бизнес кәсіпорындарының пайдалануына, аяқталмаған мемлекеттік құрылыс объектері тендер негізінде берілуі қамтамасыз етіледі. Шағын кәсіпкерлікті қаржыландырудың басым бағыттары ішінде оны қорғауға бағытталған заңдардың сақталуын бақылау, шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі жасайтын факторларды анықтау сияқты маңызды шаралар бар. Шағын кәсіпкерліктің ойдағыдай дамуын айқындайтын басты шарттардың бірі – олардың қызметін қамтамасыз ететін инфрақұрылымының жақсы дамыған және дұрыс жұмыс жасайтын элементтерін жалға қою. Қазіргі кезде республикада шағын кәсіпорындардың өміршендігі мен өркендеуін арттыратын бизнес – инкубаторлар, технопарктер мен орталықтар жұмыс істеуде. Алайда, олардың жұмысы әзірге республиканың шағын кәсіпкерлігінің ойдағыдай жұмыс істеуі үшін жеткіліксіз. Сондықтан бағдарламада көптеген кәсіпкерлердің есеп, бизнес – жоспар, маркетинг, қаржылық талдау, құқықтық мәдениет машықтарын әлсіз меңгергендігі ескеріле отырып, бизнес – инкубаторларға, технопарктерге, кәсіпкерлер құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастықтарға, мемлекеттік уәкілетті органдарға шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді күшейту тапсырылған.

Шағын кәсіпкерлік саласындағы қаржылық қолдау шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қажетіне сай келетін жабдық шығара алатын компанияларға бағдарлануы тиіс, олардың өндірістік бағыты өнімнің жаңа түрлерін игеруі, техникалық және технологиялық озықтығы ескерілетін болады. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылық қолдау нысандарын жетілдіру, шағын кәсіпкерлік базар қатынастарын ұдайы іске қосып отыратын ортаның нақ өзі. Экономиканың өтпелі кезеңіндегі шағын кәсіпкерлік, ең алдымен, базардың тауармен молығуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, кәсіпкерлік экономикада нақты белсенді, бәсекелес ортаны ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық дамуында оның тұрақтылығының индикаторы есепті орта тапты жасақтайды. Қазірдің өзінде кәсіпкерлік Қазақстанның бүгінгі экономикасында лайықты орын алды. Шағын кәсіпорындардың соңғы жылдары күрт ұлғаюы жаңа нарықтық құрылымның қалыптаса бастағандығының айғағы. Алайда, заңдық тұлғалардың жалпы санының 55 пайызы ғана жұмыс істегенін айтпай кетуге болмайды.

Жұмыспен қамтудың салалық құрылысымен қарастырсақ, бизнеспен айналысатын әрбір үшінші адам сауда жүйесінде, әрбір бесінші өнеркәсіптік өндірісте, әрбір алтыншы құрлыста еңбек етеді. Тұрғындарды жұмыспен қамтудың жалпы саны жағынан алғанда сауда саласында 36,1 пайызы, өнеркәсіптік өндіріс орындарында 21,2 пайызы істейді, қалғандары түрлі қызмет көрсетумен айналысады. Бұл дерекерден сауда ісі әлі де басым екендігін, салалық құрылымдарда өндіріс көлемі әлі де өзгере қоймағанын көруге болады. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ақпаратты талдағанда агроөнеркәсіптік кешендегі шағын кәсіпкерлік қазіргі уақытта еліміздің экономикасына тиісті үлес қоса алмай отырғанын немесе табыс экономикасы сараптағанда мемлекеттің стратегиялық бағытын жүзеге асыруда шағын бизнес басты құралдардың біріне айналғаны да байқалды. Шағын кәсіпкерлік, әсіресе, агроөнеркәсіптік өндіріс саласында мықтап дамуға тиіс. Өткен жылдарды есепке алсақ, ауыл шаруашылық шикізаттың басым бөлігі республикадан тыс жерден тасмалданып, сол жерде өңделіп, дайын өнім жоғарғы бағамен қайта әкелінеді. Мұның үстіне, тасымалдау кезінде өнім бағасы төмендеді, шығынға жол берілді. Бірқатар жаңа өнім алуға болатын қалдықтар өңделген жерлерде қалды. Қазіргі уақытта агроөнеркәсіпке кірісу жүйесінде шағын кәсіпорындардың осы мәселені шешу үшін жақсы мүмкіндіктері бар. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені мен ауыл-селоларды дамытудың басты бағыттары туралы» заңда: Агроөнеркәсіптік кешен құрамына шаруа қожалықтары, фермерлік, шарушылықтар, өндірістік және тұтынушылар кооперативтері, ұйымдар, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы үшін өндіріске тиісті қаржы жұмсайтын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеумен шұғылданады, шикізаттар өңдеп, олардан алынған өнімдерді сақтауды және өткізуді қамтамасыз ететін шаруашылық нысандары кіреді, - деп атап көрсетілген. Шағын кәсіпкерлік тек бәсекелестік ғана емес, сонымен бірге, қоғамдағы техникалық прогресс пен ақпараттандырудың да лайықты ұйытқысы болып табылады. Ол шағын және орташа қалалар мен аудандар аумағында тұратын адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға қызымет етеді. Шағын кәсіпкерлік мемлекет тарапынан оңай қадағаланады және оны дамытуға көп шығын жұсалмайды. Қазіргі қалыптасқан күрделі жағдайда ауыл шаруашылығындағы шағын бизнестің қарқынды дамуына тұсау болып отырған екі факторды бөліп көрсету керек. Бұл – техникалық мүмкіндіктің әлсіздігі және қаржы ресурстарының

тапшылығы. Екінші бағыт жөнінде айтатын болсақ, ауыл экономикасын қаражаттың сауықтыру тіпті күрделі.

Республикада шағын бизнесті дамыту жолындағы көптеген кедергілер бүгінгі күні жойылып жатқандығы айқын. Алайда, шағын бизнестің дамуына тежеу болатын күрделі проблемалар әлі де баршылық. Бүгінгі негізгі проблемалар: шағын бизнесті қолдау, қорғау жөніндегі заңдық базаның шыңжаулығы; шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау инфрақұрылымының әлсіздігі; несие беру құжаттарын толтырудың тым қиындығы; білімді кадрлардың жетіспеуі. Ал шағын бизнестің басты проблемасы – ол несие беру саясаты. Несие тек қана кепілдеме ретінде мүлікке беріледі. Ал кепілдікке беруге жарайтын мүлік шағын кәсіпорындардың керектігі несиесіне кепілдік бере алмайды. Сондықтан шағын кәсіпорындардың керектігі банк, несие банктің бір бөлімі болуы керек шағын кәсіпорындар кадр даярлау, банктік кредит алу информациялық қызметтерге мұқтаж. Шағын кәсіпорынның артықшылықтары: бәсекелі нарықтық өрісін кеңейтеді; айрықша қажеттіліктерді (пәтерлерді жөндеу, ксерокөшірме, көлік жөндеу, ұсақ сауда т.б.) қанағаттандыру мүмкіншілігі, өзгерістерге тез икемделу қабілеттілігі; жаңа тауарларды, жұмыстардың жаңа тәсілдеріне тез Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кешенді шаралар белгіленген.

Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кешенді шаралар белгіленген. Бағдарламада шағын кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, экономикада оның үлесін ұлғайту, жаңа жұмыс орнының санын арттыру, айқын бәсекелестік ортаны құру, қоғамның орташа табы ретінде меншік иелерінің бұқаралық тобын қалыптастыру көзделген.

Шағын кәсіпорындардың дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік

жасайды. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Шағын кәсіпорындардың дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін.

Шағын кәсіпкерліктегі көлеңкелі экономиканы азайту- ұйымдаспаған сауда түрлерін біршама өркениетті түрге айналдыруға, сауданың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін, базар саудасын сауда орталықтарына айналдыру бойынша қызмет көрсету стандарттарын енгізуге жағдай жасау

Шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту- проблемалық мәселелерді уақытында шешу, әлеуметтік кернеулікті болдырмау, мемлекеттік құрылымдар мен кәсіпкерлер арасында диалог орнату.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін нығайту үшін жағдай жасау- проблемалық мәселелерді уақытында шешу, әлеуметтік кернеулікті болдырмау, мемлекеттік құрылымдар мен кәсіпкерлер арасында диалог орнату.

Кәсіпкерлік белсенділіктің қарқынды дамуын қамтамасыз ету- кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту инфрақұрылымының дамуының қалдықсыз болуы, маманданбаған кадрларды қайта даярлау, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің несие ресурстарына қол жетімдігін арттыру.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін нығайту- несиелеу, лизинг, франчайзинг салаларында қаржы институттарының қызметін пайдалану.

Экономикалық өсуді қамтамасыз ету- шағын кәсіпкерлік есебінен жалпы ішкі өнім көлемін арттыру.

Шағын кәсіпкерлікті жетілдіру-шағын кәсіпкерлік есебінен толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету.

Бәсекені жетілдіру – тауарлар мен қызметтер сапасын арттыру.

Шағын кәсіпкерлікті ресми жағынан жетілдіру – мемлекет белгілейтін әлеуметтік шектеулерді азайту.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ө. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. – Астана: Елорда, 2005 ж. – 8-17 бб.
2. Ақтөбе облысы статистика департаментінің 2013 жылы жарияланған статистикалық материалдарының тізбесі / aktobe.stat.kz
3. Облыс әкімінің «Облыстың 2012 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2013 жылға арналған міндеттері туралы» есебінің тезистері, 2013 ж.
4. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Ақорда, 2012 ж. – 6 бет.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ұлттық компаниялардың қызметі

Қаиркен ӘДИЕТ,
Қазақ технология және бизнес
университетінің магистрі

Кез-келген мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолынан келгенін жасайды. Себебі, бұл – оның тәуелсіздігінің мызғымастығының кепілі. Бұл ретте Қазақстан табиғи ресурстарға бай, экономикалық потенциалы мол мемлекеттердің бірі әрі тәуелсіздігін енді қалыптастырып келе жатқан ел ретінде ұлттық қауіпсіздігіне қатты мән беруі шарт. Әсіресе, экономикалық қауіпсіздігіне.

Экономикалық қауіпсіздік – ұлттық экономиканың тәуелсіздігін, оның тұрақтылығы мен орнықтылығын, тұрақты жетілдіруге қабілетті қамтамасыз ететін шарттар мен факторлардың жиынтығы. Экономиканың ұлттық-мемлекеттік мүдделердің жүйелі түрде іске асырылуын, шаруашылық жүргізуші субъектілердің орнықты іске қабілеттілігін, халықтың тыныс-тіршілігінің қалыпты жағдайларын үнемі қолдау қабілетін білдіреді.

Экономикалық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың: Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге; Қазақстанның дүниежүзілік экономикалық жүйеден экономикалық тұйықталуына жол бермеуге; ел экономикасының ресурстық-энергетикалық негізін сақтау мен нығайтуға; Қазақстанның геосаяси төңірегінде туындайтын ықтимал теріс факторлардың әсеріне байланысты мемлекет экономикасының шетіндік дәрежесін барынша азайтуға; Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қатерлі теңдессіздікке

жол бермеуге; экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған шешімдерімен және іс-әрекеттерімен қамтамасыз етілуі керек [1]. Бұл экономикалық тәуелсіздік, ұлттық экономиканың тұрақтылығы және өзіндік даму мен прогреске қабілеттілік жағдайындағы қоғамдық қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыру, сонымен қатар ол экономиканың жай-күйі, онда жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің, аймақтың немесе кәсіпорынның экономикалық мүдделері ішкі және сыртқы қауіптерден сенімді түрде қорғалуы; ол елдің де, жеке адамның да, кәсіпорынның да тұрақтылығының негізі [2].

Жаһандану үрдісі күшейген сайын ұлттық қауіпсіздік мәселесі, әсіресе экономикалық қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Өйткені әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық қуаттылығы, ал түбінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің бірден-бір көрсеткіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі болады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының 2010-2015 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жобасын талқылауда «Қауіп-қатерлерді алдын-ала анықтап, жоюға, тұтастай алғанда елдің дағдарысқа қарсы әлеуетін арттыруға бағдарланған тиімді де осы заманғы ұлттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру қажет, бұл ретте аталған жүйе халықаралық қауіпсіздік саласындағы осы заманғы әлемдік үрдістерге бейімді келіп, икемді, қауіпсіз ішкі және сыртқы ортаны қалыптастыру жөніндегі белсенді іс-әрекетке қабілетті болуы тиіс» деп көрсеткен. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің сандық және сапалық көрсеткіштері бар болғанымен, оның негізгі түйіні ұлттық экономикалық мүдделерді жүзеге асыру қабілетімен көрінеді. Экономикалық мүдде қоғам мен мемлекеттің қысқа мерзімдегі мақсаттарына ғана емес, ұлттық экономиканың стратегиялы дамуын қалыптастыруға әсер етеді. Қазақстанның мүддесін іске асырумен байланысты мәселелерді кешенді шешу, экономиканың алдыңғы қатарлы салаларын сапалы шикізат және жабдықтармен, халық пен әлеуметтік саланы – тұтыну құралдары және қызметтермен, ал сыртқы сауданы – бәсекеге қабілетті экспорт тауарлармен қамтамасыз етуге қабілетті көпсалалы жоғары технологиялы өндірістің тұрақты жұмыс істеуі негізінде ғана мүмкін [3].

Батыс Еуропа елдерінің тәжірибесі көрсеткендей көпшілік компанияларының пайдасына қарай таңдау жасап, ұлттық компанияларды сақтауға мүмкіндік беретін аралық кезендерді қолдануға

тырысады. Әр елдің ұлттық мүддесіне қарай компания қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету бірінші кезекті құрайды. Барлық дамыған елдердің экономикасын жүз мыңдаған, кейде миллиондаған ұлттық компанияларсыз елестету мүмкін емес, олардың бір бөлігі өз қызметін аса ірі ауқымда жүргізеді [4].

Бүгінгі таңда адамзаттың жақын болашағын дәлелді жобалаудың басты шарттарында көрінгендей, алдағы даму жан-жақты, кәсіби білімі, экономикалық үрдістерді терең зерделеуге сүйенетін қажетті біліктілігі болып табылады. Барлық дамушы елдер мақсатты түрде шикізат шылауы рөлінен құтылып, индустриялды болып, ал даму инновациялы, постиндустриялды болып жатыр. Осы заманғы әлемде ешқандай мемлекет сыртқы экономикалық байланысты дамытусыз, озық ғылыми-техникалық жетістіктер мен технологияларды пайдаланусыз серпінді дамып, экономикасын қалыптастыра алмайды.

Әлемдік экономикада трансұлттық компаниялардың рөлі де артып келеді. Қазақстанда трансұлттық компаниялармен есептегенде 8,6 мың шетелдің қатысуымен кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың қатарында «Қазхром», «Қазмарганец», «Қазақстан инжиниринг» т.б. Себебі көптеген стратегиялық маңызды ұлттық компаниялар жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық нарықтан несие алуға мүдделілігі, тез арада экспорт нарығына шығу үшін осындай қадамдарға барып отыр. Трансұлттық компаниялар ел экономикасын еселендірмесе кемітпейтіні айдан анық [5]. Ал, экономикалық өсу деңгейі – маңызды экономикалық қауіпсіздік жағдайының көрсеткіші болып қала береді. Қазақстан өзін индустриялды-инновациялық дамыған ел ретінде мәлімдеуі, әлемдік жоғары технологиялық нарыққа жаңағы әлемдік трансұлттық компаниялармен бірлесе шыға алады.

Әлемдік экономикада халықаралық экономикалық байланыстардың күшті ықпалдасуына байланысты жаһандық түбегейлі өзгеріс жүріп жатыр. Осындай әлемдік экономикада ұлттық компаниялар ұлттық экономиканың негізгі күре тамыры болғандықтан, басты орын алады. Олар ұлттық мүдде мен экономикалық егемендікті, негізінен мұнай-газ және басқа да экономиканың стратегиялық салаларын қорғау мақсатында құрылған еді. Сырт елдермен қарым-қатынасының ұлғаюына байланысты, олардың экономикалық белсенділігін мемлекеттің геосаясатын жасаушы ретінде көруге болады. Ұлттық компаниялардың әлемдік экономикалық кеңістіктегі әрекеті елдің геосаяси ықпалы және ұлттық мүддесінің нығаюын білдіреді. Ұлттық компаниялар

қорларды, өткізу нарығын, еңбек қорларын қолдануды іздестіруде зор белсенділік көрсетеді. Бейресми мемлекеттік министрлік ретінде, тек ұлттық компаниялар негізгі мемлекеттік меншікті бақылайды. Осыдан біз ұлттық компаниялар геосаясатта ұлттық мүдденің табысқа жету құралы ретінде қолданылатынын көре аламыз.

Ұлттық компаниялар стратегиясын тиімді іске асырылуының және болашақта оның коммерциялық табысқа шығуының үлкен тәуекелі бар. Қазіргі уақытта ұлттық компанияларда дамып жатқан қызметтер мен өнімдердің өз инновациялық мәнінде жеткілікті түрде қазақстандық нарыққа тән екенін, өз қызметінде жаңа сервистерді қолдануға дайындығының өсіп келе жатқанын көре аламыз. Ұлттық экономикасы қалыптасқан және дамыған елдердің тәжірибелеріне сүйенсек, олардың жеткен жоғары жетістіктеріне инновациялық инфрақұрылымның оңды әсер еткенін байқаймыз. Олардың әлемдік нарықтағы үлесі де қомақты. Сондықтан да, дамыған елдердің қатарына кіруге талпыныс білдіріп отырған Қазақстанның өзінің мүмкіндіктері мен стратегиялық мақсаттарына сай ұлттық инновациялық жүйесі мен инфрақұрылымын дамыту өзекті мәселе болып отыр.

Ұлттық компаниялар ұлттық экономиканың қоғамдық қажеттіліктерді отандық және халықаралық деңгейде тиімді қанағаттандыруды қамтамасыз етуге қабілеттілігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, ұлттық экономиканың тиімді, динамикалық өсуіне қолайлы әсер ететін ішкі және сыртқы жағдайлардың жиынтығы, оның қоғам, мемлекет, жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, сыртқы және ішкі нарықтағы әр түрлі қауіп-қатер мен шығындарға кепіл беретін бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мүмкіншілігін көрсетеді [6].

Қазіргі уақытта ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған жаңа ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру және республиканың өнеркәсіп пен ғылыми-техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық міндеттері болып табылады.

Қазіргі өмір сүруді іс жүзінде қамтамасыз ететін барлық дерлік салалардағы инновациялық технологиялардың тұрақты даму көзі – әлемдік ғарышкерлік болып саналады. Әлемдік экономикадағы өндіріс пен қызметтердің көптеген салалары ғарыш қызметінің дамуына тікелей тәуелді болып табылады. Әлемдік ғарыш нарығы

Ал, XIX ғасырдың екінші жартысынан Ресей үкіметі өлкені шаруалармен жүйелі түрде барынша қоныстандырып, оны толығымен орыстар мекендейтін аймаққа айналдыруды кезек күттірмейтін міндет етіп қойды. Себебі XIX ғасырдың ортасына дейін Алтайды қоныстандыру негізінен алғанда орыс шаруаларының өз еріктерімен келіп орналасулары арқылы іске асырылып келді. Ал, XIX ғасырдың екінші жартысынан бұл іске мемлекеттік маңыз беріліп, өлкеге мол тұрғыда орыс шаруаларын орналастыру қолға алынды. Осы мақсатты іске асыруда арнайы ережелер, заңдар шығарылды. XX ғасыр басынан Алтай өңіріне орыс шаруаларын тоқтаусыз орналастыру мемлекеттік тұрғыдағы әр уездерде негізделген қоныстандыру комитеттерінің міндеттеріне айналды.

Жоғарыдағы аталып кеткендей, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Алтай аймағын жаппай орыстармен қоныстандырудың мақсаты, барысы, нәтижесі, бұл істі одан ары дамытуға арналған ұсыныстар, т.б. сол мерзімдегі арнайы мемлекеттік басылымдарда үнемі жарияланып тұрды. Оларда өлкені қоныстандырудың ерекшеліктері, көлемі айқындалды. Алайда аталған басылымдардың ешқайсысында да жерсіз қалған байырғы тұрғындардың жағдайы қарастырылып, тағдырлары көрсетілмеді.

Атап айтқанда, Г.Н. Потанинның «Юго-Западная часть Томской губернии в этнографическом отношении» [1, 154] атты шығармасында: «Орыстар келгенге дейін Сібірді чудтар мекендеген. Осы чудтардың: «Сібір топырағында ақ қайың өскен кезде бүкіл жердің иесі Ақ патша болады деген аңыз» болған. Ақ қайың Сібірде пайда болған кезде чудтар барлық байлықтарымен бірге жерге көмілді. Сондықтан да көне заттар табылған және табылатын төмпешіктердің барлығы чудтардікі деп есептейді.

...Алтайда тұратын, православиелік шіркеуі бар, осы жағадан қоңырау дауысы естілетін қашықтықтағы теңіздің арғы жағына орналасқан орыс адамдары арасында «Беловодье» елі туралы аңыз кеңінен тараған. Томск губерниясының тұрғындары екі рет аталған қасиетті жерді ашқысы келді. Осы жүз жылдықтың басында (XIX ғасырдың, – Ғ.Қ.), ал одан кейін ... 1843 жылы Бұқтырмань тау шыңдарында тұратын тас адамдары ... жарты сукноға және төрт марал мүйізіне жолбасшыны жалға алып, балаларын жол дорбаларына орналастырып, Қытай арқылы Беловодьеге аттанды. Олар Қобдо қаласынан қайтадан қайтарылды.

...Өткен жүз жылдықтың (XVIII ғасырдың, – Ғ.Қ.) басына дейін Алтайдың төменгі өңірін ешкім иеленбеген болатын, жазықтықты

орыстық отарлау екі мекен арқылы жүргізілді: сол мерзімдегі Демидов зауыттары болған Чарыш өзені, Өскемен қамалы орналасқан Ертіс арқылы жазық жерлер Алтайдан ішкі Сібір арқылы Барабыға дейін созылды; ал келесі жағынан алғанда Алтайдың альпілік өңірінде кей жағдайда жекелеген жанұяларымен аң аулау мақсатында төменге түсетін қалмақтар көшіп жүрді.

Осы терең ойпатқа жазықтықтан аң аулау үшін немесе міндеткерлік және салықтан қашқан орыс адамдары келіп, осында бірнеше жылдан мекен етіп, тонау мақсатында жазыққа шығатын болды.

...Алтайда және Ертіс бойында тұратын казактар арасында 1770 жылы 138 адамы осында шекаралық поляк қалаларын шапқыншылыққа ұшыратқандықтары үшін жер аударылған запорождықтар туралы аңыздар сақталған» [1, 149-150], – деп көрсетіліп, өлкені қоныстандырудың басталуының жекелеген тарихы баяндалған.

XIX ғасырдың соңынан Г.Н. Потанинның редакциялауымен тұрақты түрде шығарылып келген «Записки Восточно-Сибирского отдела Императорского Русского Географического общества» атты мерзімді басылымның 1889 жылғы санындағы «Переселенческое дело на Алтае. Статистико-экономический очерк С.Л. Чудновского» [2, 156] атты шолуда XIX ғасырдың 60 жылдарынан бастап Алтай тау округін қоныстандыру ісіне сипаттама беріліп, талдау жасалған. Аталған шығармада баяндалғанындай: «Олар барлық жерлерде толығымен орналасуда. ... тұрғындардың аса үлкен көлемін құрайды, сонымен қатар аталған ауданның экономикалық-шаруашылық дамуына ерекше әсер етеді.

...Шаруалар немесе тау-кен істері жөніндегі шенеунікпен, болыс, сонымен бірге село билеушісімен, дәрігер, ... мұғаліммен кездессеңіз де – барлығының басты әңгімесінің бірі – әрине қоныстандыру мәселесі.

Алтай (немесе ескі атауы бойынша Колывано-Воскресенск) тау округі Томск губерниясының ең құнарлы және неғұрлым үлкен бөлігін қамтиды.

...Тау округінің құрамына Бийск, Барнаул және Кузнецк уездері толық құрамдарымен, осылармен қатар Томск округінің оңтүстік бөлігі (бес болыстық), яғни шаруаларымен бірге Барнаул, Бийск, Кузнецк және Колыван қалалары енеді.

Осындай кең аймақ бүкіл Сібір жерінің 3% және де Еуропалық Ресейдің 9% құрайды. Басқа сөзбен айтқанда өзінің көлемі жағынан ол Францияға тең, Пруссия мен Ұлыбританиядан асып түседі.

1882 жылдың 1 шілдесіне Таулы округтың село тұрғындарының саны 1532 селения мен деревняларға орналасқан (ұсақ мекендерді есептегенде) 982 селолық қауымдарға тіркелген 277894 ер адамға жетті.

Деректерге орай аталған селенияларда 7480690 десятина қолайлы және 5528160 десятина қолайсыз жерлер, яғни округтың әр адамына 269 десятина қолайлы жерден айналды.

...Ядринцев мырза «Сібірдің бағалы жері» деген анықтама берген аталған тау округіне қоныстанушылар соңғы кездері ерекше құлшыныспен ұмтылады.

...1884 жылдың 1 қаңтарына Алтай таулы округінде тау-кен басқармасының мәліметтері бойынша селолық қауымдастыққа тіркелмеген отыз төрт мың бес жүз қырық алты (34546) қос жынысты қоныстанушылар анықталды. Осы айтылғандармен қатар 1882 жылдың 1 шілдесіне осы округке 26684 қоныстанушы келген.

...1882 жылдың 1 шілдесіне Алтай округінде тұратын тіркелмеген қоныс аударушылар саны 17942 адам болса, бір жарым жыл ішінде олардың саны 12602 адамға немесе 70,2% артқан.

...Негізінен алғанда 1884 жылдың 1 қаңтарына дейінгі (Алтай тау округі, – Ғ.Қ.) тіркеуге алынбай қоныстандырылғандар Еуропалық Ресейдің отыз губерниясынан келгендер. ...Осы жаңа тұрғындар негізінен алғанда Тамбов, Рязань және Воронеж губернияларынан қоныс аударды..

...Біздің зерттеген болыстықтарымыздың ішінде Смоленск, Сро-стенск, Алтайск болыстықтары қоныс аударушыларды ерте уақыттан бері үлкен қарқынмен өздеріне тартып келеді.

...Верх Катон селосын (халық атауы бойынша Ярки селосы) осыдан 80 жыл бұрын Бииск округі Смоленск болыстығының Верх Ануиск селосынан келгендер негіздеген, ал одан кейінгі 35 жылда мұнда зырындар, одан кейін тағы басқа қоныстанушылар келген. Ярки үлкен және бай село. Онда толығымен Ресейден, соның ішінде Тамбов губерниясынан келгендер тұрады.

...Бийск қаласының оң жағалауындағы бірнеше шақырым қашықтықта Катун өзенінің Бии өзеніне құяр жеріне дейінгі солтүстік жағалауына, келесі бөлігі Бийск казак жүйесі арқылы Бийск қаласынан Өскемен қаласына қаласына дейін созылып жатқан Смоленск болыстығының (жері, – Ғ.Қ.).

Қаралып отырған болыстық құрамына 13 селение: Катунск, Иконниково, Верхне-Ануйское, Грязнуха, Карасук, Кокша, Красноярское,

Нижне-Уймонь, Песчанная, Смоленское, Старо-Трошкинское, Точкина және Усть-Ануйская енеді.

Осы он үш селенияның 12-сі село қауымдастығына біріккен. ...Болыстықтың барлық тұрғындарының саны 10 мыңға жуық екі жынысты адамға жетеді.

...Шындығында да біздің көргеніміздей, (қоныс аударушылардың, – Ғ.Қ.) жаңа мекендердегі экономикалық жағдайлары бұрынғы ескі жерлерінен едәуір жоғары, қазіргі нақты жағдайларын бұрынғы (ондағы) Ресейдегімен салыстыра келе қоныс аударушылар соңғылары туралы мысқылмен және өкінішті қалжыңмен еске алады.

...Кабинет Ресейдегі өзінің иелігіндегі шаруаларға жер бермеген жалғыз помещик болып табылады. Көп миллиондаған орыс шаруалары қауымынан Алтай шаруалары ғана өздеріне (жер, – Ғ.Қ.) бөліктерін алмағандар, осындай жағдай уақыты келгенде болатындығына сенбейді де.

...Алтай тау округі әзірге жыртуға жарамды және орманды жер талап ететін орыс шаруалары үшін қажетті жерге ие. Ол Ресейдің Еуропалық бөлігінде қысылу мен жерсіздіктен зардап шеккен көптеген мың орыс шаруаларына барынша қызмет етер еді. Атап айтқанда, Бийск округіндегі қоныстанушылар ұнатқан болыстықтар қатарында: Бийск, Енисейск, Ануйск, Чарышск, Нижне-Чарышск, Алтайск, Смоленск, Барнаульск және Сро-стенск; Тау Басқармасының мәліметтері бойынша әр адамға есептегенде: Бийск болыстығында – 38 десятина, Енисейскіде – 54 десяти-на, Ануйскіде 33 десятина, Чарышскіде – 100 десятина, Нижне-Чарышскіде – 73 десятина, Алтайскіде – 35 десятина, Смоленскіде – 58 десятина, Барнаульскіде -80 десятина және Сро-стенскіде 29 десятинадан айналады.

...Әрине, Алтайда жер жеткілікті, күрделі қоныстандыру ісін ретке келтіргенде ол орыс адамдарына аз емес қызмет көрсетер еді. Бұдан тек “ресейлік” қана емес, ерте келген тұрғындар да ұтар еді. ... Жақсы ағаш шеберлері, ... егіншілер тері илеушілер, пима басушылар... Алайда барлық жерде жаңадан қоныс аударушылар.

...Қоныстанушылар партиялары ... Тюмень, Томскіге су арқылы пароходпен және құрғақ жол арқылы келеді, ... Елеулі тұрғыда көбі бірінші жолды қалайды.

...Қоныстанушылар қозғалысы 1884 жылы едәуір азайып, одан ары біртіндеп көбейе келе 1888 жылы Томск арқылы өткен 2014 жанұяға жетті, ал Томскіні айналып өткен 3215 жанұя. Басқа сөзбен

айтқанда Томск арқылы өткен қоныстанушылар саны төмендегідей болды:

Томск арқылы өткендер:

Жылдар жанұя адамдар

1884 743 5195 адамға жуық

1885 994 5595

1886 1034 6022

Томскіні айналып өткендер:

1887 1029 17000

1888 2014 18431

Томск арқылы барлық өткендердің жартысынан артығы (55,3%) Кабинет жерлеріне бағыт алды, ал Томск губерниясының басқа аймақтарына барғысы келетіндердің (Томск арқылы өткендердің) 80% (кейін, – Ғ.Қ.) Кабинет жерлеріне орналасуға кетті» [2].

XX ғасырдың басында жарық көрген «Сибирь, ея современное состояние и ея нужды. – Сборник статей под редакцией И.С. Мельника» [3] атты мақалалар жинағында XIX ғасырдың соңы – XX ғасыр басындағы Батыс Сібір, Алтайды мемлекет тарапынан жүргізілген қоныстандыру жағдайы айқындалып, оның қысқаша барысы қорытылған, нәтижесі сарапталған. Атап айтқанда осы жинақтағы “Земельный вопрос и переселение А.Кауфмана” деген мақалада: “Қазынамен бірге Сібірде ... келесі аса үлкен жер иесі билеуші император мен Сібірдегі 43 млн. десятина жерді меншігіне айналдырған Патша Кабинеті иелігіне Томск губерниясының бүкіл оңтүстік ең жақсы жерлері және Забайкальдегі Нерчинск, ... аса үлкен Алтай округі (жатады, – Ғ.Қ.).

Сібірдегі басқа барлық жердің жоғарғы иесі мемлекет болып табылады.

...Бірінші жалпы санақ бойынша анықталған Сібірдің барлық 5700000 тұрғындарының 4950 мыңы орыстар, 750 мыңын бұратаналар құрайды. Яғни, біріншісі бүкіл Сібір тұрғындарының 87%, екіншісі мөлшермен 13%.

Томск губерниясында ...Мариинск, Каинск және Барнаул (уездерінде, – Ғ.Қ.) бұратаналар барлығы 0,6 дан 3,6%, ... Бийск уезінде олар 6,8, Кузнецкіде 17, Томскіде 7,4%. Сонымен бірге бірінші екі уезде бұратаналар түгелге жуық Таулы Алтайға қоныс тепсе, Томск (уезі, – Ғ.Қ.) мүлдем аз қоныстандырылған Нарын өлкесі деп аталатын оның солтүстік бөлігінде тұрады.

...Алтай округіне орналасу 30 жыл көлемінде Сібірдің Байкалға дейінгі аймағына қоныс аудару заңы арқылы іске асырыл-

ды. ...Алтайға қоныс аудару 1860 жылғы арнайы заң бойынша округтың кең және бос аймағы ретіндегі Кабинет мүддесі үшін салыстырмалы жеңілдік негізінде рұқсат беріліп, іске асырыла бастады, нәтижесінде XIX ғасырдың 2 жартысынан бұл аймақ қоныс аударушылардың қызығатын Сібірге қоныс аударудың басты орнына айналды.

Қоныс аударушылардың ұмтылысына рұқсат етілген 1860 жылғы заң шыққаннан күннен ... 1871 жылға дейін округке 12000-нан артық емес адам келді. Алайда одан кейінгі уақытта округке қоныс аудару тез және тоқтаусыз өсе бастады. 1872-1876 аралығындағы бес жылда және 1877-1881 жылдары округке 4300 және 9700 адам келді, ал есепке алынбаған қоныс аударушылар саны 30000-нан асты. Одан кейінгі 1884-1889 жылдары округ жыл сайын 12-ден 19 мыңға дейінгі, ал алты жылда барлығы 96 мың, 1890-1894 жылдары жыл сайын 28-ден 43 мыңға дейін, бес жылда 160 мың; 1895-1898 жылдары округке 136 мың, 1899-1903 жылдар аралығындағы бесжылдықта 160 мың қос жынысты, міне осылай рұқсат берілген заң шыққан мерзімнен 1903 жылға дейін Алтайға 650 мың ... адам өтті», [3] – деп жазылған.

«План работы переселенческого управления на 1908 год» атты келесі жинақтағы «План работы по поземельному устройству и отводу переселенческих участков в Томской губернии на 1908 год» (26 марта 1908 г. №11764) деген тараудағы: «Патша Кабинетінің Алтай округінде қоныстандыру орындарын негіздеу қазіргі жылдан Томск, Барнаул, уездерінде іске асырылады. Мұнда 30000 адамға арналған 200 қоныстандыру бөліктерін айқындау бастау алады.

...Алтай округіндегі қоныстандыруға арналған жерлердің жылдам азаюына орай округтың Таулы Алтай деп аталатын оңтүстік-шығыс бөлігін зерттеу маңызға ие. 13 миллион десятинаны құрайтын аталған өлкеде кең көлемдегі хуторлық шаруашылықты негіздеуге болатын қолайлы жер мол» [4. 28,30], – деген деректер негізінде Алтай аймағын қоныстандырудағы XX ғасыр басындағы атқарылар істер айқындалған.

XX ғасыр басындағы «Сибирь. Оттиск о переселении» [5] атты кітаптың да негізгі мазмұны XX ғасырдың басындағы Батыс Сібір, Алтай аймағын орыс шаруаларымен қоныстандыру тақырыбына арналған. Одан белгілі болатынындай: «Таулы Алтай: Батыс Сібірдің бүкіл ең жақсы жер қоры сөзсіз 1906 жылдың 19 қыркүйегі күні Жоғары мәртебелі заңға сәйкес қоныстандыру қорына өткен патша Кабинетінің жерлері (болып табылады, – Ғ.Қ.).

Бұл жерлерде қырғыздардың көш жолдары болды. Енді жоғарыдағы жарлыққа сәйкес оның Томск уезіндегі 400000 десятинасы жоғарыдағы жарлыққа сәйкес (қоныстанушылар мүддесіне алынды, – Ғ.Қ.).

Бұрынғы келген қоныстанушылар иеліктерінің арасындағы жерлер қоныстандырылған, ал Барнаул уезінде қоныстандыру қорынан бөлінген жерлерге жаңадан келгендер орналастырылып, мықты шаруашылық негізделіп, жаңа өмір басталған» [5.14].

Нақты деректерді қамтыған келесі жазбаша талдауда [6] XX ғасырдың алғашқы он жылдығындағы Алтайды мемлекеттік тұрғыдағы орыс шаруаларымен қоныстандырудың қорытындысы қаралып, болашақтағы атқарылар шаралардың келелігі жазылған. Яғни: «1906 жылғы еркін қоныстануға рұқсат берілуімен Алтай округі бірден қоныс аударушылармен артығымен толтырылды. Бірнеше жылдың ішінде округ тұрғындарының саны екі есеге артып, дала қоныстарға, көп жерді қамтыған қоныстанушылардың өз беттерімен орналасулары нәтижесінде шаруалар мекендеріне толып, тығыз қоныстандырылған аймаққа айналды, жартылай мал шаруашылықты байтақ өңір Сібірдің көне тұрғындары үйренбеген екпінді ауыл шаруашылығы аймағы болып қалыптасты.

...1907 жылы патша Кабинетінің жерге орналастырушы шенеуніктері арқылы орта есеппен 250 селоға, 130 мың ер адамға арналған 2500000 десятина жер бөлініп, көптеген қоныс аударушылар жер алды. (Атап айтқанда, 1907-1911 жылдары 150000 адам орналастырылды және де 50000 адамды қабылдауға арналған жер қалдырылды.)

...1907 жылғы алдын ала анықталған мәліметтер бойынша қоныстанушыларға жер белгілеуге арналған жұмыстар ауданында (жерге орнпаластырылмаған, – Ғ.Қ.) 104648 адам анықталды. 1908 жылғы 1 қаңтардағы жерге орналастыру кезінде 142688 адам немесе 38000 адам артық болды, аудандағы 1909 жылғы жұмыс кезінде адамдар саны 1909 жылдың 1 қаңтарына 170625 адамнан 228340 адамға, немесе 47715 адамға артқан. ... 1909 жылдың шілдесіне дейін жаңадан келгендер 17008 адамға жетті.

...Округтың қаңғыбас қоныс аударушылармен толғандығы соншама, шаруалар өздерінің жерлерін басып алмауы үшін күзет қоюға мәжбүр болды. Сонымен қатар Алтай қалаларының айналымы миллионға жетті, бұрынғы селолар Змеиногорск, Павловск, Камень және 1908 жылы негізделген қоныстанушылар қонысы Славгород

әр қайсысының тұрғындары 10000-ға дейінгі және одан да артық қалаларға айналды.

Міне осылай 1910 жылға Кабинеттің жер қоры толығымен таусылып, қазына мен (орыс, – Ғ.Қ.) тұрғындар округтың негізгі жер иесіне айналды.

Кабинет қарамағында қалған округ жерінің келесі жартысы негізінен алғанда ... таулы аймақтар (13 миллион десятина), көпшілік бөлігі адамдар қоныстанбаған және орманды, көшпенділердің жайылымдықтары, соңында Кузнецк даласы. 1913-14 жылдары бұл уездерде де қоныстандырылатын жерді анықтау толығымен аяқталатын болады.

...1899 жылдан 1906 жылдар аралығында Томск және Бийск уездерінде 220817 адамға, соның ішінде есепке алынбаған 26040 және де қосымша қабылданған 50090 адамға арналған 525 селенияға 4089237 десятина жер дайындалды.

...1907-1911 жылдары 3 уезд бен Таулы Алтайда 673330 адамға арналған 1219 селенияға және жаңадан келетін 149719 адамға 12541867 десятина, сонымен қатар тағы да келуі мүмкін 50090 адамға қосымша жер дайындалды. Қорытындысында округ бойынша 983247 адамға арналған 1744 селенияға 16631104 десятина жер мен ормандар немесе әр адамға 18,6, соның ішінде 16,2 десятина қолайлы жер босатылды, яғни әр отбасына орташа есеппен 65-75 десятинадан айналды.

...Еркін қоныстандыруға рұқсат берілгеннен кейін Алтайға қоныстанушылардың саны 1907 жылы болмаған санға жетті, Новониколаевскіде поездардан 600000 адам түскен. Патша Кабинеті Қоныстандыру басқармасына 1899-1906 жылдардағы Томск пен Бийск уездеріне қоныстандыруға арналған жерлердің барлығын және Барнаул уезінен 90000 десятина жерді бірден берді, осыдан кейін ғана басталуы мүмкін тәртіпсіздіктің алдын алып, келген адамдарды жылдам орналастыру қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар Патша Кабинеті мүмкіндігінше жерге орналасушылардың жер бөліктерін алуға деген мүмкіндігін молайтып, оларды Кузнецк уезінің оңтүстігі, Барнаулдың шығысы және Змеиногорскінің солтүстігіндегі жері мол аудандарға жіберді.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде екі жыл көлемінде 1500000 десятина жер босатылды, сонымен бірге тағы да артық жерлер анықталып, шаруа-қоныстанушылар бірден орналастырылды. 1907-11 жылдары Кабинет 3100000 десятинадан артық жер берді, нәтижесінде 1910 жылға артық жер таусылды.

(Алайда осыған қарамастан, – Ғ.Қ.) «... өз беттерімен жекелеген жер іздеушілер (ходоки) және қоныстанушылар өздері ұнатқан Алтайға поездардан түсіп, үкіметтің жарлығымен қоныстандыруға тиісті деген желеумен басқалардың жерлеріне орналаса бастады. Жерге орналасуға рұқсаттың берілмеуін қоныстанушылар заңсыз деп бағалайды..

...Мұндай қоныс аударушылар селолық жерлерге ғана емес, қалалық қоныс атауына ие болған мекендерге, тіпті бұрынғы қалаларға орналастырылып, ауылшаруашылығын жүргізуге арналған, соның ішінде құнарлы жер алуға үміттенеді..

Шаруалардың округтың барлық жерлерін басып алып, егістікке және мал жайылымына айналдыруға ұмтылуының негізі де бар, себебі жердің басым бөлігі бос жатқан. Келесі жағынан алғанда бағалы жерлерді қоныстану мақсатында басып алуға жағдай жасау немесе оны қоныстанушылар үшін жалдамалы жерге айналдыруға да Кабинеттің негізі жоқ.

...Алтай округінің қалалары әрқашан Кабинеттің тегін жерлерін пайдаланып келді, ал 1897 жылдан кейін 300 шаршы шақырымдық тегін мал жайылымдық жерлерін алды.

...Қалалар өсіп, өз қарамағына қала маңайы жерлерін қосып алады, ... сонымен қатар көптеген қалалар Кабинеттің келісімімен ойдағыдай орналасып, ... тіпті жақсы шіркеулер мен соборлар Кабинеттің араласуымен, немесе оның көмегімен салынды.

...Тұрғындары 1905 жылы есепке алынған 4214 екі жынысты адам, есепке алынбағаны 2430, 1910 жылы 1690 от басына (Камень қаласына, – Ғ.Қ.) Обь өзенінің жағалауынан 20 шақырымдық жерден 40000 десятина жер берілді.

...Алтай таулы округінде 1894 жылдан бастап 2 казак әскерлері: Бийск және Ертіс 445708 десятина жермен қамтамасыз етілді. 1896-98 жылдары 182000 адам қоныстанушы Кабинет қаржысымен орналастырылды, 10 жыл уақыт өткеннен кейін 2 уезд бойынша біртіндеп 1906 жылға дейін округке келген қоныстанушылар 2 миллион десятиналық жерді қамтыған 27 қонысқа орналастырылды. 1897 жылы 5 қалаға жер берілді, 16142 тау-кен жұмысшысына 228292 десятина жер бөлінді. ... 1899 жылы жерге орналастыру басталып, 1912 жылға әр адамға есептегенде 16,2 десятинанан құрайтын 16631104 десятинадан тұратын жер үлесі 1744 селения мен қоныстарға берілді. Көшпелі бұратаналардың жерлері зерттеліп, отарлау қорына 3197310 десятина жер өткізілді.

...Алтайдың лайықты болашағын қамтамасыз етудегі мемлекеттік міндет құнарлы жер бөліктерін шаруаларға егістік және жайылымдық жерлер ретінде беру емес, онда жаппай өндіріс пен тау-кен ісін дамыту болып табылады. Бұған барлық жағдай бар. Округ көмірге (Томи өзені аңғары), тұзға, кенге: мыс, күміс, қорғасын, мырышқа (Змеиногорск өлкесі) бай, оңтүстікте қымбат жүнді қой, жылқы шаруашылығының негізі қаланды.

Осы мерзімге дейін бұл салалардың дамуына жол байланысының болмауы, жұмыс қолының қымбаттылығы кедергі келтірді. Алтай темір жолының салынуымен бұл кедергілер жойылады: Змеиногорск ауданындағы отынды тасуға мүмкіндік туады, көмір өндіру ісі дами бастайды, Бийск арқылы Қытаймен сауда дамиды, округтың өнеркәсіптік өңірінің дамуы өркендейді, егіншілікке негізделген шаруалар шаруашылығын дұрыс жолға қойғанда Алтайдың бай табиғаты Сібірдің өңдеуші өнеркәсібінің орталығына айналады» [6].

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы мазмұндары жарияланған басылымдардан XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі мерзімдегі Батыс Сібірді, соның ішінде Таулы Алтай аймағын Ресей империясы тарапынан орыс шаруаларымен қоныстандырудың барысын, оның көлемін, ауқымын саралауға болады. Сонымен қатар аталған деректер арқылы империялық отарлаудың жергілікті халыққа, соның ішінде Орта жүзі рулары қазақтарына әкелген алапаты мен қасіретінің ауқымы да толығымен айқындала түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Потанин Г.Н. Юго-Западная часть Томской губернии в этнографическом отношении. – СПб., 1863 № – С.154.
2. Записки Восточно-Сибирского отдела Императорского Русского Географического общества. Том-1, Выпуск-1, под редакцией Г.Н. Потанина. Переселенческое дело на Алтае. Статистико-экономический очерк С.Л. Чудновского. – Иркутск, 1889 № – С.156.
3. Сибирь, ея современное состояние и ея нужды. – Сборник статей под редакцией И.С. Мельника «Земельный вопрос и переселение: А. Кауфмана». – СПб., 1908. – С. 79-140.
4. План работы переселенческого управления на 1908 год. – СПб., 1908, С.395.
5. Сибирь. Оттиск о переселении. – СПб., 1910. – С.84.
6. К вопросу о землеустройстве на Алтае и земельной политике Кабинета его Величества. – Барнаул., 1912. – С.25.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына тарихи шолу

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Бәсекеге қабілеттіліктің алғышарттары
Бәсекеге қабілеттілік – өзінді танып анықтау арқылы көз жеткізілген барлық артықшылықтарды пайдалану. 2007 жылы Ұлт көшбасшысы Қазақстанның ғылыми сыйымды экономикасын құрудағы басты кедергі – өз мүмкіндіктеріне сенбейтін және орынды тәуекелге бармайтын шығармашылық ізденістері жоқ адамдар болуы мүмкіндігін айта келе, мұндай мәселені шешудің көзі ретінде индустриалды-инновациялық дамудың стратегиясын негіздеді, жауапкершілік алатын жастардың жаңа буынына үміт артты.

Заманауи жағдайдағы Қазақстан өркендеуінің экономикалық негіздері халықтың қоғамдық белсенділігін көтеру мен өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. Нарықтық бәсекеде интеллектуалды кірістерді (ренталар) иеленген фирмалар немесе кәсіпорындар жаңаша іс-қимылдарды монополиялық пайдалана алған жағдайда жеңіске ие болады. Қазіргі экономикалық өсу жоғарғы тәуекелге бару арқылы жалпы ғылыми ортаның, ақпараттық инфрақұрылымның даму деңгейіне, ғылыми зерттеудің қаржылық көлемінің мөлшеріне, олардың нәтижелерін коммерциялық жүзеге асырудың белгісіздігіне тәуелді басқару тәжірибесіндегі үздіксіз инновациялық үрдістерге

көшуге жетелейді. Сондықтан да ғылыми-техникалық жетілдіруді мемлекеттік ынталандыру айқын қажеттілікке айналып отыр. Бұл «тұтыну қоғамынан» өмір сапасына бағытталған интеллектуалды қоғамға өтуді білдіреді. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев инновациялық экономиканы құру экономиканы әртараптандыруға бағытталған индустриалды-инновациялық стратегияны жүзеге асырумен тікелей байланыстылығымен қатар, ол болашақтың бағдарламасы, яғни Қазақстан жетекші дамыған елдер сияқты жетістіктерге жетуге талпынатынын айқын көрсетті. Бұл мақсатқа жету үшін адамдар әлеуетін, табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін түпкілікті көтеру қажеттілігі тұр. Әр елдің өзіндік ерекшеліктері бар, Қазақстанның да тиімді жүзеге асырылатын ұлттық бәсекелік басымдылықтары бар, олардың ішінде табиғи ресурстар қоры: вольфрамның әлемдік қорының 50%, уранның 25%, хром құрамды қазбалардың 23%-ын құрайды. Қазақстанда бүкіл дүниежүзіндегі фосфор қорының 90% орналасқан және сирек металдар монополиялық өндірушілерінің әлемдік клубына кіреді. Бірақ республика бай табиғи ресурстары бола тұра, ішкі өндірісте жоғарғы технологиялық туарлар мен қызметтің жетілдірілмегендігінен шығаратын өнімі жалпы әлемдік өнімнің 0,06%-нан аса алмады. Қазақстанның ұлттық басымдылықтарының бірі – аграрлық өндіріс. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және жетілдіру салаларында кластерлік бастамаларды жүзеге асыру арқылы аграрлық секторды индустрияландыру жұмысы қолға алынды, әсіресе нарықтық бәсекені қалыптастыру. Жаһандық бәсеке – заманауи қоғамдық даму заңдылығы, ол ұлттық мемлекетті ғана қамтымайды, ол трансұлттық корпорациялар арасында да жүреді. ТҰК интеллектуалды, ғылыми-техникалық және қаржылық әлеуеттік ортада құрылады. Шамамен неғұрлым табысты салалардың әлемдік сауда және қаржы айналымының жартысынан көбі солардың бақылауында. Көптеген ТҰК өздерінің экономикалық айналымы жөнінен ірі елдерден асып түседі. Жетекші 500 трансұлттық корпорациялар өңдеуші кәсіпорындар экспортының үштен бірін, әлемдік саудадағы шикізаттық туарлардың төрттен үшін, жаңа технологиялық сауданың бестен төртін қамтиды, дүниежүзінің барлық елдерінде ондаған миллиондаған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етеді. Қазақстан ұлттық реформаға сенім арта 10 жылдан аса уақыт мерзімінде нақты нарықтық экономикаға қол жеткізді. Қазіргі кезеңде экономикалық өсімнің негізгі көзі елдің шикізаттық әлеуеті болып табылады. Республика экономикасына тікелей шетелдік инвестициялар тартылды және ашық сыртқы

сауда саясатын жүргізеді. 2004 жылы сыртқы сауда айналымы көлемі 7 млрд. доллардан аса оң айырыммен, 33 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 1994 жылмен салыстырғанда үш есе өсімді берді. Сыртқы сауда жүргізу аймағы алғашында ТМД көлемімен шектелсе, 2004 жылы Қазақстанның тауар айналымы құрылымында алғашқы орынды ЕО елдері, Ресей, Швейцария және Қытай тұрды. Осылайша Қазақстан жаһандық бәсеке орталығына қосылды. Әрбір ел ұлттық тәуелсіздігіне, жеке дамуына ұмтылғандықтан да ашық ұлттық нарық, шетел капиталын, халықаралық кооперацияны тарту, әсіресе экономиканың стратегиялық салалары қатаң бақылауды қажет етті. Елдің ұлттық мүддесі жергілікті капиталды толықтырумен, отандық тауар өндірушілерді қолдау, оларды ынталандырумен байланысты болды. Дамудың түпкі мақсаты – халықаралық еңбек бөлінісінде бәсекеге қабілетті, бірте-бірте легитимді пайда табу (заңнамалық негізде) арқылы ұлттық капиталды қалыптастыру [1, 344].

Шетелдік жұмыс күшін тарту ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы, шарттары және жұмыс берушіге рұқсат беру тәртібі Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылды. 2004 жылдың 1-ші наурызынан бастап шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша жұмыс берушілерге рұқсат беру қызметі жергілікті атқару органдарына (2004 жылдың 27 қаңтарындағы № 524-ІІ «Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес) берілді. Жоғары білікті шетелдік мамандарды тарту 2004 жылы тұрғындардың экономикалық белсенді бөлігінің 0,28%-на (21179 адам) дейін ұлғайтылды, 2005 жылғы квота да (22077 адам) осы шамада бекітілді. Министрліктің құзырында ҚР Үкіметі белгілеген квотаны облыстарға, Астана және Алматы қалаларына бөлу қызметі қалдырылды. Қазақстан Республикасына 2001-2004 жылдар аралығында ҚР Үкіметімен бекітілген квота аясында жұмыс берушілер орта есеппен 13,8 мың шетелдік жұмыс күшін тартты.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат келесі жұмысшылар дәрежелері бойынша берілді:

- бірінші дәреже – ұйымның басшылық құрамына тарту;
- екінші дәреже – белгіленген тәртіп ережелеріне сай расталған құжаттары бар жоғары және орта кәсіби білімді мамандарды тарту;
- үшінші дәреже – білікті жұмысшыларды тартуға;
- төртінші дәреже – еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау салаларындағы ынтымақтастық туралы

келісімдерге сәйкес, маусымдық ауыл шаруашылық жұмыстарына жұмысшылар тарту.

Өкілетті орган рұқсатнама беру кезеңінде жұмыс берушілерге, олармен келісім бойынша ерекше шарттардың орындалуын жүктейді:

- 1) Қазақстан жұмысшыларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін жоғарлату;
- 2) Шетелдік жұмыс күшін одан әрі алмастыру үшін қазақстан жұмысшыларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін жоғарлату;
- 3) Қалыптасқан жұмыс орнын сақтау;
- 4) Қазақстан азаматтары үшін қосымша жұмыс орнын құру [2].

Қазақстандағы шетелдік корпорациялар геологиялық іздестіру жұмыстарын жүргізді және кен орындарын бірінен соң бірін ашты. Сонымен қатар салық, ел үшін пайдасы аз келісімдердің бекітілуіне байланысты дау-жанжалдар, келіспеушіліктер, жемқорлыққа қатысты шу, экологияға қарсы әрекеттер де белең алды. Бірақ Қазақстан күйзеліс пен әлеуметтік қақтығыстарға жол бермей, тұрақтылығын сақтай алды. Республикада жаңа технологияны игеруге жол ашылды, нарықтық басқару тәжірибесін меңгерді. Қазіргі кезеңде нақты сектордағы серпінді жобаларды жүзеге асыратын мемлекеттік-жеке серіктестікті дамытуға көңіл бөлінуде. Сыртқы нарықтағы өндірістің әлемдік технологиясы негізінде қазақстан бизнесінің көшбасшыларын шығару міндеті белгіленді. Мәселен, «Қазақмыста» жұмыс жасайтын «Самсунг» компаниясы, «ҚазМұнайГаз», «Қазатомөндірісі», «Еуразиялық өнеркәсіп ассоциациясы», «Теңізшевройл», «Маңғыстаумұнайгаз», «МитталСтил Теміртау», Оңтүстік Қазақстандағы «еркін экономикалық аймағы» – тоқыма кластері, Қызылордадағы әйнек құрылысы заводы, Павлодар алюминий заводы, Атыраудағы мұнай-химия кешені және басқа да корпоративті көшбасшыларды экономиканың жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ете алатын шағын және орта кәсіпорындарға айналдыру мақсаты қойылды. Ірі корпоративті компаниялар дүниежүзілік нарыққа, ал содан соң Қазақстанның қор нарығына шығады. Бәсекеге қабілетті экономика – бұл бәсекеге қабілетті мамандар. Республикада 2007 жылы бір мың жұмыс жасайтындарға үш ғалымнан келсе, көрші Ресейде бұл көрсеткіш 7,5. Ал ЕО-5,8, АҚШ-9,3 келген [1, 366].

Қазақстандықтардың деңгейін ортаеуропалық деңгейге жеткізу үшін ғылымды қаржыландыруды 25 есе көтеру және жылына 350 млрд. теңгеге жеткізу қажет болды. «Ғылым» туралы Заң бекіді. «Болашақ» бағдарламасында техникалық мамандықтарға

басымдылықтар берілді. Білім беру жүйесінде дүниежүзілік стандартқа сәйкес келу үшін реформа жасалынуда. 2001-2006 жылдар аралығында республикадағы әлеуметтік-экономикалық серпіліс нәтижесінде Қазақстан аймақтық көшбасшыға айналды. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, экологиялық жағдайлар, ауыл аймақтарындағы тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру, жұмыссыздыққа, нашакорлыққа және қылмысқа қарсы шаралар жасалуда. Бұл шаралардың нәтижелі болуында, әсіресе қоғамдық дамудың шешуші күші ретінде – адам капиталының рөлі ерекше екені айқындалды.

Бәсекеге қабілеттіліктің негізгі бағыттары

«Қазақстан-2030» Стратегиясын дәйектілікпен іске асыру елдің алға ілгерлеуіне берік негіз қалады. 2007 жылы бірден-бір дұрыс бағыт ретінде, Қазақстандық дамудың жаңа кезеңі – жан-жақты жаңғыртуды жеделдетуге бағыт түзелді. Әлемде Қазақстан мен қазақстандықтардың лайықты орын алуы, халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрмыс деңгейін көтеруді қамтамасыз ету үшін сыртқы нарықтарға шығып, онда мықты орнығу міндеті тұрды. Ол үшін табыстарға қол жеткен секторларда және басқа да салаларда жаңғырту қарқынын жеделдету міндеті қойылды. Елдің толық әлеуеті бәсекеге қабілеттілікке жұмылдырыла бастады. Басты мәселе ұлттық экономиканың әлемдік экономикаға кірігу белсенділігіне тікелей байланысты болды.

2004 жылы қазақстандық бизнестің қалыптасқандығы ресми жариялана бастады, бірақ ең алдымен ішкі ғана емес, сыртқы әлемдік рыноктардағы бәсекелестікке қол жеткізу міндеті тұрды. Қазақстан капиталының шетелге қозғалысына, оның сыртқы рыноктарды игеруіне қолдау жасалды және шетелдегі барлық мемлекеттік құрылымдар отандық бизнеске көмек пен қолдау көрсетті. Жаңа міндеттерді шешуде Үкімет және өңірлерден өкілдік ететін акционерлер қаржыландыру арқылы қол ұшын берді. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жаңғыру мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне тағы бір қадам Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясы» Қазақстан халқына 2006 жылғы 1 наурыздағы Жолдауы және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдаулары негізінде Қазақстанның 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму Стратегиясы

қабылданды. Бұл құжат алдағы міндеттерді бәсекеге қабілетті даму ұғымына топтастырған ірі жаңғыртылған жоба болды. Қоғамның барлық мүшелерінің бастамашылдығы мен іскерлігіне негізделген ашық нарықтық экономика – халық тұрмысының жоғарғы сапасы және алдыңғы қатарлы әлеуметтік стандарттарын қамтамасыз етуге қабілетті, халықаралық қоғамдастықтың толық құқылы және жауапты мүшесі ретінде, Қазақстанның бәсекелестікке қабілеттілік көрсету мүмкіндіктерінің негізі болды.

Елдің геосаяси тұрақтылығы және өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде маңызды міндеттер атқарылды [3, 221]. Қойылған міндеттерге сәйкес, Президент бастамасымен экономиканы тиімді басқаратын жаңа институционалды негіздер құрылды. Олар ұлттық компаниялар мен мемлекеттік меншік үлесі бар акционерлік қоғамдар қызметін үйлестіру бағытында мемлекеттік активтерді басқару бойынша «Самұрық» Қазақстан холдингі және дамудың ұлттық институттарын тиімді басқаруға жауапты «Қазына» тұрақты даму Қоры. Бәсекеге қабілеттілік мәселелері, барлық жиындарда және үкімет отырыстарының экономикалық шешімдері мен мазмұнын құрады. 2006 жылдың өзінде мемлекеттің экономикалық әлеуетін көтеруге бағытталған стратегиялық құжаттар қабылданды: Қазақстанның 2015 жылға дейінгі көлік кешенін дамыту Стратегиясы, Аймақтық даму Стратегиясы, Алматы қаласында аймақтық қаржылық орталық құру Тұжырымдамасы, Қазақстанның тұрақты даму Тұжырымдамасы, Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясын құру Тұжырымдамасы және т.б.

Елбасы мәселелерді талқылауда бірнеше рет Премьер-министр, Үкімет мүшелері, облыс, Астана, Алматы қалалары әкімдерін, министрліктер мен ведомства жетекшілерін қабылдады. Ұлттық Банк, Қаржы нарқы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі, республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті, «Қазына» тұрақты даму Қоры, мемлекеттік активтерді басқару бойынша «Самұрық» Қазақстан холдингі, Қазақстан инвестициялық қоры, ұлттық компаниялар есебі мен ақпараты тыңдалды. 2006 жылдың қаңтарындағы Үкіметтің алғашқы жаңартылған құрамдағы отырысында Президент Н.Ә. Назарбаев экономикалық дамудағы басым міндеттерге (қаржы-экономикалық жағдайлар, құнсыздануға қарсы күрес, 2006 жылғы бюджет, монетарлық және фискальды саясат және т.б.) орай, оларға байланысты бағдарламалар мен жобаларды ретке келтіру тапсырылса, осы жылдың шілде айында оның орындалу барысы, тамыз ай-

ында Үкімет жетекшілерімен 2007 жылға арналған республикалық бюджет жобасы, ал қараша айындағы селекторлық жиында Қазақстан Республикасының «мүлікті заңдастыруға байланысты амнистия жөніндегі» Заңының орындалу барысы қарастырылды. 2006 жылдың қараша айындағы өткізілген Республика қаржыгерлерінің VI Конгресінде Қазақстанның қаржы секторын жаңғырту жолдары, елдің БСҰ кіру қарсаңындағы оның бәсекеге қабілеттілігін көтеру мәселесі талқыланды. Осы жылғы Президенттің аймақтағы іссапарының мақсаты да әлеуметтік-экономикалық даму төңірегінде орайластырылып, 10 аймақта тікелей Елбасының қатысуымен 60-тан аса аймақтық іс-шаралар өткізілді. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылық, әлеуметтік мәңдегініс сандарда, ауыл тұрғындары отбасыларында болды. Президенттің қатысуымен Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін көтеруге бағытталған жаңа өндіріс орындары қосылып, бірқатар ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақұлданды. Мәселен, Солтүстік Қазақстанда посткеңестік кеңістікте баламасы жоқ «Биохим» өндіріс кешені, Қарағандыда заманауи неміс технологиясы бойынша құрылыс және қыш кірпіш шығару зауыды, Ақтөбе облысында мыс рудасын өңдеу бойынша байыту фабрикасы, Атырау облысында қайта жабдықталған мұнай өңдеу зауыды, Орал қаласында газ-құбыры станциясы, Алматы қаласында ақпараттық технологиялар паркі, Ақмола облысында «KazSat»-жербеті космос құралдарын басқару жер беті кешені. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы шетел инвесторлары Кеңесінің екі отырысына Елбасы төрағалық етті. Онда шетел инвесторлары мен қаржы институттары қызметіне қолайлы жағдай жасау, жемқорлықпен күрес, мемлекеттік аппарат жұмысының транспаренттілігін көтеру, кәсіби-техникалық білім берудің тиімді жүйесін құру, Қазақстан экономикасы сұранысының жан-жақтылығы қарастырылды. Әлемдегі танымал «International Herald Tribune» газеті мен Қазақстан Үкіметі ұйымдастыруымен өткізілген III Қазақстан инвестициялық саммиті жұмысында Президент Н.Ә. Назарбаев шетелдік серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастық үшін Қазақстанның әлеуетінің зор екендігін атап өтті. Сонымен қатар республикада бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау – мемлекеттің басым міндеттері ретінде капитал мен инвестиция тартымдылығының орталығы, ірі әлемдік компанияларды, жаңа технологияларды және ноу-хауларды аймақтық өндіріс пен филиалдарға орналастыру керек және қажет еді. Н.Ә. Назарбаевтың инвесторлармен және халықаралық қаржы-экономикалық институттардың өкілдерімен үнемі кездесу және

сұхбаттасуымен (ЕБРР Президенті Ж. Лемьермен, танымал компаниялар басшыларымен «Eni S.p.A.», «BG Group», «Gredit Suisse Group», «Mashreg Bank», «ExxonMobil Corporation», «Arcelor Mittal», «JPMorgan Chase & Co», «Halliburton», «Okan Holding», «Chevron Corporation», «Total S.A.», «ConocoPhillips Inc.», «Access Industries», «BAE Systems», «Лукойл» және т.б.) елдің экономикалық инфрақұрылымдарын одан әрі дамыту және оны әлемдік нарықтағы экономикалық орнын нығайту мүмкін болды [4, 211].

Әлемдік дағдарыс жағдайында да өндірістің кейбір салаларында алға шығу мүмкіндігі бар екенігі халыққа жария етілді. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта өмірге қабілетті және икемді экономика жасау үшін күрделі құрылымдық реформалар жүргізілді, экспорттық әлеует ұлғайды және әртараптандыру басталды. Сондықтан да қазіргі кезеңде Қазақстан дағдарысқа қарсы саясат жүргізуге қабілетті.

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың құралы – мемлекеттік қаржы ресурстарын тарту арқылы жаңа өндірістерді қаржыландыру. Қазір жаңа өндірісті қалыптастыру және кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған мамандандырылған индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымдар, мемлекеттік бірнеше даму институттары қызмет атқарады.

Реформа нәтижесінде болашақта өнеркәсіп құрылымында және экспортта өзгерістер жасауға қабілетті ірі жоғарғы технологиялық макрожобалар енгізіле бастады, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті 30 корпоративтік лидерлер-компаниясы құрыла бастады. Қаржы секторын дамыту Қазақстанның экономикалық өсуінің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Қазақстанның қаржылық секторын дамыту тұжырымдамасында алға қойылған міндеттер тұтастай алғанда орындалды. Негізгі мақсатқа қол жеткізіліп, еркін бәсекелестік жағдайында тиімді жұмыс істейтін қаржы жүйесі қалыптасты. Қаржы секторы бойынша жеке сектор мен мемлекеттің бәсекелік артықшылықтарға тоқтала келе, Президент Н.Ә. Назарбаев 2006 жылы Қазақстан қаржыгерлер Конгресінде әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына Қазақстанның енуі жолындағы стратегиялық мақсаттарға жету үшін біліктілік пен күш-жігер, ба-тыл қимылдарға шақырды және алдағы мезгілде атқарылатын отандық қаржы секторын дамытудың нақты негізгі міндеттерін жариялады:

1. Отандық қаржы нарқын дамытудың келешегін анықтау;
2. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен үдемелілігін нығайту;

3. Алматы қаласын аймақтық орталық ретінде дамыту, бұл стратегиялық міндет болып табылады;

4. Қазақстанның БСҰ кіруіне қаржы секторын даярлау [5].

Әлемдегі барынша қанатын жайған жаһандану үрдісінен басқалар да тыс қалмайтыны сияқты Қазақстанның әлем елдерінде алатын орны, оның бәсекеге қабілеттілігіне байланыстылығы айқын. Экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны тұрақты ұстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. 1991-2011 жылдары аралығында бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын ең маңызды көрсеткіштер бойынша Қазақстан әлем елдерінің орташа табысы бар елдерінің қатарына қосылды немесе кейбір көрсеткіштерден олардан да ілгері сатыға көтерілді. Ішкі жалпы өнім 12 есе өсіп, 180-нен астам әлем елдерінің бел ортасынан орын алды. Ішкі жалпы өнімнің өсу қарқыны ТМД елдері ғана емес, Оңтүстік Шығыс Азияның «жолбарыстары» атанған Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия елдерінің, олар егемендік алған алғашқы 20 жылдағы өсу қарқынынан жоғары болды. Алайда бұл жетістік жеңілдікпен келген жоқ.

Қазақстан экономикалық дағдарыстан шығудың әлемдік тәжірибелеріне (Малайзияның «Келешек-2020», Қытай, Оңтүстік Корея Стратегиялық жоспары, Рузвельттің экономикалық жолы) мән бере отырып, алдағы экономикалық міндеттерді ғана анықтап қойған жоқ, осы тұста оның серпінді жолы жеке Ұлт көшбасшысының зерделеуінен өтті. Мәселелерді кешенді қарастыру қажеттігі және негізгі ресурстарды шектеулі басымдылықтар санына бұру бағыттарын анықтау, қойылған мақсатқа жылдам жету жолдарын қарастыру қажеттілігі туындады. 2007 жылдың өзінде жеткен жетістіктерімен «Қазақстан-2030» Стратегиясы «қарқынды даму моделі» өзгерістерімен өзінің өміршеңдігі және тиімділігін дәлелдеді немесе Президент сөзімен айтқанда: «...Экономиканы мүлде басқа жүйеге ауыстыру, нарық заңдылығын игеру, кадр мәселелерін шешу, ескі дағды, ескіше ойлаудан арылу біз үшін оңайға түсті деп айта алмаймыз. Көп ойландық, көп іздендік, шетелден кеңесшілер шақырдық. Қалайда аз уақыттың ішінде тығырықтан шығу қажет болды. Мінеки осындай ұлы мақсат, қауырт қажеттіліктен барып «Қазақстан-2030» Стратегиясы дүниеге келді. Одан бері он жыл өтті. Он жылда өзге елдер бірнеше он жылда жетпеген биіктерге қол жеткіздік. Стратегия бізге жарқын жеңістер мен тамаша табыстар әкелді. Қазақстан тәуелсіздік тарихын қатар бастаған өзге ТМД елдерінің алдына шықты. Әлемдік деңгейдегі өркениетті елдермен бой теңестіре бастадық. Стратегияның 10 жылдығы шын мәнінде тарихи кезең» болды [6].

2007 жылы дүниежүзілік қаржы дағдарысы Қазақстан экономикасы дамуына өзінің өзгерістерін енгізді. 2007 жылы күзде Қазақстан қаржы дағдарысының бірінші толқынымен бетпе-бет келді. 2007 жылдың екінші жартысында АҚШ-тағы ипотекалық облигациялар нарығының құлдырауынан басталған қаржы-экономикалық дағдарыс іс жүзінде әлемнің барлық мемлекеттерін қамтыған еді. Қазақстан Үкіметі болжамдалған халықаралық қаржы мен азық-түлік нарығындағы тұрақсыздығынан туындайтын келеңсіздік зардабының алдын алуға жедел шаралар қолданды. Мемлекеттік қолдау көрсетілген маңызды салалар құрылыс, кіші және орта бизнесті несиелендіру, азық-түлік қауіпсіздігін сақтау. Мәселен, үлескерлікпен құрылыс салушылардың мәселесін шешуде екінші деңгейлі банк арқылы 184,7 млрд. теңге бөлінді. Кіші және орта бизнестің іскерлік белсенділігін қолдау үшін, олардың жобалары 155 млрд. теңгеге қаржыландырылды. Агроөнеркәсіптік кешендерді дамыту және азық-түлікпен қамтуға 15 млрд. теңге бөлінді. Мемлекеттік бюджеттен жалпы 550 млрд. теңге бөлінді. Қорытындысында Қазақстанда 2007-2008 жылдары экономика өсімі жалғасын тапты – ЖІӨ өсімі орташа 4% құрады. Жұмыссыздық деңгейі 7%-дан, құнсыздану деңгейі 10%-дан асқан жоқ. Банктік жүйеге сенім арта бастады, 2008 жылдың он айында банктағы депозиттер 21,8%-ға, оның ішінде тұрғындар депозиті 2%-ға өсім берді. Жаһандық деңгейде экономика әлсіреп жатқан кезеңде, Қазақстан мықты қорымен алтынвалюталық резервімен және Ұлттық қорға кірді. 2008 жылдың 1 қарашасында оның жалпы көлемі 47 млрд. АҚШ долл. құрады. Мемлекеттік қарыз көлемі ЖІӨ 1,5%-нан асқан жоқ, бюджет тапшылығы төменгі деңгейде, ЖІӨ 2%-нан асқан жоқ. Осылайша Қазақстан әлемдік қаржы дағдарысын экономиканы сауықтыру мен оны келешекте тиімді пайдаланудың негіздерін жасау мүмкіншілігі ретінде қабылдады [7].

2007 жылы Қазақстан «АТ Kearney» рейтингісіне сәйкес инвестициялық тартымды елдер тізімінде 25-ші орында, ал салық төлемақысының қарапайымдылығы деңгейінің көрсетілуі бойынша Дүниежүзілік Банк рейтингісінің 178 елдің ішінде 44-орында тұрды. 2006 жылы 66-орында болған еді. Дүниежүзілік Банк баяндамасында Қазақстан 2006-2007 жылдарғы салық төлемін жеңілдеткен, бірақ реформаны одан әрі қарай жалғастыру қажеттілігі бар, реформатор-ел қатарына енгізілді [8].

Отандық экономист-ғалымдар Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін көтеруді зерделей келе, оның негізгі

бағыттарын былайша тұжырымдайды: Қазақстандағы бәсекеге қабілеттіліктің күшті және әлсіз жақтарын анықтау қажеттілігі туындады. 2006 жылы Қазақстан Бүкіләлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік Индексі рейтингінде (2005ж. – 51 орын болған) 56 орынды алды. Салыстырмалы түрде Ресейдің 62-ші, Әзірбайжан 64-ші, Украина 78-ші, Армения 82-ші, Грузия 85-ші, Молдова 86-шы, Тәжікстан 96-шы, Қырғыз Республикасы 107-ші орында болғанын ескерсек, Қазақстан ТМД елдері арасынан бәсекеге қабілеттілік көрсетуге үміт күттіретіні айқын болды. Бәсекеге қабілеттілік индексі бәсекеге қабілеттіліктің үш астары бойынша – макроэкономика, қоғамдық институттар және технология жағынан есептелінсе, жаңа заманауи жаһандық бәсекеге қабілеттілік Индексі (БҚИ) тоғыз аспекті бойынша алынады: институттар, инфрақұрылым, макроэкономика, денсаулық сақтау және бастауыш білім, жоғарғы білім және біліктілікті арттыру, нарықтық тиімділік, технология, бизнес, инновация дамуы. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау және бастауыш білім беру, бизнес пен инновация мәселелерін шешуде жұмыстары күн тәртібінде тұрды. Индустриалды-инновациялық даму Стратегиясын жүзеге асыруда ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің технологиялық өлшемі – технологиялық даярлық (66-орын) пен инновацияға (70-орын) байланысты БҚИ-нің екі параметрі өзектілігінің маңызы зор болды. Нәтижелі қорытындыларға жету үшін, алға қойылған Стратегия және басқа бағдарламалық құжаттардың технологиялық дамуының басымдылықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нақты тетіктерді анықтайтын және өнеркәсіп саясаты туралы, ұлттық экономиканы дамытудың жаңа жолдары жөніндегі құжаттар қажет болды. Мамандар тарапынан ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің баға критерийлерін отандық мамандар жасау керектігі айтылған (әлемдік саудада, жалпыэкономикалық сипатта, технологиялық, институционалдық, ұлттық экономиканың жеке нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын) ұсыныстар жасалынды. Әсіресе Президент Жолдауына байланысты Қазақстан Республикасының Экономика институты ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың өзіндік жолы мен тәсілдерін әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы қазақстандық моделінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, ғылыми ұсыныстарымен шығып отырды.

Ұзақмерзімді стратегиялық даму тиімділігінің негізі – тұрғындардың жан басына шаққандағы ЖІӨ өсуінде болды, ал

жүргізіліп жатқан экономиканы жаңғырту – халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатына құрылды. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру мен ел дамуының тірегі: ЖІӨ жоғарғы технологиялық өндіріс үлесін арттыру, дамыған елдер стандартына келтіру мақсатында экономиканың құрылымын жетілдіру және Қазақстанның бәсекеге қабілетті басымдылығын жүзеге асыруға бағытталған ұлттық экономиканы жаңғырту. Қазақстанда қызмет көрсету саласы ЖІӨ шамамен 50% құрауы, экономиканы құрылымдық қайта құруға ауқымды орын берді.

Қызмет көрсету саласының жоғарғы деңгейі (қаржы, ғылым, білім беру, денсаулық сақтау, инновациялық жұмыстар, ақпараттық технологиялар және т.б.) бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясының бірінші басымдылығының төртінші міндетіне (Экономика дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттарды қалыптастыру) сәйкес келеді.

Дамыған және бәсекеге қабілетті мемлекеттер экономикасының ерекше сипаттарын атап өтсек:

Біріншіден, қаржы саласының жоғарғы дәрежеде дамуы. Инновацияға бейім және жоғарғы технологиялық экономика, технологияны үнемі жетілдіріп отыруға сүйенеді. Бұл бойынша Қазақстандағы басымдылық – экономикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі нақты өндіріс, логистика – логистикалық инфрақұрылым, әлемдік нарыққа шығарылатын өнімдер (құбырөткізгіштер, порттар, ЛЭП т.б.) және Қазақстанның Еуропа мен Азия аралығын байланыстырушы өтпелі деңгейін қамтамасыз ететін тасымал коридорлары. Өндіруші салаларға мемлекетті қатыстыру мен мемлекеттік кәсіпкерлікті дамыту, жеке өнім түрлері бойынша әлемдік нарықты қадағалауға қабілетті ұлттық монополистік-компаниялардың құрылуы. Келешекте шешімі күтілетін салалар – өндірістің жоғарғы технологиялық және стратегиялық келешегі – биотехнология, нанотехнология, космостық өнеркәсіп, роботтехника.

Екінші ерекшелігі – ғылым және білім беру саласы. Қазақстанда бұл да дамудың басым бағыты, болашақтағы мақсат – жоғары технологиялық саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету.

Үшінші ерекшелігі – қаржы саласы. Жаһандану жағдайында ұлттық экономикалық мүддеге сай бағытта жол көрсетуші – қаржы институттары мен нарық болып табылады. Қаржы саласының мықты дамуы – отандық қаржы жүйесін, оның барлық компоненттерін – банктен қор нарығына дейін дамыту және нығайту, экономиканың

бәсекеге қабілеттілігіне бағытталған негізгі басымдылықтар. Экономикалық дамуға қолдаудың «екінші тіркемесін» қамтамасыз ететін қосымша өндірістер мен «бастау алған» салалардан дамыған тапсырыстар және ақша қаражаты шетелге кетпей Қазақстанда қалатындай мүмкіндіктерді жетілдіру басты міндет. Мұндай салаларға мәселен, құрылыс заттары, мұнай-газ, тау-шахта машина жасау, құбыр өндіру, сол сияқты материалдық емес өндірістер – білім беру, аудит, консалтинг және т.б. жатады. Яғни Қазақстан жоғарғы дәрежеде дамыған және тиімді қаржы жүйесін қалыптастыру, жеке ТҰК (ТНК) және жоғарғы технологиялық өндіріс кластерін қалыптастыру бағытында жұмыс атқаруда.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін көтеретін басым салаларды дамытуға бағытталған экономикалық саясаттың факторлық-мақсаттық негізде жүргізілуі туралы қазақстандық ғалымдар тарапынан берілген ұсыныстар: Экономикалық үрдістерде мемлекеттің қатысының белсенді болуы, оның ішінде мемлекеттің кәсіпкерлік институтының реттелуін енгізу; Қазақстан экономикасының дамуының құрамдас бөлігі ретінде технология мен инновацияны көтеру; Қазақстан капиталының әлемдік нарықтағы экспантеграциясына дем беру; Ұлттық модельді жүзеге асыруды экономиканы басқару жүйесімен бірге жүргізу [9].

2007 жылы Қазақстан бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 61-ші орында болды. Алайда, жаһандық дағдарыстың салдарына байланысты 2008 жылғы рейтингте 66-шы, ал 2009 жылы 67-ші орынға дейін төмендеп кетті. 2010-2011 жылдары Қазақстан БЭФ-тің баяндамаларында 72-ші орын алды. 2012 жылдың 5 қыркүйегінде Бүкіләлемдік экономикалық форумның (БЭФ) Әлем елдерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігі туралы (The Global Competitiveness Index 2012-2013) есебі жарияланған болатын. Жаңартылған рейтингке сәйкес, Қазақстан өзінің позициясын 21 пунктке жақсартып, 72-ші орыннан 51-ші орынға көтерілді. Қазақстанның мұндай жоғары көрсеткіші – Стратегиялық жобаларды жүзеге асырудың нәтижесі екені күмәнсіз. Бір жылдың ішінде Қазақстан ұшқыр секіріс жасап, бірден 21 пунктке жоғарылай алды. Қазақстан позицияларының жақсаруы іс жүзінде бәсекеге қабілеттіліктің барлық факторларында байқалды. Мәселен, Есептің 111 индикаторының ішінде өсім, солардың 82-сінде көрініс берді. Ең айтарлықтай прогреске Қазақстан өзінің рейтингін 32 позицияға жоғарылатқан «Технологиялық дайындық» факторы бойынша қол жеткізді. Сондай-ақ бәсекеге қабілеттілік өсімінің қуатты қозғалтқыштары «Корпоративтік басқару тиімділігі» сала-

сын жақсарту болды. Бұл білім беру мен ғылым жүйелерін қайта құрудың оң динамикасының арқасында мүмкін болды. Бұл салада өсім 11 көрсеткіш бойынша жүзеге асты. Олардың арасында «Университеттер мен бизнестің НИОКР», «Ғалымдар мен инженерлердің қолжетімділігі», «Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы», «Білім беру жүйесінің сапасы» және т.б.

2012 жылы Қазақстан 2-ші өтпелі кезең экономикасынан (тиімді даму кезеңі) дамудың 3-ші кезеңіне (инновациялық даму кезеңіне) өтуші ел ретінде аталған рейтингке алғаш рет қатысты. Бұған дейін Қазақстан экономикасы 1-ші кезеңнен (факторлы даму кезеңі) 2-ші кезеңге өтуші елдер тобына жатқызылған болатын [10].

Дағдарысқа қарсы шаралардың кешенді жүйесінің әзірленіп, оны дәйектілікпен іске асыру, ішкі және сыртқы конъюнктура жіті қадағаланып, табанды шаралар жүзеге асырылғандықтан жаһандық азық-түлік дағдарысы ұлттық апатқа айналған жоқ. Қазақстанның беріктігін сынаққа салған «дағдарыс сырттан келген еді және оның көздері елдің ішінде емес, әлемдік экономиканың сәйкессіздігінде болды» [11].

2009 жылы экономиканың нақты секторында нарықтық-бәсекелестік ортаны қалыптастыру аяқталды. Өндірістің құрылымы шаруашылық жүргізу мен еңбек бөлінісінің әлемдік жағдайына бейімделді. Өнеркәсіп өндірісінің көпсалалы құрылымы, жоғары ғылыми-техникалық әлеует қалыптасты. Дамыған отын-энергетикалық, кен-металлургиялық және көлік-коммуникациялық кешендер іске қосылды. Өндірістік қуаттардың пайдаланылмаған резервтері жеткілікті болды. Жекелеген салаларда өндіріс пен басқарудың жоғары деңгейдегі шоғырлануына қол жеткізілді. Мұның өзі әлемдік экономикада бәсекеге қабілетті ұлттық корпорацияларды құру үшін жақсы негіз. Қазақстанда ТМД елдерінің арасында бірінші болып зейнетақы реформасы, банк салымдарын кепілдендіру жүйесі, бірқатар сыртқы міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеу, ұлттық валютаның құнсыздануы салдарынан бағамдық залалдарды банктер мен зейнетақы қорларының салымшыларына мемлекеттік өтем жасау, валюталық табыстарды экспорттерлерге сатудан бас тарту шаралары қолға алынды [12, 402 б.].

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың алғашқы нәтижелері: «30 корпоративтік көшбасшы» Бағдарламасы Қазақстан экономикасын жаңа сипатта алға бастырудағы басты қадамдардың бірі болып табылды. Өйткені, ол – ішкі жалпы өнімнің, негізгі капиталға қосылатын инвестициялар мен экспорттың

құрылымын өзгертуге жағдай жасайтын экономиканы жаңғырту мен әртараптандырудың басты құралы. Бағдарлама екі бағыттан тұрады. Оның біріншісі, мемлекеттің қолдау шаралары арқылы – бизнестің ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға деген бастамашылығы, екінші бағытта – мемлекет бизнесті тарта отырып бәсекеге қабілетті, сыртқа шығаруға бағдарланған тауарлар мен қызметтерді анықтайды. Қазақстандық тауарлардың халықаралық нарыққа шығуын қамтамасыз ететін өндірістер бойынша жобаларды жүзеге асырады.

2008 жылдан бастап бірінші бағытқа қатысты іс-шаралар жоспары белсенді жүзеге асырылуда. Болашағы жоқ дегендерді жобадан алып тастау үшін серпінді жобаларға талдау жасалынып, олардың көкейкестілігі айқындалды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жалпы құны 54 миллиард АҚШ долларын құрайтын 45 серпінді жобаның базалық тізімі қалыптастырылды. Олардың ішінде 36 миллиард долларды құрайтын 28 өндірістік және 18 миллиард долларды құрайтын 17 инфрақұрылымдық жобалар бар.

Әлемдік қаржы дағдарысына байланысты орын алған барлық қиыншылықтарға қарамастан, 2008 жыл Қазақстан индустриясы үшін табысты болды. Жыл ішінде жалпы құны 194 миллиард теңгеден асатын 126 инвестициялық жоба пайдалануға беріліп, 10237 қазақстандықты жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етті. Оңтүстік Қазақстан облысында «Ютекс» АҚ дайын тігін бұйымдарын шығарады. Ол 724 жұмыс орнын қамтамасыз етіп отыр. Оның сыртында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ, «Үлбі металлургия зауыты» АҚ 2008 жылы сыйымдылығы өте жоғары тантал ұнтақтары өндірісін іске қосты. Жаңа жұмыс орындары ашылды.

2009 жылдың маусым айында Алматыда ақпараттық инфрақұрылымды дамытушы америкалық ЕМС кәсіпорнының бөлімшесі ашылды. 2009 жылы 3 шілдеде Астана қаласындағы «Локомотив құрастыру зауыты» ашылды. Локомотив зауытында аталған кәсіпорынды іске қосу 700-дей жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. 2009 жылы «Жол картасы» бағдарламасы аясында Алматы қаласындағы Алатау ауданының жалпы жол құрылысы жұмыстарына 1 миллиард 175 миллион 295 мың теңге қаржы бөлініп, барлығы 160 көшеде қарқынды жұмыс жүргізілді [13, 198]. 2009 жылы барлық 14 облыста және Алматы қаласында жалпы көлемі 114 миллиард теңгені құрайтын 16 индустриялық жоба іске қосылды.

2050 жылға қарай Қазақстанда отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы мақсатында 2012 жылдың 1 қаңтарынан ба-

стап Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің қатысуымен Біртұтас экономикалық кеңістік құру кезеңі басталды. Басты мақсат жаңа технологиямен жабдықталған өндірісті дамыту арқылы тұрғындарды жоғары әлеуетті жұмыстармен қамтамасыз ету.

Ұлт көшбасшысының тапсырмасы бойынша үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын өнеркәсіптік қуаттарды импорттауға және технологиялар алмасуға бағыттау үшін бірлескен халықаралық компаниялар мен тиімді серіктестіктер құру мен дамытудың кіші бағдарламасын жасау қолға алынуда. Инновациялық кластерлер – Назарбаев Университеті және Инновациялық технологиялар паркін дамыту жалғасын табу-да [14].

Қазақстан экономикасында бәсекеге қабілеттілік ең алдымен оған тәрбиеледен басталу қажеттігін өткен онжылдықтар тарихынан сабақ алып отырмыз. Себебі бұл үрдіс тікелей жеке адамның құндылықтарына тікелей байланысты болып табылады. Жеке адамның әлеуетінің көтерілу деңгейінен мемлекет деңгейі айқындалады. Ендеше экономиканың «А» тобындағы менеджерлер тобының халықпен біте қайнаса жасайтын жұмысы шаш етекпен. Мән беруден мағына пайда болатыны тәрізді, бәсекелік мазмұны қоғамдағы әрбір адамның жұмысқа қабілеті әлеутін дер кезінде пайдалана алудан басталады. Сонда ғана әлемдік жаһандану аясында ел әлеуеті жоғары дәрежеге көтеріледі.

Қорытындылай келе, Қазақстан үшін ең басты назарға алынатын ұстанымдар:

- Жинақталған тәжірибелерді саралау арқылы жаңа істерге қол жеткізу.
- Жаһандық ауқымдағы әлеуметтік дағдарыс көздерін ескере отырып, республика экономикасының әлсіз тұстарын дамыту тетіктерін іздестіру.
- Мемлекет бюджеті бағытталатын жалпыұлттық жобалар – республика экономикасын әртараптандыру және инфрақұрылымды дамыту ауқымы ауыл аймақтарды кең қамтуына байланысты, ондағы тұрғындар қажеттілігі мен еңбек белсенділігіне қатысты мәселенің барлығына мониторинг жүргізіліп, уақытты ұтқызып алуға жол берілмеу.
- Отандық тауарларды жарнамалау және оны дамыту технологиясын жетілдіру жолдарын мемлекеттік қолдау.
- Ішкі нарықты дамытуда орта және шағын бизнес өкілдерінің құқысы мен міндеттері жөнінде ақпараттармен қамту және реттеу.

- Тұрғындардың жеке жауапкершілігін арттыру бағытында аймақтарда ақылдастар кеңесінің жұмыстарын үйлестіру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аубакиров Я.А. Национальная экономика: теоретико-методологические и практические проблемы развития: Сб. науч. тр. – Алматы: Триумф «Т», 2009. – 409 с.
2. ҚР ҰМ. 136-қор, 1-тізім, 300-іс, 197-198 пп.
3. Назарбаев Н.Ә. «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары» // Елбасы жолдады – Елі қолдады. 1 том. Құрастырушылар: Г. Тәңірбергенова, Қ. Қалилаханова, Б. Имансерікова, Р. Әлімбаев. – Астана: Күлтегін, 2008 жыл.
4. Назарбаев Н.А. Выступление в Государственной Думе Федерального Собрания Российской Федерации по случаю 100-летию Госдумы. РФ, г. Москва, 5 апреля 2006 года // Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности. 2006 год. – Астана: Деловой мир Астана, 2010. – С.356.
5. Назарбаев Н.А. Выступление на VI Конгрессе финансистов Казахстана. – Астана, 5 ноября 2006 г.
6. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» іс-қимылда: табысқа он жыл. // «Қазақстан-2030» Стратегиясының 10 жылдығына арналған конференцияда сөйлеген сөзі, 2007 жыл.
7. Курганбаева Г.А. Экономика Казахстана в XXI веке. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – С. 13-14.
8. Досыбекова Г.К. Современные аспекты повышения конкурентоспособности экономики Казахстана. // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – №4, 2010 г. – С. 15.
9. Сабден О.С. Основные направления повышения конкурентоспособности экономики Казахстана // Материалы Международной научно-практической конференции (г. Алматы, 18 мая 2007 г.). Под. ред. О. Сабдена. – Алматы: Институт экономики МОН РК, 2008 г. – С. 376.
10. Мұса С. Бұл – Елбасы бағытын табысты жүзеге асырудың нәтижесі. // Егемен Қазақстан. – 5 қыркүйек 2012 жыл.
11. Назарбаев Н.Ә. Дағдарыстан жаңару мен дамуға // Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы халыққа Жолдауы // www.akorda.kz
12. Мұхамедов.М.Б., Сырымбетұлы Б. Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлдыраудан өрлеуге дейін. – Астана: «Сарыарқа» БУ, 2009.
13. Аяған Б., Әбжанов Х., Махат Д. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Астана: Мемлекет тарихы институты, 2010. – 191-198 бб.
14. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // «Егемен Қазақстан», 15 желтоқсан 2012 жыл.

Қазіргі кезеңдегі геосаяси концепцияларының даму барысы және «сыншыл геосаясат»

Динара МЫРЗАБЕКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты,
философия магистрі

Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық жаһандану үдерісінің ықпалымен дамудың жаңа бағытына аяқ басты. Жаһандық және аймақтық мәселелер барған сайын күрделене түсті, қоғам өмірінің барлық салаларын қамтыған қайшылықтар тереңдеді. Осыған байланысты жалпыадамзат қоғамында орын алған бұл үрдістер негізінде мемлекеттердің ұлттық мүддесін қорғау әлеуеті қаншалықты, халықаралық қауымдастықтың жаңа қауіп-қатерлерге төтеп бере алу мүмкіндігі бар ма, болашақ әлемдік тәртіптің болмысы қандай деген заңды сауалдар туындайды.

Геосаясатты зерттеуші ғалым Р.Т. Мухаевтің пікірінше, әлемдік саясатта қалыптасқан осындай күрделі сұрақтарға халықаралық саяси қуат пен географиялық фактордың өзара байланысы туралы ғылым – геосаясат жауап беруге қабілетті [1, 9].

Қазіргі геосаясаттың даму өрісінің кеңеюі, геосаяси тұжырымдарды жаһандық, аймақтық өзгерістерді негізге ала отырып, мемлекеттің даму ерекшеліктерін ескеріп, жаңа көзқарас негізінде талдауды қажет етеді. Туындаған келелі мәселелердің мәнін ашып сараптауда геосаяси концепциялары әлеуетінің шектеулі болуы геосаясат ғылымының негіздерін қайта қарап, сыни көзқараспен зерделеу қажеттілігін тудырды. Қазақстанда осы бағыттағы ғылыми ізденістерді арттыру өзекті мәселеге айналды. Осы орайда бұл мақала геосаясат концепцияларын зерделеу арқылы геосаясатқа қатысты жаңа сыни көзқарастың туындауының заңдылықтарын қарастыруды көздейді.

Геосаяси концепцияларының қалыптасуына ежелгі Батыс пен Шығыс ойшылдарының әлеуметтік-философиялық ілімдері арқау болғаны баршамызға аян. Барлық жағдайда да ой-тұжырымдар географиялық детерминизм ауқымында қарастырылды. Географиялық детерменизм идеялары XVIII-XIX ғасырларда өз өрісін кеңейтті. Жаңа заман географиялық мектептің негізін қалаушы ретінде француз ғалымы Шарль Луи Монтескье географиялық жағдайлардың халықтардың дәстүріне, мінез-құлқына, олардың шаруашылық дамуына және саяси құрылысына әсер ететінін ерекше атап өтті [2, 541].

Географиялық детерменизм бойынша географиялық орта елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы шешуші фактор болып табылады. Қоғамдық-тарихи құбылыстар географиялық ортаның жағдайларымен анықталады деген пікір кең таралды.

Геосаясат қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардағы және әлемдік қауымдастықтағы дербес зерттеу саласы ретінде XIX-XX ғғ. аралығында қалыптасты. Геосаясаттың дәстүрлі түсініктері бойынша, әлемдік саясаттың негізгі субъектілері ретінде ұлттық мемлекеттер танылды. Ал ұлттық мемлекеттердің жаһандық саясаттағы жағдайы оның территориясына, орналасу жағдайына байланысты болды.

Геосаясат концепцияларының философиялық алғышарттары сол кезеңдегі ғылыми-ой-тұжырымдарының эволюциясы негізінде қалыптасты. Дербес ілім-білім жүйесі ретіндегі классикалық геосаясаттың теориялық-әдістемелік негіздерін жаратылыстану, әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдарында сол кезеңде басым болған идеялар, принциптер, әдістер, концепциялар құрады. Геосаясат негізін қалаушы ғалымдар бұл ой-тұжырымдарды дайын ережелер ретінде халықаралық қатынастарды сараптау үшін қолданды [1, 101].

Классикалық геосаясат кезеңі деп аталатын XIX-XX ғғ. тұсында саяси география концепциялары кең өріс алып, геосаясат ілімінің ғылым ретінде қалыптасуына ықпал жасалды. «Саяси география» негізін салған неміс ғалымы Фридрих Ратцель мемлекеттің саясаты мен қоғам өмірін географиялық орналасу жағдайына байланысты қарастыруды ұсынды [3, 26].

«Геосаясат» терминін ғылыми айналымға енгізген швед ғалымы Рудольф Челлен «геосаясат – бұл мемлекетті географиялық организм немесе кеңістік феномені ретінде қарастыратын доктрина және

мемлекеттің географиялық санасы» деген тұжырымдама жасаған болатын [4, 149].

Мемлекеттердің географиялық кеңістігінің оның саяси мақсаты мен мүдделеріне ықпалын зерттеуді жалғастырған батыс ойшылдары американдық адмирал Альфред Мэхэн, ағылшындық саясаткер Хэлфорд Маккиндер, неміс зерттеушісі Карл Хаусхофер болды. Геосаяси концепциялар белгілі бір мемлекеттің сыртқы саясатының бағыттарын айқындауға ықпал етті. Геосаясат тұжырымдары отарлық державалардың экспансиялық саясатының «дұрыстығын» негіздеді. «Өмір кеңістігі үшін күрес» геосаяси концепциясы Германияның агрессиялық сыртқы саясатын жүргізуіне ықпал етті. Мэхэн А. және Маккиндердің Х. геосаяси ойлары АҚШ және Ұлыбритания сияқты елдердің отарлық саясатын өрістетуге әкелді, әлемдік саясаттағы мүдделерін қорғады.

Француз географы Поль Видаль де ла Блаш геосаясаттың жаңа бейнесін көрсетуге талпынды. Оның поппулизм теориясы қазіргі жаңа сыншыл геосаясат концепциясының қалыптасуына әсерін тигізді.

Видаль де ла Блаштың концепциясының ортасында адам тұрды. Ол негізін салған «адам географиясы» мектебінің мақсаты географиялық ортаның адамға тигізетін әсерін зерттеу болды. Ол адамның ерік-жігері мен бастамасына үлкен мән беріп, оны географиялық факторларының бірі ретінде қарастыра келіп, «адам жер бетіндегі процестерге белсенді әсер етуші және оларды бағыттап отырушылардың бірі» деді. Өзіне дейінгі неміс геосаясаттанушыларын қатты сынға алған ол «саясатта географиялық ортадан гөрі адамның рөлі үлкен» деген тұжырым жасады [5, 64].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастарда биполярлық жүйенің орнығуы геосаяси концепциялардың дамуының идеологиялық алғышартын қалыптастырды. Д. Мэйнинг, Г. Киссинджер, С. Коэн, Г. Моргентау сынды саясаткерлердің геосаяси концепциялары «қырғи қабақ» соғысы идеологиясының тар ауқымынан шыға алмады. Француз ғалымдары Ив Лакост, Ален де Бенуа, Жан Тириардың геосаясаттың концепциялары да сол кезеңдегі қалыптасқан халықаралық қатынастардың даму үрдісін түсіндірумен шектелді.

Қазіргі заманғы жаңа геосаяси концепциялар да идеологиялық шеңберден алыстай қойған жоқ. Өлі күнге дейін АҚШ сияқты батыс державалары жаңа әлемдік тәртіп орнатуда классикалық геосаясат негіздеріне сүйеніп, өздерінің агрессиялық саясатын ақтауға

тырысып бағуда. Жалпы, геосаясат әлемдік саясаттың бағытын анықтаудың, оған ықпал етудің, сонымен қатар, көптеген елдердің саяси әлеуетін болжай алатын тетігіне айналды. Геосаясат теориялық білім, ғылыми бағыт ретінде ғана емес, идеологиялық құрал ретінде де кең түрде қолданыла бастады.

Бұған АҚШ-тың сыртқы саяси идеологы Бжезинскийдің 3. еңбектері дәлел бола алады. Бжезинский 3. АҚШ-тың әлемдік саясаттағы рөлі мен даму стратегиясын дәстүрлі батыс геосаясаткерлері Х. Маккиндер, А. Мэхэн, Р. Челлен, Ф. Ратцель, К. Хаусхофер, Н. Спайкменнің геосаяси тұжырымдарының негізінде құрды. Бұл арада автор дайын идеялық постулаттарды өз мүддесіне тиімді қолдана білді.

Орыс геосаясаткері А. Дугиннің геосаяси концепциялары да мемлекеттің мүддесін қорғайтын бірден бір идеологиялық құралы болып отыр. А. Дугиннің тұжырымдары көп жағдайда қоғамда белгілі бір геосаяси стереотиптердің қалыптасуын және көпшілік қауымның санасын өзгертуді көздейтін публицистік сипатта қолданылады.

А.Д. Богатуровтың пайымдауынша, көпшіліктің назарын аударуды мақсат еткен, 3. Бжезинский, А. Дугин сияқты популистік, тұрпайы геосаясаткерлерден академиялық бағыттағы салмақты да байсалды позициясымен танымал Н. Мироненко, В. Колосов, М. Ильин, Н. Замятин, В. Цымбургский сынды ғалым-геосаясаткерлерін айыра білуіміз керек [6, 33].

Геосаясаттың жаңа қырын ашып көрсетуде тың идеяларын ұсынған Н. Данилевский, О. Шпенглер, А. Тойнби, К. Ясперс және И. Гердердің әлеуметтік-философиялық ілімдері геосаясаттың өркениеттік парадигмасының қалыптасуына зор серпіліс берді.

Осы үрдісті жалғастыра отырып, қазіргі кезеңдегі геосаясат ұғымы мен мазмұнына жаңа көзқарас қалыптастыруға талпыныс жасаған ғалымдардың бірі – Сэмюэл Хантингтон геосаясат іліміне мәдени-өркениеттік сипат берді. Геосаясатты түсіндіруде халықтардың діні, философиясы, тілі мен тарихи даму тұрғысындағы ерекшеліктері ескеріледі. Бұл айырмашылықтар қазіргі кездегі батыс, славяндық-православиелік, ислам, конфуциандық, индуистік, жапон, латынамерикандық және африкандық өркениеттер арасындағы қатығыстардың себептерін анықтайды [7, 37]. Алайда ғалымның өркениеттер арасындағы қатығыстар тұжырымы әлі күнге дейін бір жақтылық саясаттың көрінісі ретінде пікірталас тудырып отыр.

Американдық ғалым Фрэнсис Фукуяманың «Тарихтың соңы» еңбегі де қарама-қайшы ой тудырғанымен геосаясаттың саяси-әлеуметтік бағыттарын сараптауға мүкіндік берді.

Қазіргі уақытта халықаралық қатынастарда қайшылықтардың мәнін түсіндіруде өркениеттер мәселесінің жиі талқылануына байланысты тек өркениеттер қатығысы мәселесін ғана емес, өркениеттердің өзара ықпалдастығы мәселесін де көтеріп, дәріптеу қажет деген пікірлерін ұсынған ғалымдар қатары да өсті. Олар Хантингтонның С. өркениеттер қатығысы геосаяси тұжырымын сынап, өркениеттердің үнқатысуы концепциясын ортаға салды. Қазіргі заманның озық ойшылы құндылықтар және дін мәселесіндегі көзқарастарымен әлемге танымал болған Фетхуллах Гүлен, қазақтың көрнекті философы, академик Кішібеков Досмұхамед сынды ғалымдар өз еңбектерінде өркениеттер ықпалдастығы принциптеріне аса мән берді.

Д. Кішібеков «Мәдениет және өркениет» атты кітабында О. Шпенглер, Н. Бердяев, А. Тойнби, Н. Элиас, С. Хантингтонның еңбектеріне жеке-жеке тоқталып, автор бұл ғалымдардың «өркениет» туралы ой тұжырымдары бір-бірінен ерекшеленетінін, әрқайсысы бұл ұғымды талдауда өзіндік ой тұрғысынан келгенін атап көрсетеді. «Мәдениет» пен «өркениет» ұғымдары көзі ашық жанға түсінікті, әрі жиі қолданыста жүрген терминдер болғанымен, мәдениет пен өркениет синонимдер емес деген қорытындыға келді [8].

Геосаясат концепцияларының дамуына орыс ойшылдарының да ықпалы зор екендігін атап өткен жөн. Ресей ғалымдары Д.А. Милютин, А. Вандам, В.П. Семенов-Тянь-Шанский, Н.А. Ильин орыс геосаясатын қалыптастыруға өз үлестерін қосты. Еуразиялық идеясының негізін қалаған Н.С. Трубецкой, П.А. Савицкий, Л.Н. Гумилев сияқты ғалымдарының еңбектерінен геосаясаттың әлеуметтік-философиялық бейнесін айқындауға деген талпыныстарын көре аламыз.

Қазіргі кезеңде де ресейлік ғалымдардың геосаясатқа ғылыми пән ретінде қызығушылығы орасан екендігін И.А. Василенко, К.С. Гаджиев, В.А. Дергачев, Н. Замятин, М. Ильин, Б.А. Исаев, В.А. Колосов, Н.С. Мироненко, Р.Т. Мухаев, Н.А. Нартов, А.С. Панарин, Э.А. Поздняков, Н.М. Сирота, В.Л. Цымбургский сынды ресей зерттеушілерінің еңбектерінен аңғарамыз.

Бірқатар Ресей ғалымдары геосаясаттың мәні мен мағынасын жаңа көзқарас тұрғысында түсіндірумен қатар, өзіндік тұжырымдарын жасауда. Жаңа ізденістер арқасында олар геосаясат ұғымына

қатысты тың идеялар ұсына отырып, ғылыми айналымға белсенді түрде енгізуде.

Ресей ғалымы В.А. Дергачев геосаясаттың әлеуметтану, саясаттану, әскери стратегия, этнология, дипломатия, дін тарихы ғылым салаларымен сабақтасып жатқанын атап өтіп, қазіргі кезде геосаясаттың экономикалық ғылыммен де тығыз байланыста екенін және бұл байланыстың маңыздылығын ескере отырып, геэкономика деген жаңа ғылымды енгізу қажет деген ұсынысын жасады [9, 5].

В.А. Дергачев геэкономиканы жаңа геосаясат санатына жатқызды, ал геофилософия деп аталатын өркениетті геосаясатты ең жаңа геосаясат қатарына енгізді. Сонымен қатар, оның пікірінше, ең жаңа геосаясатты геомәдениет, геопсихология және ақпараттық геосаясат деп те атауға болады [10].

Бұл тұрғыда И.Ф. Кефелидің геосаясат философиясына қатысты еңбектері де қызығушылық тудырады. Ол постмодернистік философтар Ж. Делез пен Ф. Гваттариінің «Философия дегеніміз не» еңбегіндегі «геофилософия» ұғымына талдау жасау арқылы геосаясат философиясының өзіндік ерекшеліктерін атап өтті. Оның ойынша, геосаясат философиясы – саяси философиясының жаңа саласы болып табылады. Сонымен қатар, И.Ф. Кефели жаһандық геосаясат, геөркениет, геосаяси код, геосаяси дәуір, тарихи-мәдени аймақ, виртуалды кеңістік ұғымдарына ерекше тоқталу қажеттілігін атап өтті [11].

Геосаясат негіздерін зерделеп, сараптан өткізу Қазақстан Республикасының даму жолындағы өзіндік концепцияларды қалыптастыруға, өзінің тиімді геосаяси стратегиясын құруға мүмкіндік берді.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері Қазақстан геосаясатының тұғырнамасын жасады. Сонымен қатар, Президент Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси-экономикалық даму ерекшеліктерін, аймақтық және жаһандық деңгейдегі ахуалды талдай отырып, Қазақстанның жаңа үрдісте дамуының теориялық және әдіснамалық тұжырымдамасын құрды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен жүзеге асқан сыртқы саяси бастамалары Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделін көтерді. Қазақстан тәуелсіздігін нығайту жолында және елдің әлемдік қауымдастықтағы геосаяси әлеуетін көтеру мақсатында айқындалған халықаралық деңгейдегі іс-шаралардың сәтті жүзеге асуы Қазақстан геосаяси стратегиясының

жан-жақты сарапталып, тура және ұтымды таңдалғандығын дәлелдейді.

Қазақстандық ғалымдардың геосаясатқа қатысты мәселелерді жан-жақты қарастыру тұрғысында соны ізденістері бар. Осы тұрғыда Қазақстан геосаясатын алғашқылардың бірі болып зерделеген Касенов У., Лаумулин М.Т., Сыроежкин К.Л., Тоқаев Қ.К., Кушкумбаев С.К., Сұлтанов Қ.С., Сұлтанов Б.К., Шайхутдинов М.Е. сынды қазақстандық ғалымдардың геосаяси концепциялардың дамуына зор үлесін қосқаны даусыз.

Белгілі мемлекет қайраткері Қ. Тоқаевтың, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеу институтының директоры Б.К. Сұлтановтың еңбектерінде тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуына терең де жан-жақты талдау жасалды. Қазақстан Республикасының саяси қайраткері Қ.С. Сұлтанов тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанның геосаяси жағдайын жаңа геосаяси кеңістіктегі Қазақстан мен Қытай қарым-қатынастары шеңберінде ашып көрсетті [12].

М. Шайхутдинов пен М. Лаумулин өз еңбектерінде геосаясат концепцияларын жан-жақты талдап, салыстырмалы сараптау негізінде Қазақстанның өзіндік геосаяси тұжырымдарын жасау, негіздеу маңызды міндет деген қорытынды жасады. М. Лаумулин геосаясаттың даму кезеңдерін саралай отырып, классикалық геосаясат тұжырымдарының тығырыққа тірелгенін атап өтті [13].

Қазақстан геосаясатын әлеуметтік-философиялық тұрғыда түсіндіруде философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есімнің және профессор А. Құлсариеваның «Жерұйық» идеясын жандандыру ұсынысын атап өтуге болады. «Жерұйық» концепциясының идеологиялық әлеуетін қарастыра отырып, Ғарифолла Есім, А. Құлсариева тәуелсіздік құндылығын дәріптеу маңыздылығына тоқталды [14].

Жоғарыда аталған зерттеулерде геосаясатқа қатысты көптеген көзқарастар қамтылғанмен, қазіргі кезеңдегі геосаясаттың ғылым ретінде даму үрдісін жан-жақты саралау, барлық қырларын талдау, әлеуметтік-философиялық мәселелерін теориялық және тәжірибелік жағынан жүйелі түрде зерделеу қажеттілігі әлі де өзекті болып отыр. Бүгінгі күні геосаясат мемлекеттің стратегиялық әлеуетіне ықпал ететін геосаяси, саяси-экономикалық, демографиялық, мәдени-өркениеттік, тарихи даму және басқа да өзара байланыстағы факторларды жүйелі түрде зерттейтін білімдер саласы ретінде танылғанымен, осы уақытқа дейін – геосаясат ұғымының айқын тұжырымдамасы

хақында нақтылық жоқ деуге де болады, геосаясаттың зерттеу пәні, әдістері мен функциялары әлі де айқындалу үстінде.

Осы жағдайлар геосаясатқа және оның концепцияларына ерекше мән беріп талдауға, әсіресе, оның әлеуметтік-философиялық қырларын ашу маңызға ие болып отыр. Бұндай үрдіс Батыста өз орнын тауып үлгерді, қазіргі уақытта сыншыл геосаясат концепциялары негізінде өрісін кеңейтті. Қазақстанда бұндай бағыттағы ғылыми ізденістер жүргізу жаһандық әлемнің жаңа геосаяси үлгілерін сараптауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі геосаясат концепцияларының дамуында көрініс тапқан жаңа үрдістерді, тың ой-тұжырымдарды, сыни көзқарастарды постмодернизмнің теориялық негіздерін талдау арқылы түсіндіруге болады. Постмодернизм ілімі Батыс елдерінде жан-жақты сарапталып, кең түрде талдаудан өткен, ал посткеңестік кеңістікте бұл философиялық ағымға деген қызығушылық әлі арта қойған жоқ. Бұл өз кезегінде геосаясаттың концепцияларын сыни тұрғыда пайымдауға мүмкіндіктерді шектейді. Постмодернизм ағымы геосаясаттың даму үрдісіне ықпал ете отырып, сыншыл геосаясат көзқарастарының пайда болуына жол ашты. Постмодернизмнің негізгі идеялары мен концептері сыншыл геосаясаттың тұжырымдарын қалыптастыруға арқау болды. Осыған байланысты қазіргі кезде постмодернизмге қатысты ізденістер мен зерртеулерге де аса қажеттілік туындағанын көреміз.

Қазақстандық ғалым профессор Б.Г. Нуржанов «Модерн. Постмодерн. Мәдениет» атты еңбегінде постмодернизм ілімдерін сараптау Қазақстанның әлемдік қоғамдастықта өз орнын табуға ықпалын тигізеді деді. Қазіргі жаһандық үрдістен қалыс қалмау үшін әлемдік озық ой-тұжырымдарын зерделеп, елдің игілігіне жарату қажет деген пікірін білдірді [15, 8].

Қазіргі ақпараттық қоғам дәуірінде қоғам дамуының барлық салаларын қамтыған түбегейлі өзгерістерді ескермей, белгілі бір саяси, әлеуметтік мәселелердің түйінін шешу қиынға соғатыны сөзсіз. Әсіресе, бұл мемлекеттің геосаяси мәселелеріне қатысты шешім қабылдауда маңызды болып табылады. Осыған байланысты геосаясат концепцияларына сыни көзқарас тұрғысында шынайы баға беріп, жаңа тұрпаттағы геосаясаттың негіздерін қалыптастыру мен дамыту өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі.

Жаһандану жағдайындағы постмодернизм сынды заманауи дүниетанымдық бағыт геосаясатты сыни тұрғыда талдап, түсіндіру қажеттілігін көрсетті. Осы бағыттағы ғылыми ізденістер арқасында

сыншыл геосаясат негізінің қалануына ықпал жасалды. Сыншыл геосаясат дәстүрлі геосаясаттың идеологиялық, мифологиялық тұрпатын сынға ұшыратты.

Сыншыл геосаясат ілімінің өкілдері Джерард О'Туатэйл [16], Джон Эгнью [17], Клаус Доддс [18], Саймон Дэлби [19], Берт Чапман [20], Фил Келли [21] геосаясаттың өзекті мәселелерін сараптауда дәстүрлі геосаясаттың кейбір тұжырымдарын қайта қарастырып, жаңа сыни тұрғыда баға беру қажет деген ұстанымдарын білдірді.

Бұл жағдайда қазіргі кезде постмодернизмге қатысты ізденістер мен зерртеулерге баса назар аудару керек. Осы орайда қазақстандық ғалым, философия ғалымдарының докторы, профессор Нуржановтың Б.Г. постмодернизмге қатысты зерттеу еңбектерінің маңыздылығы арта түспек. Сонымен қатар, геосаясаттың сыни көзқарас тұрғысындағы мифологиялық сипатын айқындауда Лосев А.Ф., Кассирер Э., Барт Р., Полосин А., Цуладзе А. сияқты батыс және ресей ғалымдарының, сондай-ақ, Нысанбаев А., Рамазанова А.Х., Әбсаттаров Р.Б., Әлімжанова Ә. сынды отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеу қажет.

Соңғы ғасырлардағы батыс философиясында ерекше дүниетанымдық ілгерілеу құбылысы байқалды. XX ғасырдың орта тұсында басталған бұл құбылыс классикалық емес парадигмамен қоштасу және постклассикалық емес дискурсқа немесе постмодернизмге өту үдерісімен сабақтасып жатыр.

Профессор Б.Г. Нуржановтың пікірінше, постмодернизм тек өнердегі, әдебиеттегі немесе мәдениеттегі ағым ғана емес, ол гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарын қамтыған ерекше философиялық бағыт болып табылады. Бұны жаратылыстану ғылымындағы хаос, космология теориясынан да көруге болады. Постмодернизм – бұл белгісіздік жағдайы. Постмодернизм түсінігі өте күрделі, дискуссиялық түсінік. Қазіргі күнге дейін бұл бағыт туралы әр түрлі түсініктер бар. Негізінен белгілі философтардың түрлі ой-тұжырымдарынан постмодернизмге анықтама беруге болады. Бірақ бұл тұжырымдар бір-біріне қарама-қайшылықты болып келеді [15, 11].

Постмодернизмнің пайда болуы постиндустриалдық немесе ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тығыз байланысты.

Б.Х. Хамзеваның пайымдауынша, постмодернизмді XX ғасырдың соңында пайда болған ерекше дүниеге көзқарас деп түсіну керек. Оның басты айрықша белгісі плюрализм, яғни, бір мезгілде алуан түрлі көзқарастардың болатындығымен келісуіміз керек. Постмодер-

низм ХХ ғасырдың соңында кең етек алған алуан түрлі теориялардың жиынтығы постмодернистік дүниеге көзқарасты білдіреді. Бұл теориялар өздерінің алдына мына төмендегідей міндеттерді қояды: классикалық рационализм принциптерімен метафизикалық ойлаудың дәстүрлі бағыттарын сынау; қазіргі қоғамда болып жатқан процестерді түсіндіру; модернистік жобалардың енуіне салдар болған, ХХ ғасыр мәдениетте дағдарыстық құбылыстарды жеңуге қабілетті дүниеге көзқарастың жаңа негіздерін жасау [22, 81].

Постмодернизмнің көрнекті өкілі Умберто Эко «постмодернизм арнайы белгіленген хронологиялық құбылыс емес, ол рухани хал-ақуал. Бұл тұрғыдан қарағанда әр дәуірдің өзінің постсодернизмі бар деген пікірін білдірді» [23, 135]

Қазіргі таңда ең басты пікірталас модернизм мен постмодернизм арасындағы байланыс пен ерекшеліктерді анықтау аясында жасалып отыр. Сонымен қатар, постмодернизмді бөлек тарихи дәуір немесе мәдениеттің тарихи фазасы ретінде қарастыру мәселелері туындады. Постмодернизм ерекше мәдени жағдай немесе ерекше тарихи кезең болып табыла ма деген сұрақтар аясында пікірталастар орын алды [24, 350].

Постмодернизм ағымы геосаясаттың даму үрдісіне ерекше ықпалын тигізді. Постмодернизмге тән сыни көзқарас геосаясаттың негізгі тұжырымдарын қайта қарап, терең талдауға итермелеп отыр. Осыған орай геосаясатта да тың идеяларды тудырған сыншыл геосаясат деп аталатын жаңа бағыт дамыды, бұл бағыт дәстүрлі геосаясат ұстанған жаһандық тұжырымдардан бас тартты.

Дәстүрлі геосаясат бойынша, геосаясат ғылыми пән ретінде келесі алғышартқа сүйенеді, яғни, кеңістік – белгілі бір дәрежеде халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатты анықтай алады. Ал сыншыл геосаясат келесі мәселеге сараптама жасауға күш салды – нақты геосаяси түсініктер қалай қалыптасады. Осы сұраққа жауап іздеу барысында сыни көзқарастың өкілдері, мемлекеттің геосаясаты фундаменталды табиғи заңдар және кеңістіктік құрылым негізінде қалыптасқан жоқ деген қорытындыға келді. Сыни көзқарас өкілдерінің пікірінше, мемлекеттің геосаясаты – географиялық елестету, қиялдап жорамалдау және кеңістік мифтері негізінде, яғни идеалды әлем ықпалының негізінде қалыптасады. Осыған байланысты зерттеудің жаңа әдістерін қолдану қажеттілігі туындады, ол әдіс – дискурс, сараптама жасау әдісі болып табылады, ал бұл әдісті негізге алған геосаясат ағымын сыншыл геосаясат деп атау ұсынылды. [25, 152]

Сыншыл геосаясаттың қалыптасу кезеңі 1992 жылы Джерард О'Туатэйл және Джон Эгнью «Геосаясат және дискурс: сыртқы саясаттағы практикалық геосаясат тұжырымдары» еңбегінің жарыққа шығуымен байланысты. [26, 199]

«Сыншыл геосаясат» терминін – 1980 жылдардың аяғы 1990 жылдың басында Саймон Дэлби және Джерард О'Туатэйл қолданысқа енгізді. Бертін келе «Сыншыл геосаясат» ұғымы ағылшын-американ саяси географиясының жаңа бағытын айқындау үшін қолданылды. «Қырғи-қабақ соғысы» аяқталғаннан кейін жаһандық өзгерістерді ескере отырып, американдық және еуропалық ғалым-саясаткерлер геосаясатқа қатысты жаңа көзқарас қалыптастыруға талпынды.

Сыншыл геосаясат өкілдері дәстүрлі геосаясаттың ұстанатын әдісін сынға алды. Олардың ойынша, дәстүрлі геосаясат саяси картаға үстіртін түсінік береді, және европоцентризм, милитаризация идеяларын аса дәріптейді деді [27, 117].

Дәстүрлі геосаясатта ішкі-сыртқы, Батыс-Шығыс дихотомиясына ерекше мән берілетінін айта кетіп, сыншыл геосаясат ғалымдары «немесе» деген бөлектейтін, екі бағыттың қарама-қарсылық сипатын беретін сөздің орнына «және» деген тұтастықтың белгісі ретіндегі біріктіруші сөзін қолдану қажет деген пікірлерін ұсынды. Мысалы, ішкі немесе сыртқы, Батыс немесе Шығыс деудің орнына ішкі және сыртқы, Батыс және Шығыс деп айту абзал.

Джерард О'Туатэйлдың ойынша, формальды тұрғыдағы географиялық тұжырымдарды практикалық сипаты бар тұжырымдардан ажырата білу керек. Практикалық тұжырымдарды халықаралық саясатта ресми өкілдер, жауапты тұлғалар қолданады, және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілікке жария етіледі.

1990 жылдары геосаясат пәнаралық зерттеу бағдарламасына айналды. Осы бағдарлама шеңберінде төрт негізгі бағыттар анықталды (1-кесте) [28, 459].

	Бағыттары	Зерттеу объектісі	Айқындайтын тақырыптық мәселесі
1	Формалды геосаясат	Геосаяси ой және дәстүр	Жеке тұлғалар, ғалымдар, институттардың идеялары және олардың географиялық, тарихи, саяси, мәдени тұрғыдағы сипаты
2	Практикалық геосаясат	Мемлекетті басқару практикасы	Географиялық және саяси түсініктердің бейнеленуін, саяси практикада жүзеге асуын зерттейді

3	Көпшілік қауымдық геосаясат	Бұқаралық мәдениет, БАҚ және географиялық түсініктемелер	Геосаяси бейненің бұқаралық мәдениетке тигізетін ықпалы және қоғамда геосаяси стереотиптердің қалыптасуы
4	Құрылымдық геосаясат	Геосаясаттың қазіргі жағдайы	Жаһанданудың ықпалы, ақпараттандыру, жаһандық экономикалық өзгерістердің мемлекеттік басқаруға ықпалын қарастырады

Сыншыл геосаясат – саяси және географиялық концептерді дәстүрлі түсінуден бас тартты. Тек физикалық шекараларды, мемлекеттік билік институтын, сыртқы жағдайларды ескеретін дәстүрлі геосаясаттың зерттеу міндеттері шеңберінде шектелгісі келген жоқ. Сыншыл геосаясат әлеуметтік ғылымдар, жаһандану мәселелері, бірдейлік, егемендік мәселелерін қарастырады.

Сыншыл геосаясат дамуының жаңа сатысы Фил Келлидің сыншыл геосаясатқа сыни көзқарас атты еңбегінің жарыққа шығуымен байланысты болды [29, 25].

Мақалада дәстүрлі және сыншыл геосаясатқа әр түрлі өлшемдер бойынша салыстырмалы сараптама жасалды. Келли Ф. дәстүрлі геосаясатты қолдайды, алайда, ол екі бағыттың да қисындылығы, дәйектілігі бар екенін жоққа шығармайды. Оның ойынша, екі бағытты да кешенді түрде қарастырып талдау керек, сонда ғана геосаясатты географиялық тұрғыдан да және халықаралық қатынасатр зерттеулері тұрғысынан да қарастыру мүмкіндігі туындайды. Салыстырмалы сараптау үшін бағалаудың жаңа деңгейі қажет, яғни екеуін де теңдей қарастырып, бір бағыттың басымдылыққа ие болуына жол бермеу керек.

Джерард О'Туатэйлдың пікірінше, жаңа саяси ортаның құрылуына көптеген процестер әсер етеді, оған қоса, корпорациялар мен нарықтардың жаһандануы, ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың бірігуі, ұлттық үкіметтердің аумақсыздандыру үрдісі, детерриториализациясы жүріп жатыр, мемлекеттің бұрынғы сипаты жоғалады, яғни глокализация процесі қарқын алады [30, 167].

Ресей ғалымы А.Б. Елацков геосаясат концепцияларын сараптай келіп, геосаяси ойлардың даму барысын ғылыми геосаясат, геосаяси мифология, жалған ғылым және идеология тұрғысында қарастыруды ұсынады. Оның ұстанымы бойынша, ғылыми геосаясаттың маңызды бөлігі ретінде сыншыл геосаясат мифологияның және жалған ғылымның кең етек жайылуына тосқауыл қоя алады [31, 68].

Геосаясаттың ғылыми негіздеріне күмән келтірген ғалымдардың ішінде батыс өркенитеінің өкілдері де жетерлік. Оның ішінде белгілі қайраткер Дж. Сорос та бар, ол геосаясатқа жалған ғылым (spurious science) деген баға берді. [32, 47]

А.Б. Елацковтың тұжырымы бойынша, геосаяси мифология – бұл геосаяси идеяларды бейнелеуде және түсіндіру кезінде қолданылатын ұғым. Геосаяси мифологияның жағымды да жағымсыз аспектілері бар. Бұндай мифология әлем халықтарының көп бөлігіне тән нәрсе, ол халықты біріктіру идеологиясы ролін атқарады. Геосаяси мифология – саяси субъективизмнің бір көрінісі, сонымен қатар, геосаясаттың шынайы факторы болып табылады. Мысалы, егер де, теллуократия және талассократия дихотомиясын қате гипотеза деп есептеген жағдайдың өзінде, бұл дихотомияны сыртқы саясатта қолданысқа енгізсе, дихотомия мифі шынайылық сипатқа ие болады [31, 69].

Мифтерді құрастыру арқылы геосаяси шынайылықты өзгертуге болады. Соңғы жылдары дәстүрлі геосаясат негізінде жаңа геосаяси мифтер пайда болды. Геосаясаттың мифтік көзқарасының қалыптасуы мен дамуының өзіндік айшықтары бар. Бұндай көзқарастың қалыптасуына мемлекеттің, халықтың дүниетанымдық болмысының ерекшеліктері де ықпал етеді.

Қазақстандық ғалым Ә. Әлімжанованың пікірі бойынша, қазіргі мифтер – бұлар ерекше тектегі елестер мен жалған бейнелер, «мүлжар»». Егер ертедегі миф қауымдық адамның білім жоқ жағдайында қоршаған дүниені сол қалпында қабылдауына негізделсе, қазіргі миф ерекше технологиямен жасалған, шындық онда арнаулы рәміздермен бұрмаланған форма болып табылады. Қазіргі миф таным формасы емес, ал әлеуметтік басқару және көпшілікті манипуляциялаудың құралына жатады. Ол дүниені түсіндірмейді, керісінше, сана немесе бейсана фантомдарын құрастырып, «ерекше тектегі» симулакрумдарға сүйенеді. [33, 49]

Мифтердің қазіргі қоғамдағы орны мен ролі ерекше. Көп жағдайда мифтер адам санасына ықпал ету құралы ретінде де пайдаланылады, бұл үрдіс, әсіресе, саяси құрылымдарға тән болып табылады.

Зерттеуші ғалым Рамазанованың Ә. ойынша, қазіргі мифтер мазмұны мен сипаты жағынан ежелгі мифтерден айырмашылығы бар, алайда ежелгі мифтер сияқты бұқараның санасына ықпал ете алатын әлеуеті де жоғары. Әсіресе қоғамда үрдіс алған дағдарыс кездерінде мифтерге сенім арта түседі, бұл кезеңде бұрынғы құндылықтардың мәні жоғалып, жаңа құндылықтар енді ғана қалыптаса бастайды [34, 101].

Қазіргі уақытта геосаяси концепциялардың мифологиялық сипаты айқын көрініс табуда, бұл үрдіс АҚШ-тың сыртқы саясатында байқалады. Осы жағдайда саяси манипуляция құралы ретінде геосаясат маңызды күшке айналып отыр. Бүгінгі күні әр мемлекет өзіндік стратегиясын сыни тұрғыда шынайы геосаяси концепцияларын құруға ұмтылу керек. Сол үшін де геосаясаттың мән мағынасын сыни тұрғыда сүзгіден өткізіп, тиісті шешімдер жасау қажеттілігі туындайды. Геосаясатты идеология, миф және жалған ғылым тұрпатынан ажыратып шынайы ғылым ретіндегі өзіндік үлгісін құру керек.

Сонымен ой қорытсақ, геосаясат негіздерін зерделеп, сараптан өткізу тәуелсіздігіне қол жеткізіп отырған Қазақстан Республикасының даму жолындағы өзіндік концепцияларды қалыптастыруға, өзінің тиімді геосаяси стратегиясын құруға мүмкіндік беретіндігі айқын. Қазіргі әлеуметтік танымның ерекше даму үрдісі геосаясаттың әлеуметтік-философиялық қырларына талдау жасауға деген әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы танымдық ұмтылыстарды да арттырып отыр. Осы бағытта ғылыми ізденістер жүргізу жаһандық әлемнің жаңа геосаяси үлгілерін құрудың теориялық принциптері мен Қазақстан Республикасының болашақ даму жолын айқындауға септігін тигізбек.

Осыған байланысты келесі ұсыныстарды ортаға салғым келеді. Геосаясат концепцияларын жан-жақты талдап, сыни көзқарастағы тұжырымдарды сараптаудан өткізу арқылы «Геосаясат және жаһандану», «Геосаясат және ақпараттық қоғам», «Геосаясат және өркениет», «Геосаясат және идеология», «Геосаясат және мифология», «Геосаясат және геосаяси сананың қалыптасуы», «Қазақстан геосаясатының әлеуметтік-философиялық қырлары» және т.б. тақырыптар өрісінде геосаясаттың әр қырын ашып көрсететейін кешенді ғылыми ізденістер қажет. Бұл ғылыми зерттеулер геосаясаттың әлеуметтік-философиялық негіздерін қамтиды.

Осы тұрғыдағы зерттеулер Тәуелсіз Қазақстанның дербес геосаясатының тұжырымдарын жасауға, Қазақстан геосаясатының әлеуметтік-философиялық мәнін ашып көрсетуге, геосаясат идеяларын насихаттауда дұрыс көзқарас пен тұғырлы геосаяси сананы қалыптастыруға ықпалын тигізеді деген сенім білдіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мухаев Р.Т. Геополитика. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. – 623 с.
2. Монтескье Ш.Л. О духе законов // Антология мировой философии. В 4 т. – Т. 2. – М., 1970.
3. Сирота Н.М. Геополитика. – СПб.: Питер, 2006. – 176 с.
4. Исаев Б.А. Геополитика: Учебное пособие. – СПб.: Питер, 2006. – 384 с.
5. Нартов Н.А. Геополитика – М.: ЮНИТИ, 2004. – 359 с.
6. Богатуров А.Д. Понятие мировой политики в теоретическом дискурсе // Международные процессы. Том 2. – 2004. – №1. Январь – апрель. – С.16-33.
7. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций // Полис. – №1. – 1994. – С.33-45.
8. Кшибеков Д. Культура и цивилизация. Вообще и в частности. – Алматы: Карасай, 2009. – 224 с.
9. Дергачев В.А. Геополитика: учебник. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004. – 527 с.
10. Дергачев В. Цивилизационная геополитика (Геофилософия) Междисциплинарный учебник для вузов. Киев: ВИРА-Р, 2004. – 672 с.
11. Кефели И.Ф. Философия геополитики в контексте современного теоретического знания // <http://www.politex.info/content/view/186/30/>
12. Султанов К.С. Реформы в Казахстане и Китае. Особенности. Сходства. Различия. Успехи. Проблемы. – Астана: Елорда, 2000. – 472 с.
13. Лаумулин. М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. – Том I: Центральная Азия и Казахстан в современной политологии. Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005. – 704 с.
14. Құлсариева, А. Тәуелсіз Қазақстан идеясы – Жерұйық – Қазақстан // Қазақ альманағы = Казахский альманах. – 2010. – № 03 (07). – С. 27-35 – (Қазақ идеясы)
15. Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы: «Өнер», 2012. – 336 с.
16. Ó Tuathail, G., Critical geopolitics: the politics of writing global space. – Political Science. – New York. – 2009. – 314 pp.
17. O'Tuathail G., Agnew J. Geopolitics and discourse: practical geopolitical reasoning in American foreign policy // Political geography. – 1992. – Vol. 11. No. 2. – P. 190-204.
18. Klaus, D., Geopolitics: a very short introduction. Oxford University Press Inc., New York – Social Science – 2011 – 182 pp.
19. TÓ Tuathail, G., Dalby, S., The geopolitics reader. Paul Routledge – Social Science – London and New York – 2010 – 327 pp.
20. Chapman, B., Geopolitics : a guide to the issues. — (Contemporary military, strategic, and security issues) – London and New York – 2010 – 275 pp.
21. Kelly P. A critique of critical geopolitics // Geopolitics. – 2006. – Vol. 11. – No. 1. – P. 24-53.

22. Хамзеева Б.Х., Қазиева Ж.Н. Постмодернизм ұғымы нені білдіреді (талдау жасау) // ҚазҰУ хабаршысы. – 2011. – №2 (37). – 78–82 бб.
23. Эко У. Заметки на полях «Имени розы». М., – 1997. – 635 с.
24. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология в новом ключе: Учебное пособие. – Алматы, 2011. – 372 с.
25. Окунев И.Ю. Критическая геополитика и посткритический сдвиг в исследовательской парадигме геополитики / Окунев И.Ю. // Культурная и гуманитарная география. – 2012. – Т. 1, № 2. – С. 152-158.
26. O'Tuathail G., Agnew J. Geopolitics and discourse: practical geopolitical reasoning in American foreign policy // Political geography. – 1992. – Vol. 11. No. 2. – P. 190-204.
27. O'Tuathail G. Understanding critical geopolitics: Geopolitics and risk society // Journal of strategic studies. – 1999b. – Vol. 22. No. 2/3. – P. 107-124.
28. Dodds K. Political geography III: Critical geopolitics after 10 years // Progress in human geography. – 2001. – Vol. 25. No. 3. – P. 469-484.
29. Kelly P. A critique of critical geopolitics // Geopolitics. – 2006. – Vol. 11. – No. 1. – P. 24-53.
30. O'Tuathail G. The postmodern geopolitical condition: States, statecraft and security at the millennium // Annals of the Association of American geographers. – 2000. – Vol. 90. No. 1. – P. 166-178.
31. Елацков А.Б. Геополитика: наука и мифология // Ойкумена. – №1(16). – 2011. – С. 68-74.
32. Soros G. «The Capitalist Threat», The Atlantic Monthly; February 1997. – Vol.279. No.2. – P. 45-58.
33. Әлімжанова Ә. XX ғасырдағы қазақ эстетикасындағы үдерістер // Динамика эстетических ценностей художественной культуры казахского народа. – Алматы: Раритет, 2004. – 311 б. С. 46-56, 76-98.
34. Рамазанова А.Х., Куранбек А.А. Социальные мифы в аспекте современности // Вестник КазНУ. Серия философия. – 2012. – №1(38) – С.101-105.

Түйіндеме

Стратегия «Казахстан-2050»: новый этап развития Казахстана
Алмас Арзикулов – заведующий отделом ИРИД КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена основным направлениям, обозначенным в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия “Казахстан-2050”: новый политический курс состоявшегося государства», и перспективам реализации этой стратегической программы.

“Strategy Kazakhstan-2050”: a New Stage of Kazakhstan Development

Almas Arzikulov – Head, Department of Information and Editing, Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS)

The article deals with the Address to the Nation of the President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev «Kazakhstan-2050 Strategy: A New Policy of the Established State». The author discusses main points and prospects for the achievement of strategic goals set up in the program.

Глобальные инициативы Лидера нации – Первого Президента РК Н.А. Назарбаева

Булат Султанов – директор КИСИ при Президенте РК, доктор исторических наук

Благодаря глобальным инициативам Первого Президента РК Н.А. Назарбаева значительно вырос международный авторитет Казахстана как надежного члена мирового сообщества. У нашей страны сложилась прочная репутация лидера процесса разоружения и нераспространения оружия массового уничтожения, инициатора региональных и межрегиональных интеграционных проектов, модератора в диалоге культур, религий и цивилизаций.

**Global Initiatives of the President of the Republic of Kazakhstan,
Leader of the Nation, N. Nazarbayev**

Bulat Sultanov – Director, Kazakhstan Institute for Strategic Studies
under President of Kazakhstan (KazISS), Doctor of History

The President of the Republic of Kazakhstan, Leader of the Nation, N. Nazarbayev Global Initiatives contribute in Kazakhstan international credibility as a reliable member of world community. Kazakhstan has gained a strong reputation of disarmament and non-proliferation leader, originator of regional and inter-regional integration projects as well as moderator in a dialogue of cultures, religions and civilizations.

Политика развития языков малых народов Казахстана

Бекен Махмұтов – преподаватель КазНПУ имени Абая, доктор философии (PhD)

В статье рассматривается политика развития языков национальных меньшинств в Республике Казахстан. Автор раскрывает особенности межнационального взаимопонимания в полиэтническом государстве.

Small Nations Language Policy Development in Kazakhstan

Beken Makhmutov – Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Ph.D.

The article considers the policy of language development within national minorities in the Republic of Kazakhstan. The author clarifies the peculiarities of inter-ethnic understanding in a multilingual state.

Состояние религиозного пространства в стране и некоторые критерии предварительного прогноза

Нургиса Кушерев – религиовед

Статья посвящена вопросам распространения разных направлений религии в Казахстане в транзитный период, а также состоянию и перспективам развития религиозного пространства.

Religious Landscape and Criteria for Prospects

Nurgisa Kusherov – religious scholar

The article is devoted to the spread of different religious groups in Kazakhstan during the transition period as well as contemporary conditions and prospects for religious development.

Задачи, вытекающие из послания

Айжан Раушанова – докторант Кафедры политики и управления в здравоохранении Казахского национального медицинского университета им. С.Асфендиярова;

Асель Абирова – магистрант Кафедры политики и управления в здравоохранении Казахского национального медицинского университета им. С.Асфендиярова

В статье рассматривается современное состояние и проблемы модернизации системы здравоохранения Республики Казахстан. Показано, что эффективность

модернизации зависит от реализации ряда направлений, в том числе создании инновационной системы оплаты труда персонала, основанной на реальных тарифах на медицинскую помощь, развитии системы конкурентных взаимоотношений в здравоохранении, консолидации всех профессиональных и общественных медицинских организаций, проведении полноценной работы, основанного на организационно-экономической модели, предложенной Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым в ежегодном Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050» новый политический курс состоявшегося государства.

Address to the Nation: Tasks to Achieve

Aizhan Raushanova – Doctoral candidate, Department of policy and management in health care, S.Asfendiyarov Kazakh National Medical University;

Assel Abirova – Master student, Department of policy and management in health care, S.Asfendiyarov Kazakh National Medical University

The article is about current trends and challenges for Kazakhstan health care modernization. According to «Kazakhstan-2050 Strategy: A New Policy of the Established State», effectiveness depends on certain areas improvement, including the establishment of innovative system of staff wages, based on adequate rates of health care; development of competitive relationships in health care system, consolidation of all public health organizations in compliance with organizational and economic model, proposed by the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev in his annual Address to the people of Kazakhstan.

Государственная молодежная политика: состояние и перспективы

Жомарт Каратас – магистрант Жетысуского государственного университета имени И. Жансугурова по специальности «Государственное и местное управление»

В статье говорится о развитии государственной молодежной политики и роли неправительственных организаций в нем, о реализации запланированных стратегических направлений, становлении правовых, экономических, гражданских форм и этапах развития социальных условий.

State Youth Policy: Current Trends and Prospects

Zhomart Karatas – Master student, State and Local Government, I. Zhansugurov Zhetysu State University

The article is about national youth policies and role of NGOs, implementation of strategic directions, establishing legal, economic, civil framework as well as stages of social welfare development.

Система местного управления в РК и иностранный опыт

Айжан Кызылбаева – докторант Жетысуского государственного университета имени И. Жансугурова

Статья посвящена истории формирования системы местного управления в Республике Казахстан. А также в ней рассматриваются новые тенденции в са-

моуправлении на местах и положительные моменты применения иностранного опыта.

Local Government in Kazakhstan and International Experience

Aizhan Kyzylbayeva – Doctoral candidate, I. Zhansugurov Zhetysay State University

The article is devoted to history of establishment of local government system in the Republic of Kazakhstan. Also it explores new trends in local governance and positive aspects of international experience.

Основные направления и тенденции развития малого предпринимательства

Алмагул Утешова – старший преподаватель Казахско-русского международного университета, DBA

Предпринимательство является важным фактором экономического развития республики. Предпринимательская деятельность – необходимое звено, способствующее улучшению благосостояния народа, формированию конкурентоспособной экономики, ее модернизации и диверсификации.

В настоящее время в республике складывается тенденция увеличения численности предпринимательских структур, происходит формирование цивилизованного современного предпринимательства, способного устоять в конкурентной борьбе с субъектами крупного и среднего бизнеса и решать важные проблемы национальной экономики.

Основными факторами, сдерживающими развитие малого бизнеса в каждой отрасли, являются: ограниченность финансовых средств, выделяемых на поддержку предпринимательской деятельности, резкий скачок цен, низкий уровень конкурентоспособности местных предпринимателей.

Trends for Small Entrepreneurship Development

Almagul Uteshova – Senior Lecturer, Kazakh-Russian International University, DBA

Entrepreneurship is an important factor of economic development and an essential link, which promotes welfare, establishment of competitive economy, modernization and diversification.

Currently we observe increase in business structures quantity and establishment of civilized modern enterprises, capable of both standing competition with the subjects of large and medium businesses and overcoming challenges within national economy.

Key impediments to small business development include limited financial resources for entrepreneurial activity, prices spikes and low level of local business competitiveness.

Деятельность национальных компаний в обеспечении экономической безопасности

Кайракен Адиев – магистрант Казахского университета технологий и бизнеса

В статье рассматриваются проблемы обеспечения экономической безопасности, а также роль национальных компаний в этом вопросе. Экономическая без-

опасность является одним из основных элементов в обеспечении национальной безопасности.

National Companies to Promote Economic Security

Kairken Adiet – Master student, Kazakh University of Technology and Business

The article touches upon the challenges in economic security and the role of national companies in this regard. Economic security is the key element to ensure national security.

Стратегия вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира (исторический обзор)

Кундызай Еримбетова – ведущий научный сотрудник Института истории государства, кандидат исторических наук

В статье дается исторический обзор результатов и процесса реализации положений Стратегии вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира, озвученной в 2006 году в Послании Президента народу Казахстана.

Kazakhstan Strategy to Enter 50 most Competitive States of the World (historical review)

Kundyzay Erimbetova – Leading Research Fellow, Institute of State History, Candidate of History

The article provides historical overview of the implementation of Kazakhstan Strategy to enter 50 most competitive states of the world, articulated by the President of Kazakhstan Address to the Nation in 2006.

Из истории колонизации Горно-Алтайского округа середины XIX – начала XX веков

Гани Карасаев – заведующий отделом Института истории государства, доктор исторических наук, профессор

В статье на основе письменных исторических данных говорится о целях, итогах и последствиях для местного населения колонизации Алтайского края Российской империи в период середины XIX – начала XX веков.

History of Gorno-Altai District Colonization in the Mid-XIX – Early XX Centuries

Gani Karasayev – Head, Institute of State History, Doctor of History, Professor

The article is about goals, outcomes and consequences of Altai territory colonization for locals during the middle of the XIX – early XX centuries.

Развитие современных геополитических концепций и «критическая геополитика»

Динара Мырзабекова – докторант КазНУ имени аль-Фараби, магистр философии

Статья посвящена перспективам развития современных геополитических концепций. Обсуждается проблема критического подхода в геополитике. Также

рассматриваются ключевые особенности критической геополитики как важное направление в научной геополитике.

Contemporary Geopolitical Concepts and "Critical Geopolitics"
Dinara Myrzabekova – Doctoral candidate, Al-Farabi Kazakh National University, MPhil

The article is devoted to the prospects for cotemporary geopolitical concepts and the issues of a critical approach to geopolitics. The author outlines key features of critical geopolitics.



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ)

ҚСЗИ 1993 жылы 16 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған.

ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1. Сыртқы саясаттың стратегиялық аспектілері:

- ♦ көршілес елдердің ішкісаяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу;
- ♦ Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Түркиямен, ЕО және ТМД елдерімен екі жақты қатынастарын талдау;
- ♦ посткеңестік кеңістіктегі интеграция мәселелерін зерттеу;
- ♦ қауіпсіздік мәселелерін сараптау.

2. Бүгінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік үрдістер:

- ♦ Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси жағдайға мониторинг жүргізу;
- ♦ Қазақстанда саяси институттардың қалыптасуы мен демократиялану үрдістерін зерттеу;
- ♦ Қазақстандағы ағымдағы саяси жағдайды талдау.

3. Экономикалық қауіпсіздік:

- ♦ Қазақстан Республикасы экономикалық қауіпсіздік мәселелерін зерттеу;
- ♦ әлемдік экономиканың даму қарқынын зерттеу және оның Қазақстан экономикасына әсерін талдау;
- ♦ жаһандану мәселелерін және оның Қазақстанға ықпалын зерттеу;
- ♦ Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға мониторинг жүргізу.

4. Редакциялық-баспа қызметі:

- ♦ «Қазақстан-Спектр» ғылыми журналын басып шығару;
- ♦ «Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналын басып шығару (қазақ тілінде);
- ♦ «Central Asia's Affairs» сараптамалық журналын басып шығару (ағылшын тілінде).

ҚСЗИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Институт Қазақстанның сыртқы және ішкі саясаты, оның әлеуметтік-экономикалық дамуы сияқты стратегиялық мәселелер бойынша іргелі зерттеулер жүргізеді, ел басшылығы үшін болжама-талдау сипатындағы материалдар дайындайды.

Институт өз зерттеулерінің негізгі бағыттары бойынша семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, халықаралық форумдар өткізіп отырады.

ҚСЗИ шетелдердің ғылыми және талдау құрылымдарымен ынтымақтастық орнатқан, олармен Қазақстан мен Орталық Азия дамуының өртүрлі мәселелері бойынша халықаралық зерттеу жобаларын іс жүзіне асыруда.



Казахстанский институт стратегических исследований (КИСИ) при Президенте Республики Казахстан

КИСИ создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 г.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ КИСИ

1. Стратегические аспекты внешней политики:

- ♦ мониторинг внутривнутриполитического и социально-экономического развития сопредельных стран;
- ♦ анализ двусторонних отношений Казахстана с Россией, Китаем, США, Турцией, странами ЕС и СНГ;
- ♦ исследование проблем интеграции на постсоветском пространстве;
- ♦ изучение вопросов борьбы с терроризмом и экстремизмом.

2. Общественно-политические и социальные процессы в современном Казахстане:

- ♦ мониторинг общественно-политической ситуации в Республике Казахстан;
- ♦ анализ этнодемографической ситуации и миграционных процессов в Казахстане;
- ♦ исследование процессов демократизации и становления политических институтов в стране.

3. Экономическая безопасность:

- ♦ исследование проблем экономической безопасности;
- ♦ изучение тенденций развития мировой экономики и анализ их влияния на экономику Казахстана;
- ♦ исследование проблем участия Казахстана в международном экономическом сотрудничестве;
- ♦ социально-экономический мониторинг Республики Казахстан.

ФОРМЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КИСИ

Институт проводит фундаментальные исследования по стратегическим проблемам внешней и внутренней политики, социально-экономического развития Казахстана, готовит материалы прогнозно-аналитического характера для руководства страны.

Институт выпускает три ежеквартальных издания: научно-аналитический журнал «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), научный журнал «Казахстан-Спектр» и аналитический журнал «Central Asia's Affairs» (на английском языке), в которых освещаются проблемы внешней и внутренней политики, международных отношений, национальной безопасности, социальной и экономической политики Республики Казахстан, а также размещает материалы на собственном сайте.

Институт проводит семинары, конференции, «круглые столы», международные форумы по основным направлениям своих исследований.

КИСИ сотрудничает с зарубежными научными и аналитическими структурами, осуществляет международные исследовательские проекты по различным проблемам развития Казахстана и Центральной Азии.

Журналда басылатын қолжазбаларға қойылатын талаптар

Журнал «Қоғам және Дәуір»

Мақала мәтіні екі дана түрінде принтерден шығарылып (14 кегль, шрифт «Таймс», жол аралығы бірлік, парақ жиегі – әр жағынан 2 см) автордың (авторлардың) қолтаңбасымен бекітілуі тиіс. Әдебиеттер тізімі мәтін соңында түпнұсқа тілінде келесі тәртіппен көрсетіледі: реттік саны, автор, жұмыс атауы, дерек көзі, басылымның шығу айы мен жылы, басылу орны. Мәтіндегі сілтемелер төртбұрыш жақшалармен белгіленеді.

Басты материалмен бірге авторлық парақ ұсынылады, оған автордың (авторлардың) аты-жөні, жұмыс орны мен лауазымы, қызмет немесе жеке телефон нөмері кіреді.

Мақалалардың қолжазбасы қайтарылмайды және рецензияланбайды. Мақаланың мазмұнына автор жауапты. Редакция мақаланың жариялануы және қабылданбауы туралы шешімді өзіне қалдырады.